

1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБДРАХМАНОВА Қ.Ж.

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

оқу-әдістемелік құрал



Алматы 2018

ӘОЖ 811.512.122(075.8)

КБЖ 81.2Қаз-923

А

*Баспаға Алматы технологиялық университетінің
оқу - әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылған
(хаттама № 20 , « 06 » 06 2018 жыл)*

Пікір жазғандар:

Уайсова Г.И. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы
ҚазҰПУ профессоры

Мизанбеков С. Қ. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы
технологиялық университетінің доценті

А14 **Абдрахманова Қ. Ж.** **Қазақ тілі:** оқу-әдістемелік құралы.
Алматы: АТУ, 2018.- 165 б.
ISBN 978-601-263-450-1

Қазақ тілінен ұсынылып отырған бұл оқу-әдістемелік құрал техникалық жоғары оқу орындарының 5В050800КК(0)2201 «Есеп және аудит» мамандығы студенттеріне кәсіби деңгейде білім беруге арналған.

Оқу-әдістемелік құрал ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Қазақ тілі» пәнінің типтік бағдарламасына негізделген және оқу материалдары кәсіби білім беру мамандығына арналған тақырыптарға сәйкестендіріле берілді.

ӘОЖ 811.512.122(075.8)
КБЖ 81.2Қаз-923

ISBN 978-601-263-450-1

© Абдрахманова Қ.Ж. 2018
© РББ АТУ, 2018

Мазмұны

Мазмұны	3
1. Алғысөз	4
2. Экономикалық терминология негіздері. Сөздің дәлдігі.. Іскерлік әлемі	5
3. Экономикалық терминдер және олардың жасалу жолдары	16
4. Ресми іс қағаздар тілінің нормасы. Орфография туралы мәлімет	25
5. Сөйлеу мәдениеті. Орфоэпия. Сөз байлығы. Іскерлік кездесулер	35
6. Сөздің қисындылығы. Келіссөз жүргізу әдебі	46
7. Дипломатиялық әдеп	56
8. Мамандыққа байланысты лексика. Компания (фирма) тұсаукесері	65
9. Құжатты рәсімдеу, жұмысқа қабылдау.рәсімдеу. Фирма жарғысы, оны рәсімдеу	74
10. Мадақтау, сынау, құттықтау, қанағаттанбау, ризашылық білдіру әдебі. Жиналыс, мәжіліс, отырыс өткізуге байланысты лексика	81
11. Бейвервальдық тілдік қатынас құралдары іскерлік кездесулер	91
12. Кәсіби сөздер мен терминдер. Табыс. Шығын	102
13. Салық комитетінде. Әдеби тіл нормалары	113
14. Стилистикалық тіл нормаларының өзіндік ерекшеліктері	124
15. Ойды дәлелдеу. Іссапарда. Сөздің қисындылығы	134
16. Баяндама, есеп беру үлгілері. Сөздің тазалығы	145
17. Қосымша материалдар	156
18. Әдебиеттер	165

АЛҒЫСӨЗ

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңын және ҚР Үкіметінің мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатындағы бұл оқу құралы экономикалық факультеттерге арналған. Ал экономист, бухгалтер, қаржыгерлер үшін өз мамандығына байланысты терминдер мен сөздік қолданыстарды мемлекеттік тілде түсініп, айта білу – бүгінгі заман талаптарының бірі.

Оқу- әдістемелік құрал ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Қазақ тілі» пәнінің типтік бағдарламасына негізделген. Оқу құралының материалдары кәсіби білім беру мамандығына арналған тақырыптар бойынша берілді.

«Кәсіби қазақ тілі» оқу-әдістемелік құралының мақсаты – бүгінгі күн талабына сай, студенттерге қазақ тілін сөйлеу құралы ретінде емін-еркін меңгертіп, ауызша, жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту. Сондай-ақ, кәсіби терминдермен, сөздікпен, мәтіндермен жұмыс істеуге үйретіп, мамандық тілінде сөйлеуге машықтандыру. Еңбек болашақ кәсіптік білім беру мамандығы тілінде қазақша сөйлетуге бағытталғандықтан негізгі назар лексикалық материалды меңгертуге арналған. Жаттығулар екі тілде беріліп, тақырыпқа орайластыра қанатты сөздер мен мақал-мәтелдер де енгізілген. Әрбір тақырыпқа байланысты берілген сұрақтар мен тест тапсырмалары өтілген материалдардан алған білімді анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл оқу құралында студенттердің оқытушымен біріге істелетін (СОӨЖ) және олардың өз бетінше орындалатын жұмыстарына (СӨЖ) да тапсырмалар берілген. Материалдар кәсіптік білім беру саласына байланысты 15 тақырыпқа топтастырылған, сол тақырыптар аясында қажетті лексикалық және грамматикалық минимум толық қамтылған.

1. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ. СӨЗДІҢ ДӘЛДІГІ. ІСКЕРЛІК ӘЛЕМІ.

Сабақтың мақсаты. Терминология ғылымы туралы мәлімет беру. Тұрмыстық қарым-қатынаста әдеби тілдің нормаларын сақтап, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, ой бөлісе отырып, ой – пікір, сөз еркіндігіне баулу, кәсіби қатысымдық құзыреттілігін дамыту.

Тірек сөздер: іскерлік, кәсіпкер, капитал, еңбек ресурстары, ынталылық, кәсіпорын коммерция, өндірістік технология, тәуекел, инновациялық шешім, ресурстар, өтем, экономикалық пайымдау, тұтынушы, әріптес, дәлдік, ақпарат, ақпараттық жүйе, жобалау, дерекқор (деректер базасы), сараптау, келісімшарт.

1. Мәтінді оқыңыз. Терминология туралы өз білгеніңізбен мәтінді жалғастырыңыз.

I. Экономикалық терминология негіздері.

Тіл тірі организм іспетті. Әсіресе ғылыми техникалық прогрестің барынша қарқынды даму сатысына көшкен бүгінгі таңда тіліміздің терминологиялық жүйесінде күн сайын жаңа түсінік, ұғым арқалаған сөздер туындап отырады. Мұндай сөздер баспасөз, радио, теледидар тілінен, әр алуан ғылым салаларының терминологиялық жүйесінен байқалады. Сондықтан да термин жасауды қалыптастырып, реттеп, терминологияны жүйелеу қажет.

Терминология – терминдер жиынтығы.

1910-1930 жылдар аралығында үстемдік етуші орыс тілінің мүддесі көзделіп, термин жасау мен шет тілдер сөздерін қабылдауда өзге ұлт тілдерінің ерекшелігі ескерілмеді. Ұлт тілінде термин жасауға еркіндік берілмегендіктен тіліміз термин қабылдағыш тілге айнала бастады.

1990 жылдардан бері қарай ұлттық ғылыми терминологияны дамытудың жаңа принципін жасау қолға алынды. Көптеген жаңа терминдер жасалып, қолданысқа ене бастады. Қазіргі терминологияда халықаралық деп аталатын терминдерді қазақшаға аудару, жазу, қабылдау және көптеген терминология комиссиясы бекіткен сөздердің қазақша баламасы бола тұра тұрақты қолданылмай немесе шет тілдегі нұсқасы жарыса қолданылып жатады. Мысалы: мәртебе (*статус*), сынып (*класс*), мәтін (*текст*), әлеует (*потенциал*). Ал кейбір терминдер түрліше аударылып, әртүрлі қолданылуда. Мысалы: *спонсор – демеуші, мияткер, қолдаушы, ткань – ұлпа, тін, клетка – жасуша, торша* т.б. Осы мәселелерді арнайы зерттеп, тиісті қорытынды шығарудың терминология үшін маңызы зор.

А. Байтұрсынов айтқандай, тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару екінің бірінің қолынан келе бермейді.

II. Сөздің дәлдігі

«Жақсы шешен болу үшін жан-жақты білім керек» Цицерон

Не сөйлейтініңді біл,
Кімге сөйлейтініңді біл,
Қай жерде сөйлейтініңді біл,
Қай кезде сөйлейтініңді біл,
Қалай сөйлейтініңді біл.

Бөлтірік шешен

Сөз мағынасын жақсы білген адам сөзді орнымен жұмсай алады. Сөйлеуші сөздердің тура мағынасын, көп мағыналылығын, синонимдік, антонимдік, омонимдік қасиеттерін кең түрде пайдаланумен бірге, сөздерді ауыспалы мағынада, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді қыбын тауып қолдана білген жөн. Сонда айтпақ ойың діл әрі түсінікті болады.

Іскерлік (тапқырлық) кәсіпкердің бір-бірімен байланысты 4 қызметі арқылы сипатталады. Олар:

❖ кәсіпкер жер, капитал және еңбек ресурстарын өндіріс пен қызмет үдерісінде ұштастыру үшін өз тарапынан ынталылық білдіре отырып, оларды өз қолына алады;

❖ кәсіпкер бизнесті ұйымдастыру және жүргізу үдерісінде кәсіпорынның әрекет ету бағытын және оның тиімді жұмыс істеуін анықтайтын негізгі шешімдерді қабылдау үшін өзіне міндеттеме алады;

❖ кәсіпкерлер – жаңашыл коммерциялық негізде жаңа өнімдер, жаңа өндірістік технология және тіпті бизнесті ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізуге ынтасы зор адамдар;

Іскерлік әлемі

Көптеген табысқа жеткен кәсіпкерлердің білімі орташа болған, бірақ бұл құлшына үйренбеген адам да табысқа жете алады дегендік емес. Есінде болсын, сенің біліміңді ешкім тартып ала алмайды. Адам білімсіз де кәсіп жарата алады, бірақ оны дамыта алмайды. *Джек Ма*

Кәсіпкерлік орта ғасырдан бері дамып келеді.

Кәсіпкерлік теориясының негізін ғасырда Ф.Кэне, А. Смит, Ж:Б: Сэй, Шумпетер Ф. Хайек, А. Чаянов т.б. салған.

Кәсіпкерлер – тәуекелге бел буған адамдар.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: кәсіпкер өз уақытымен, еңбегімен, тіпті өзінің іскерлік атағымен де тәуекелге барады.

Кәсіпкерлік арқылы жұмыссыздық жойылады, инфляция тежеледі, баға тұрақтанады. Кәсіпкерлік – істің қозғаушы күші, мол пайда табу.

Кәсіпкер – бұл кез келген мүмкіндікті ең жоғары тиімділікпен қолданады.

Г. Друкер

Кәсіпкер – жаңашыл, жаңа технологияны жасайды. *И. Шумпетер*

Кәсіпкер өз қызығушылығын ойлайды, өзінің жеке табысын іздейді.

А. Смит

Кәсіпкер – бұл бастама көтеруші адам.

А. Шануро

2.

❖ Кәсіпкердің бір-бірімен байланысты іскерлік (тапқырлық) 4 қызметі қандай?

❖ Кәсіпкер деп қандай адамды айтады?

❖ Белгілі кәсіпкерлерді атаңыз.

❖ Өзіңіз жүрген жерде сіз танитын кәсіпкер бар ма? Ол туралы не білесіз? Өңгімелеңіз.

❖ Өз ісіңізді ашқыңыз келе ме?

Қандай іспен айналысу тиімді деп ойлайсыз?

❖ Кәсіпкерлік теориясының негізін салған кімдер?

3. СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Мамания мектебін ашып, халықты сауаттандырған Тұрысбек Маманұлы ХХ ғ. Жетісудағы ірі байлардың бірі еді. Бұқараға кіре тартып, саудамен айналысқан. "Мамания оқу қалашығын" салып, халықты жаппай сауаттандырған. Алаш қайраткерлеріне қаржылай демеушілік жасаған. Алғашқы қазақша романға бәйге тіккен. Шет елде оқыған қазақ жастарына степендия беріп тұрған. Тіпті, артылғанын Швейцария банкасында жинаған.

«СӨЗ ДӘЛДІГІН САҚТА» – ПІКІРЛЕСУ.

❖ Тұрысбек Маманұлы қандай кәсіпкер?

❖ Оның кәсіпшілігі туралы тағы не айтуға болады?

❖ Ежелгі кәсіпкерлерден тағы кімді білесіздер? Ғаламтор желісін пайдаланып, сұраққа жауап іздеңіздер.

❖ Қазіргі заман кәсіпкерлерін салыстырып көріңіздер.

❖ Сіздің отбасыңызда кәсіпкер бар ма? Болса ол қандай кәсіппен шұғылданады.

СӨЗДІК ЖҰМЫСЫ

4. Қазақшаға аударып, жазып алыңыз.

Личные качества бухгалтера

- Усидчивость;
- Внимательность;
- Аналитические способности;
- Устойчивость к монотонной работе;
- Плановость работы;
- Оперативность;
- Стрессоустойчивость;
- Низкая утомляемость;
- Обучаемость.

ОЙ СЕРГІТУ

5. Суретке қарап, тұрақты сөз тіркестерінің қазақша баламасын айтып көріңіз. Мағынасын түсіндіріңіз.



6. Мәтінді оқыңыз, кәсіби сөздерді табыңыз. Өз кәсібіңізге байланысты өлеңді жаттап алыңыз.

Бухгалтер – мәртебелі мамандық

Бүгінгі күні бухгалтер мамандығы— үнемі сұранысқа ие мамандық. Бухгалтер, кез- келген ұйымың кірісі мен шығысын есептейтін

маман. Егер сіздің математикалық қабілетіңіз болса, барлық уақытыңызды есеп – қисапқа арнап, төзімді болсаңыз, онда Сіз бухгалтерлік есеп саласының ең таңдаулы маманы болатыныңыз сөзсіз. Кез- келген кәсіпорынды, бала бақшадан бастап, мұнай өңдейтін концернге дейін бухгалтердің көмегінсіз көзге елестете алмаймыз. Тіпті штатта екі адам болса, оның біреуі- бухгалтер болатыны сөзсіз.

Демей егін, мал қалды-ау
Жаның тыныш жай тауып.
Отырмысың, есен-сау
Көлеңкеде шот қағып.
Кіріс, шығыс есептеп,
Сандары сөйлер кесектеп,
Есепші деген мамандық,
Сандарды жүрер жетектеп.
Ел ауқатын көтеріп,
Ерлікті істер етелік
Есепшіге зор құрмет
Ететін күнге жетелік.

Гафу Қайырбеков «Есепші»

7. Сұхбатты рөлдерге бөліп оқыңыздар, кәсіби сөздерді жаттап алыңыздар. Толымды сөйлемдер мен толымсыз сөйлемдерді анықтаңыздар.

-Сәлем, Асқар!

-Қалайсың, Сабыр?

-Халым жақсы. Оқуды бітірдім. Сен ше? Оқуыңды бітірдің бе? Сен қай оқу орнына түскен едің?

-Мен Алматы технологиялық университетінің «Есеп және аудит » факультетін үздік дипломмен бітірдім.

- Жақсы болған екен, құттықтаймын, мамандығың қандай?

-Бухгалтермін.

-Жарайсың, сен үшін қуаныштымын. Жұмысты қайтпексің?

- «Адал» сүт өнімдері заводына бухгалтер болып орналастым.

-Ағылшын тілін еркін білетін бе едің?

-Иә, еркін сөйлеймін, ағылшын тілінен мектепте алған білімімді университетте жалғастырып дамыттым. Онда ұлағатты ұстаз Затқызы Роза апайым сабақ берді. Апайыма да рақмет.

-Өте тамаша екен, алдағы өміріңе сәттілік тілеймін.

-Рақмет! Өзің ше? Сен де ҚазҰУ-ті бітірген боларсың, бір жылы түсіп едік қой.

-Иә, бітірдім.

-Мамандығың ше?

-Мамандығым – қаржыгер, бірнеше жұмыс орнына түйіндемеменді өткіздім.

Шақыртуларын күтіп жүрмін.

-Бәрежелді, өтіп кетуіңді тілеймін!

-Сау бол, кездескенше! Жұмысқа кірген соң, кездесейік!

-Міндетті түрде кездесеміз.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС. (Әр топ мәтінді оқып, оны өз ойларымен әрі қарай жалғастырады).

8. Кәсіпкерлік іскерлердің ғана қолынан келеді. Олай болса, төмендегі мәтінді оқыңыз да, есіңізде сақтаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз, СӨЗ ДӘЛДІГІН есте сақтаңыз. Қарамен жазылған сөздермен, сөз тіркестерімен сөйлемдер құрыңыз.

I. Жәрмеңкелер. Қазақстанның экономикалық дамуының айқындаушы факторлардың бірі жәрмеңкелер болды. Қазақстанда ең бірінші жәрмеңке 1832 ж. Бөкей ордасында ашылды. XIX ғасырдың 40-жылдарында пайда болған жәрмеңкелік сауда кеңінен дамып, XIX ғасырдың 80-90-жылдары Қазақстандағы сауданың басты түріне айналды. Ірі жаздық жәрмеңкелерден бөлек ұсақ күздік жәрмеңкелер де болды. **Жәрмеңкелерде** қазақтар саудаға шығарған ең басты өнімдері: ірі қара мал, қой, жылқы, ешкі, түйе, тері, тоң май, жүн, қыл, ішек өнімдері, сонымен қатар мал шаруашылығы өнімдері: киіз, шекпен, ер тоқым, жергілікті аяқ киімдер және т.б. заттар болды. Жәрмеңкелерге сонымен қатар нан тауарлары да түсті. Ресейден жәрмеңкелерге негізінен фабрика-заводтан шыққан **тауарларды** – мақта, шұға және жүннен тоқылған маталар, галантереялық, москательді тауарлар, металл, былғары және ағаштан жасалған бұйымдар, шишадан және фарфордан жасалған ыдыстар, шай, құмшекерді әкеліп сатты. Жәрмеңкелерде сонымен қатар, Орта Азиядан әкелінген, азиялық деп аталатын тауарлар да болды – халат, көрпе, кілем, мақтадан және жібектен тоқылған маталар, кептірілген жемістер және т.б. Осылайша, жәрмеңкелерде, Қазақстан мен Ресей арасындағы сауданың отарлы сипаты көрініс берді – Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімдері ресейлік өнеркәсіптік бұйымдарға айырбасталды.

II. Қазақ көпестерінің арасында егін шаруашылығы мен мал шаруашылығымен қоса саудамен айналысқан ірі байлар да болды. Мысалы, Жарасбаев (Перовск уезі) мыңғыртып мал айдаған, **дәулетті адам** еді. Оның ұлдары Қызылорда және Қостанай болыстарын басқарды. Олардың әрқайсысы 500-1000 түйе, 1500-2000 бас қойға ие болды. **Жалданбалы жұмысшылардан** өзге, олармен бірге тұрақты түрде 15-20-дан астам тәуелді кедей шаруалар көшіп-қонып жүрді. Жарасбаевтар бір мезгілде ірі саудамен және өсімқорлықпен айналысты. Олар малмен сауда жасаушы бай кәсіпкерлер болып саналды .

III. Қазақстанның оңтүстігінде сауда ісімен айналысқан әйгілі көпестердің бірі Н.И. Иванов болды. Н.И. Иванов Түркістан аймағында «Орыс сауда және өнеркәсіптің алғашқы пионері» деген атқа ие болды. А.И. Добросмысловтың мәліметінше, Н.И. Иванов Қазалыға 1865 ж. небары 3-4 мың теңгемен келген. Ол мұнда астық, арақ сатып, шенеуніктер мен орыс қоныстанушыларын қамтамасыз етті және жергілікті әскери бөлімге қажетті тауарларды тасымалдады. 1879 ж. Жетісуға қоныс аударып, сауда-саттығын жалғастырып, нәтижесінде үлкен

байлыққа ие болды. Н.И. Иванов Қазақстанның оңтүстік аймағының қалаларында және Түркістанда өзінің кәсіпкерлігін кеңейтті. Оның Қазалы қ.-да – 15 мың шелек, Перовскіде – 25 мың шелек, Әулиеатада – 25 мың шелек, Верныйда- 70 мың, Тургенъде – 10 мың шелек сыра қайнататын заводтары болды.

IV. Өлкеде алғаш рет қант қызылшасы өндірісімен айналысуды 1880 ж. кәсіпкер Громов, кейіннен 1887-1890 жылдары кәсіпкер Савинков қолға алды. 1889 ж. бұл істі инженер- полковник Иванов «Түркістан ауыл шаруашылығы және **өнеркәсіптік серіктестігін**» құру арқылы қолға алды. Бірнеше тәжірибелерден соң, 1904 ж. Ортаазиялық теміржол маңындағы Кауфман бекетіне жақын жерде қант зауытын салып, аймаққа қант қызылшасын егуді бастады (Қауыншы қант заводы). Сөйтіп, далалықтар жаңа егін мәдениетін тез меңгерді.

V. Балық аулау кәсібі. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтар балық аулау кәсібімен тек өз қажеттіліктері үшін айналысты. Арал теңізі аймағындағы балық аулау шаруашылығы XIX ғасырдың I жартысында өркендей бастады. 1847 жылдың басында Орынборда Арал теңізінде балық аулауға арналған екі моторлы кеме құрастырылды. 1852 ж. 2 қарашада Арал бекінісіне Швецияда арнайы тапсырыс бойынша жасалған кемелер келді. Бұл кемелер **балық аулау** кәсібінің дамуында маңызды орын алды. 1847 жылдың өзінде-ақ Деев деген көпестің бастауымен Қазалы уезінде балық аулау кәсібінің дұрыс жолға қойылғаны тарихтан белгілі.

VI. 1886 ж. Қазалы қ. тұратын қазақ Қарақұлов **жібек құртын** тәжірибе жүзінде өсіріп, олардан бірнеше **жібек жіптерінің** орамаларын алды. Бұл жібек құртын өсіру кәсібінің Қазақстанның оңтүстігіндегі ең алғашқы тәжірибе жүзіндегі қадамдары еді. Бұл кәсіппен 1895 ж. алғаш рет Шымкент және Әулиеата уезінің тұрғындары да айналысты.

VII. Шарап өндірісі. Тамақ өнеркәсібінің келесі саласы **шарап** дайындау өндірісі болды. Жүзім дақылын Сырдария облысында негізінен Шымкент, Ташкент уездерінде өсірді. Сырдария облысында жергілікті халық **жүзім өсіру** кәсібімен орыстар келгенге дейін де айналысты, бірақ дұрыс жолға қойылған жүзім өсіру шаруашылығы тек XIX ғ. 70- жылдарынан бастап пайда болды. Бұл істі бастаған Н. Первушин мен Н.И. Иванов еді.

9. Әңгіменің мазмұнына көңіл бөліңіз. Қарамен жазылған сөзге мән беріңіз. Сұхбаттағы сөйлеу әдебі туралы не айтар едіңіз?

Аппақ сақал қараңғыда айдай боп көрінеді

Бөлтірік ауылының бір кісісі ұрлыққа түсуін қартайғанша қоймапты. Ұрлық болғанда біреудің ұсақ-түйегін жымқырып кете береді екен. Бір күні түнделетіп Бөлтірік шешен көрші ауылдағы тойдан келе жатса, әлгі шал ұшырай кетеді. Оны танып қалған Бөлтірік:

- Түнделетіп неғып жүрсің? – десе, анау:
- Жай, әшейін, Бөлтеке, – деп қипақтайды.
- Арқалап алғаның не?

- Қауын-қарбыз еді.
- Оны қайдан алдың?
- Мына ауылдың қауыны пісіп жатыр екен, содан ала салдым.
- Ұрлап алғаның жарамайды ғой, ақсақал.
- Қараңғыда кім көрер дейсің?
- **Аппақ сақал қараңғы түнде айдай көрінеді.**
- Қап, мына сөзің өңменімнен өтті-ау, енді қойдым, қойдым!-депті.
- Сол-сол екен , әлгі ақсақал ұрлық қылуын пышақ кескендей қойып кетіпті деседі ел.

Нұржігіт Айдархан

СОӨЖ.

Сабақтың мақсаты: Сөз қолданыстағы дәлдік туралы ұғымдарын қалыптастыру арқылы сөйлей білудің шеберлік екендігін ұғындыру. Шешен сөйлеудің мәнерін игеруге ынталандыру. Ой белсенділігін дамыту, шығармашылық ізденіске бағыттау.

«Бухгалтер – мәртебелі мамандық» – шығарма.

СӨЖ. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жүйесі туралы тұсаукесер дайындау.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

ТЕСТ

1. Бухгалтер –

- А. бюджет, салық, ақша, несие, баға және кеден саясатын қамтитын маман..
- Ә. ол қоғамдық мұқтаждарды қанағаттандыратын маман..
- Б. білім беретін маман.
- В. кез- келген ұйымың кірісі мен шығысын есептейтін маман.
- Г. қаржы арқылы еңбекке ақы төлейтін маман..

2. Экономикалық мақалды табыңыз.

- А. Теңге тиыннан құралады.
- Ә. Ас – адамның арқауы.
- Б. Еңбек етсең емерсің.
- В. Сыйласаң, сиымды боласың.
- Г. Ана – ардақты ат.

3. «Кәсіпкер – бұл кез-келген мүмкіндікті ең жоғары тиімділікпен қолданады» деген кім?

- А. А.Шапиро
- Ә. И. Шумпетер
- Б. А. Смит
- В. Г. Друкер
- Г. И. И. Иванов

4. Кәсіпкерлер қандай адамдар?

- А. Оқыған
- Ә. Білімді
- Б. Нарықты зерттеген
- В.Тәуекелге бел буған адамдар

Г. Тәуелсіз .

5. Тұрысбек Маманұлы кім.?

А. Ғалым

Ә. Ұстаз

Б. Дәрігер

В. Кәсіпкер

Г. Қаржыгер

6. Сөз мағыналарын жақсы білген адам сөзді ... жұмсай алады.

А. Асығыс

Ә. Тез

Б. Орынсыз

В. Дұрыс

Г. Орнымен

7. Кәсіпкерлік теориясының негізі қай ғасырда салынған?

А. X ғ.

Ә. XIX ғ.

Б. XVIII-XIX ғ.

В. III ғ.

Г. XI ғ.

8. Кәсіпкерлік теориясының негізін кімдер салған?

А. Ф. Кенэ

Ә. А. Смит

Б. Ж.Б. Сэй

В. Ф. Хайек

Г. Барлығы

9. Орысша баламасын табыңыз. Жатқан тауар пайда әкелмейді.

А. На что спрос, на то и цена, на что спрос, то и дорого.

Ә. Прибыль с убылью в одном дворе живут.

Б. Лежачий товар не кормит.

В. Без ума торговать – только деньги терять.

Г. Счет не обманывает .

10. Қазақстанда ең бірінші жәрменке қай жылы ашылды?

А. 1830 ж.

Ә. 1832 ж

Б. 1840 ж.

В. 1845 ж.

Г. 1849 ж.

11. Қазақстанда ең бірінші жәрменке қай жерде ашылды?

А. Сайрамда.

Ә. Түркістанда.

Б. Жетісуда

В. Бөкей ордасында

Г. Семейде.

12. Бухгалтер қандай болу керек?

А. Өжет

- Г. Әнші
- Б. Спортшы
- В. Математик
- Г. Шешен

13. Терминология – ... жиынтығы.

- А. Қаржы
- Ә. Сөздіктер
- Б. Терминдер
- В. Тұрақты тіркестер
- Г. Мақалдар

14. Кәсіпкерлік арқылы

- А. Баға тұрақтанады
- Ә. Инфляция тежеледі.
- Б. Жұмыссыздық жойылады
- В. Табыс молаяды.
- Г. Барлығы дұрыс.

15. Қай жылдардан бері қарай ұлттық ғылыми терминологияны дамытудың жаңа принциптерін жасау күн тәртібіне қойылды?

- А. 1995
- Ә. 1990
- Б. 1986
- В. 2000
- Г. 1996

16. Предприниматель сөзінің қазақша баламасы қалай?

- А. Іскер
- Ә. Әдіскер
- Б. Жұмыскер
- В. Әскер
- Г. Кәсіпкер

17. Тіл білімі саласын зерттеуші ғалым кім?

- А. Қ.Сәтпаев
- Ә. М. Жұмабаев
- Б. А. Байтұрсынов
- В. С. Сейфуллин
- Г. М. Әуезов.

18. Экономикалық терминді табыңыз.

- А. Синтаксис
- Ә. Сөйлем
- Б. Энергия
- В. Несие
- Г. Ағза

19. Орысша баламасын табыңыз. Жақсы зат арзан болмайды.

- А. Лучше торговать, нежели воровать.
- Ә. По товару и цена.
- Б. Хороший товар сам себя хвалит.

В. Хорошо дешево не бывает.

Г. Не солгать, так и не продать.

20. Қаржыға байланысты мақалды табыңыз.

А. Қонақ аз отырып, көп сынайды.

Ә. Ерінбеген етікші болады.

Б. Еңбек етсең емерсің.

В. Асың барда ел таны, беріп жүріп, атың барда жер таны желіп жүріп.

Г. Үнемшілдік – сараңдық емес.

СОӨЖ

Сабақтың мақсаты. Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөздік қорын молайту, кәсіби құзыреттілігін дамыту.

1. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз. Өзіңіз жалғастырыңыз. Кәсіби сөздерді теріп жазыңыз.

Жәрмеңкелер. Қазақстанның экономикалық дамуының айқындаушы факторлардың бірі жәрмеңкелер болды. Қазақстанда ең бірінші жәрмеңке 1832 ж. Бөкей ордасында ашылды. XIX ғасырдың 40-жылдарында пайда болған жәрмеңкелік сауда кеңінен дамып, XIX ғасырдың 80-90-жылдары Қазақстандағы сауданың басты түріне айналды. Ірі жаздық жәрмеңкелерден бөлек ұсақ күздік жәрмеңкелер де болды. Жәрмеңкелерде қазақтар саудаға шығарған ең басты өнімдері: ірі қара мал, қой, жылқы, ешкі, түйе, тері, тоң май, жүн, қыл, ішек өнімдері, сонымен қатар мал шаруашылығы өнімдері: киіз, шекпен, ер тоқым, жергілікті аяқ киімдер және т.б. заттар болды. Жәрмеңкелерге сонымен қатар нан тауарлары да түсті. Ресейден жәрмеңкелерге негізінен фабрика-заводтан шыққан тауарларды – мақта, шұға және жүннен тоқылған маталар, галантереялық, москательді тауарлар, металл, былғары және ағаштан жасалған бұйымдар, шишадан және фарфордан жасалған ыдыстар, шай, құмшекерді әкеліп сатты. Жәрмеңкелерде сонымен қатар, Орта Азиядан әкелінген, Азиялық деп аталатын тауарлар да болды – халат, көрпе, кілем, мақтадан және жібектен тоқылған маталар, кептірілген жемістер және т.б. Осылайша, жәрмеңкелерде, Қазақстан мен Ресей арасындағы сауданың отарлы сипаты көрініс берді – Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімдері ресейлік өнеркәсіптік бұйымдарға айырбасталды.

II. Қазақ көпестерінің арасында егін шаруашылығы мен мал шаруашылығымен қоса саудамен айналысқан ірі байлар да болды. Мысалы, Жарасбаев (Перовск уезі) мыңғыртып мал айдаған, дәулетті адам еді. Оның ұлдары Қызылорда және Қостанай болыстарын басқарды. Олардың әрқайсысы 500-1000 түйе, 1500-2000 бас қойға ие болды. Жалданбалы жұмысшылардан өзге, олармен бірге тұрақты түрде 15-20-дан астам тәуелді кедей шаруалар көшіп-қонып жүрді. Жарасбаевтар бір мезгілде ірі саудамен және өсімқорлықпен айналысты. Олар малмен сауда жасаушы бай кәсіпкерлер болып саналды .

СӨЖ

1. Экономикалық сөздіктер тізбегін жасаңыз.

2. Мамандығыңызға байланысты терминдерді жинастырыңыз.

3. Сөз өнеріне байланысты кез-келген тақырыпта ойтолғау жазу.

2. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ.

Сабақтың мақсаты. Экономикалық негізгі ұғымдармен таныстыру және оны өмірде пайдалана білу, сөздік қорын молайту, кәсіби қатысымдық құзыреттілігін дамыту. Бухгалтерия туралы танымдық білімін жетілдіру.

***Тірек сөздер:** терминологиялық жүйе, кеден саясаты, ғылыми-техникалық прогресс, қозғамдық мұқтаждар, терминологияны жүйелеу, терминологиялық дағдарыс, қарыз, таза пайда, ұлттық табыс, бюджеттің кірісі мен шығысы, кәсіпорын шығыны, сұраныс пен ұсыныс, қолма-қол ақша, валюта айырбастау.*

1. Мәтінді оқыңыз, мазмұнын айтыңыз..Өзіңіз білетін экономикалық терминдерді жазыңыз.

Қазақ тілінің экономикалық терминдері туралы

Қазақ тілінің экономикалық терминдері де өз бастауын халықтың өмір сүру, күн көрісіне байланысты байырғы, қарапайым сөздерден алған: айырбас, төлем, өнім, күн, қор, несие, мұра, қарыз т.б. Орта ғасырларда қазақ халқының басқа елдермен халықаралық байланысы «Жібек жолы» арқылы күшейген. Бұл дәуірлерде қазақтың экономикалық өз терминдері де біраз дамыған, сонымен қатар араб, парсы, монғол, қытай тілдерінен де бірқатар экономикалық терминдер енген. Бұл терминдер қазақтың өз терминіне айналып, сіңісіп кетті.

Экономика – өмірдің күре тамыры бола тұрып, ол өз дәуірінде болып жатқан өзгерістерден бейтарап қала алмайды. Әсіресе, қазақ халқының егемендігінің нық болуы, нарықтық экономиканың серпінді дамуы – толып жатқан шетелдік терминдерді де қоса әкелді. Бұндай жағдайда кірме терминдер өмірге тез сіңіп, дамыған елдермен байланыс жасауға қолайлы жағдай туғызады. Қазақ тілінің экономикалық терминдер құрамында кірме сөздер аз емес. Дүниежүзіндегі түрлі-түрлі тілдерде сөйлейтін халықтар өзара бір-бірімен қарым-қатынаста болады да, бір біріне сөз ауысады. Экономикалық терминдер ішінде де кірме сөздер баршылық. Мысалы орыс тіліндегі «казна» сөзі араб тілінен енген. Қазақша «аймақ» сөзі монғолша «аймаг», қарыз – гарз. «Менеджер» сөзі «manager» деген ағылшын сөзі.

1936 жылы «Қазақ тілінің терминдері» деген кітапша латын әліпбиімен жазылған. Оған 160 экономикалық термин кірген: 1974 жылы «Қазақстан» баспасынан алғаш рет М. Әбдіровтың «Қазақша экономикалық сөздігі» жарық көрді.

2. Мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

1910 – 1930 жылдар аралығында үстемдік етуші орыс тілінің мүддесі көзделіп, термин жасау мен шет тілдер сөздерін қабылдауда өзге ұлт тілдерінің ерекшелігі ескерілмеді. Ұлт тілінде термин жасаудың мүмкіндігі шектеліп келуінің салдарынан тіліміз термин қабылдағыш тілге айнала бастады.

Қазіргі терминологиядағы шешімін таппай жүрген мәселенің бірі – халықаралық деп аталатын терминдерді ұлт тіліне аудару, жазу, қабылдау тәртібінің белгіленбеуі.

Сондай-ақ көптеген терминдердің терминология комиссиясы бекіткен қазақша баламалары бола тұра тұрақты қолданылмай немесе бұрынғысынша шет тілдеріндегі нұсқалары жарыса қолданылып жатады. Мысалы: *мәртебе (статус), әртараптандыру (диверсификация), мәтін (текст), әлеует (потенциал)*.

Сонымен қатар соңғы жылдары бір ғана термин түрліше аударылып, әр сөздікте, әр түрлі деңгейдегі оқулықтар мен ғылыми еңбектерде түрліше қолданылып жүр. Мәселен, төменде берілген терминдер сондай бірізділіктің жоқтығын дәлелдейді: *спонсор – демеуші, мияткер, қолдаушы; ткань – ұлпа, тін; клетка – жасуша, торша* т. б.

Олардың ішінде терминкомның ресми бекіткеніне қарамастан, бірізді қолданылмай жүргендері де бар.

1910-1930 жылдар аралығында не ескерілмеді?

Шешімін таппай жүрген мәселенің бірі не?

Жарыса қолданылатын т.б. нендей терминдерді білесіз?

Түрліше пайдаланылып жүрген терминдерді атап беріңіз?

3. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

... өз бастауын халықтың өмір сүру, күн көрісіне байланысты байырғы, қарапайым сөздерден алған: айырбас, төлем, өнім, күн, қор, несие, мұра, қарыз т.б. Орта ғасырларда қазақ халқының басқа ... арқылы күшейген. Бұл дәуірлерде қазақтың экономикалық өз терминдері де біраз дамыған,

Әсіресе, қазақ халқының егемендігінің нық болуы, нарықтық экономиканың серпінді дамуы –Қазақ тілінің экономикалық терминдер құрамында Экономикалық терминдер ішінде де ... баршылық.

1936 жылы «Қазақ тілінің терминдері» деген кітапша

1974 жылы «Қазақстан» баспасынан алғаш рет

4. Мәтінді оқып, экономикалық терминдерді көшіріп жазыңыз.

Бухгалтерлік есептің пайда болуы және қалыптасу тарихы туралы мәтінді пайдаланып сұхбат құрыңыз.

Бухгалтерлік есептің пайда болуы және қалыптасу тарихы

«Бухгалтер» термині XV ғ. Австрияда өмірге келді. Ең алғаш бухгалтер атағын алған Христофор Штехер болды. 1498 жылы Әулие Рим империясының императоры Максимилиан алғашқы бухгалтер етіп Христоф Штехерді сайлады. Сол кезде бухгалтер мамандығына өте жоғары адамгершілік талаптар қойылатын. Кейбір елдерде бухгалтердің адамгершілік қасиеттеріне қарап, оны қазіргі уақытқа дейін шіркеу қызметкерінен кейінгі екінші орынға қояды.

Жәрмеңкелер. Қазақстанның экономикалық дамуының айқындаушы факторлардың бірі жәрмеңкелер болды. Қазақстанда ең бірінші жәрмеңке 1832 ж. Бөкей ордасында ашылды. XIX ғасырдың 40-жылдарында пайда болған жәрмеңкелік сауда кеңінен дамып, XIX ғасырдың 80-90-жылдары Қазақстандағы сауданың басты түріне айналды. Ірі жаздық жәрмеңкелерден бөлек ұсақ күздік жәрмеңкелер де болды. Жәрмеңкелерде қазақтар саудаға шығарған ең басты өнімдері: ірі қара мал, қой, жылқы, ешкі, түйе, тері, тоң май, жүн, қыл, ішек

өнімдері, сонымен қатар мал шаруашылығы өнімдері: киіз, шекпен, ер тоқым, жергілікті аяқ киімдер және т.б. заттар болды. Жәрмеңкелерге сонымен қатар нан тауарлары да түсті. Ресейден жәрмеңкелерге негізінен фабрика-заводтан шыққан тауарларды – мақта, шұға және жүннен тоқылған маталар, галантереялық, москательді тауарлар, металл, былғары және ағаштан жасалған бұйымдар, шишадан және фарфордан жасалған ыдыстар, шай, құмшекерді әкеліп сатты. Жәрмеңкелерде сонымен қатар, Орта Азиядан әкелінген, азиялық деп аталатын тауарлар да болды – халат, көрпе, кілем, мақтадан және жібектен тоқылған маталар, кептірілген жемістер және т.б. Осылайша, жәрмеңкелерде, Қазақстан мен Ресей арасындағы сауданың отарлы сипаты көрініс берді – Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімдері ресейлік өнеркәсіптік бұйымдарға айырбасталды.

Қазақ көпестерінің арасында егін шаруашылығы мен мал шаруашылығымен қоса саудамен айналысқан ірі байлар да болды. Мысалы, Жарасбаев (Перовск уезі) мыңғыртып мал айдаған, дәулетті адам еді. Оның ұлдары Қызылорда және Қостанай болыстарын басқарды. Олардың әрқайсысы 500-1000 түйе, 1500-2000 бас қойға ие болды. Жалданбалы жұмысшылардан өзге, олармен бірге тұрақты түрде 15-20-дан астам тәуелді кедей шаруалар көшіп-қонып жүрді. Жарасбаевтар бір мезгілде ірі саудамен және өсімқорлықпен айналысты. Олар малмен сауда жасаушы бай кәсіпкерлер болып саналды .

ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ!!!

Экономика күрделі ғылым көрінгенімен, әрбіріміз ол туралы титімдей болса да хабарымыз болу керек. Экономикалық бостандық болмай, өзге бостандық та болмайды.

Маргарет Тэтчер

Экономика экономды болуы тиіс.

Л. Ильич

Ақшамен дос сатып ала алмайсың, бірақ өте қызықты таныстықтар кездестіруге болады.

Ақша өмірдің маңызы емес, бірақ барлық маңыздылар соған тәуелді.

Ақша тауып жүрген адамнан қорықпаңыз, санасын ақша билеген адамнан қорқыңыз.

Ақшаға бай адаммен емес, ақылға бай адаммен достас.

5. Экономикалық терминдерді сәйкестендіріңіз.

оплата	Салым
деньги	Айырбас
депозит	Төлем
обмен	Ақша
финанс	Шығын
товар	Тауар
прибыль	Есеп
убытка	Несие
учет	Кіріс
кредит	Қаржы

БӘЙГЕ”ОЙЫНЫ. Мақал-мәтелдердің жалғасын табыңыз.

Жеті рет өлшеп, (бір рет кес).

Есептей білгеннің (есесі кетпейді).

Төртеу түгел болса төбедегі келеді.

(Алтау ала болса ауыздағы кетеді)

Теңге(тиыннан құралады).

Көрпеңе қарай (көсіл).

Ақыл азбайды(білім тозбайды).

Жұмыла көтерген ... (жүк жеңіл)

Ақшаны (ақша жасайды).

Ақша кетуге тырысады,

Есеп (ұстауға тырысады).

Жер ырысы дария,

Ел ырысы ... (қария)

6. Төмендегі экономикалық терминдермен (сөз тіркестерімен) сөйлем құрыңыз.

Банк ісі, ұлттық табыс, құнды қағаз, халықаралық серіктестер, лайықты бәсекелес, жарғылық капитал, акционерлер үлесі, мемлекеттік қаржы, салымдар бойынша пайыздар, бір жолғы акция.

7. Әзіл сұрақтар:

1. Қар жана ма? (Қалауын тапса қар жанар)

2. Тауық түс көре ме? (Тауықтың түсіне тары кіреді)

3. Тас пен басты не жарады? (Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады)

4. Билік айту мен біліп айтудың айырмашылығы? (Билік айту оңай, біліп айту қиын)

5. Қандай бас аяққа тыным бермейді? (Басында дымы жоқтың аяғында тынымы жоқ)

6. Тура сөздің темірге, қылышқа қатысы қанша? (Тура сөз темірді теседі, жұмсақ сөз қылышты кеседі)

7. Бес ешкісі бар кісінің өзге қызметі бола ма? (Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады)

8. Түкіріктен көл құрала ма? (Көп түкірсе көл)

Жағдаяттық тапсырма

Университетте «Экономикалық терминдердің қазақша баламалары мен жасалу жолы және қайшылықтар» деген тақырыпта пікір-сайыс өтпек. Тақырып бойынша өз ойыңызды ортаға салыңыз.

Жағдаяттық тапсырма

Сіз келіссөздесіз. Мейрамхана құрылысын жүргізуге байланысты келісім жасамақсыздар. Серіктесіңіздің ойымен келісетініңізді қалай білдірер едіңіз? Қарсыласыңызға сұрақты қалай қоясыз?

8. Мәтінді оқыңыз және мазмұнын айтып беріңіз.

О казахской экономической терминологии

В настоящее время актуальным является широкое распространение именно англоязычной экономической терминологии. К сожалению, во многих случаях отечественные ученые мало задумываются над тем, как можно передать английский экономический термин на казахском. Ведь проще использовать кальку с английского (англизм), то есть написать или сказать английское слово на казахском языке (кириллицей в казахской транскрипции). Таких примеров можно привести много: "паблик рилейшнз", "бизнес", "диверсификация", "санация", "демпинг", "бренд", "лизинг", "индикатор", "трансферт", "стратификация", "венчурный" и т. п. Все эти и другие экономические термины англоязычного происхождения имеют соответствующие аналоги в казахском языке. Все же распространение получило их использование именно в форме кальки с английского.

Конечно, сегодня уже есть устоявшиеся экономические термины, заимствованные из английского языка, – например, "маркетинг" или "менеджмент", которые означают целые направления в экономической теории и практике. Возможно, если бы еще в начале использования этих терминов был предложен их адекватный перевод, то мы бы имели соответствующие казахскоязычные термины. Например, термин "маркетинг" происходит от английского "marketing", которое, в свою очередь, состоит из слова "market" (рынок) и окончания формы герундия "ing". Таким образом, дословно термин "marketing" можно перевести как "нарықтандыру", что может звучать для нас достаточно непривычно. Если же говорить о сути или содержании термина "маркетинг", то и зарубежные, и отечественные ученые еще и до сих пор не могут прийти к общему мнению по поводу его научной трактовки.

Что касается термина "management", то в его основе лежит латинское слово "manus", означающее "рука". Казахским аналогом этого термина является термин "басшылық" (на русском - "руководство"), хотя специалисты этого направления науки могут сказать, что эти термины не являются синонимами. Понятие или термин "басшылық" шире понятия "менеджмент". И вообще термин "басшылық" возник из теории, тогда как термин "менеджмент" — из практики. Впрочем, мы не будем вдаваться в подробности обсуждения терминов "маркетинг" и "менеджмент", а будем исходить из того, что они уже признаны в казахской экономической терминологии.

Проблема большинства экономических изданий, переведенных с английского языка на казахский, заключается в том, что их авторами (переводчиками) выступают специалисты по английскому языку, а не

экономисты. Большинство специалистов по английскому языку объективно не могут вникнуть в глубинную сущность экономических терминов, ведь они не являются специалистами по экономике, а большинство отечественных ученых-экономистов не имеют достаточного уровня подготовки по английскому языку. Для специалистов по английскому языку не является проблемой устный перевод разговора с английского на казахский или наоборот. Скажем, в процессе разговора казахских и зарубежных экономистов профессиональный переводчик, как правило, с достаточно высокой точностью может донести мысли собеседников, используя свой словарный запас. Если дискуссии касаются узких научных экономических тем, то даже профессиональные переводчики не могут осуществлять адекватный перевод. В таких условиях необходимо присутствие экономиста соответствующего направления экономической специализации, который бы на достаточном уровне владел обоими языками. В противном случае могут возникать недоразумения, когда собеседники в одни и те же слова (термины) вкладывают совершенно разный смысл.

Отандық ғалымдар қандай мәселеге назар аудармайды?

Ағылшын тіліне тән терминдердің қазақша аналогтары туралы не айта аласыз?

«Маркетинг» және «Менеджмент» терминдеріне қазақша балама табуға бола ма? Сіздің пікіріңіз.

Аудармашының ағылшын тілін жақсы білетін білікті экономист болуы керек деген пікірге сіз қалай қарайсыз?

9. Бағандағы сөз тіркестерін сәйкестендіре пайдаланып, сөйлем құрыңыз.

Қазақстан Республикасы	→ АТФбанкке салдым.
Мен өзімнің қаражатымды	нарықтық қатынасқа аяқ басты.
Қазір банктерден	теңге жарық көрді.
1993 жылы 15 қарашада	несие алу жеңілдетілді.
Мен өзімнің жеке шаруа	қоғамның мүшесі.
Сәрсен акционерлік	қожалығымды аштым.
Экономиканы жақсы білген ел	байлыққа, бақытқа барар жол.
Экономика –	бай болады.
Уақытты үнемді пайдалансаң,	кешікпей бар.
Шақырған жерге	бәріне үлгересің

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

ТЕСТ

1. Ең алғаш бухгалтер атағын алған _____ болды

А. Бенедитто Контрульи

Ә. Лука Пачоли

Б. Христофор Штехер

В. Ирвинг Фишер

Г. Котрульи Бенедетто

2. Бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселесі

- А. Саяхатқа шығу
- Ә. Тамақтану
- Б. Экономикалық терминологияның даму бағытын белгілеу
- В. Жиналыс ашу
- Г. Концерт қою

3. «Қазына» қай тілден енген сөз?

- А. Орыс
- Ә. Неміс
- Б. АҒЫЛШЫН
- В. Араб
- Г. Латын

4. «Бухгалтер» термині _____ ғ. Австрияда өмірге келді.

- А. XVI
- Ә. XVII
- Б. XVIII
- В. XX
- Г. XV

5. . Ақшаға бай адаммен емес, _____.

- А. Ғылымға бай адаммен достас.
- Ә. Дүниеге бай адаммен достас
- Б. Ақылға бай адаммен достас.
- В. Ағайынға бай адаммен достас.
- Г. Малға бай адаммен достас.

6. Алғашқы сауда операциялары б.з.д. _____ ж. саз кестелерде (таблицааларда) тіркелді.

- А. 3500 ж
- Ә. 3400 ж.
- Б. 3900 ж.
- В. 3200 ж.
- Г. 3000 ж.

7.«Құнды қағаз» сөзінің орысша баламасы.

- А. Акционер
- Ә. Акция
- Б. Девальвация
- В. Устав
- Г. Ценные бумаги

8. «Демеуші» сөзінің орысша баламасын табыңыз.

- А. Партнер
- Ә. Брокер
- Б. Спонсор
- В. Инвестор
- Г. Посредник

9. Бухгалтерия жайлы жазған көпес және атақты итальян математигі болды. А. Бенедитто Контрульи

Ә. Лука Пачоли

Б. Христофор Штехер

В. Ирвинг Фишер

Г. Котрульи Бенедетто

10. «Рынок» ұғымы қандай мағынаны білдіреді?

А. Базар

Ә. Сауда

Б. Нарық

В. Дүкен

Г. Дүңгіршек

11. Қарыз достықты бұзады.

А. Если деньги на руках, торговля кипит.

Ә. Долг дружбу разрушает .

Б. У дешевого товара нет качества.

В. Легкая нажива к хорошему не приведет.

Г. Утренняя торговля – торговля, вечерняя торговля – споры.

12. Қытайда бухгалтерлік есепті жүргізудің елеулі ерекшеліктеріне жыл толды. ...

А. 1000 ж

Ә. 5000 ж

Б. 4400 ж

В. 8000 ж

Г. 8500 ж.

13. Қазақ тілінің экономикалық терминдер құрамында _____ сөздер аз емес.

А. Қате

Ә. Термин

Б. Қиын

В. Бөгде

Г. Кірме

14. Мақалдың екінші бөлігін табыңыз. Біреу тойып секіреді, біреу ...

А. Қуанып секіреді

Ә. Тоңып секіреді

Б. Жылап секіреді

В. Айқайлап секіреді

Г. Үндемей секіреді.

15. «Текущий вклад» тіркесін қазақ тіліне қалай аударған жөн?

А. Ұтыстық салым

Ә. Атаулы салым

Б. Ағымдық салым

В. Мақсатты салым

Г. Жарғылық салым

16. Орта ғасырларда қазақ халқының басқа елдермен халықаралық байланысы « » арқылы күшейген.

- А. Су жолы
- Ә. Әуе жолы
- Б. Жібек жолы
- В. Темір жол
- Г. Қара жол

17. Ұлт тілінде термин жасаудың мүмкіндігі шектеліп келуінің салдарынан тіліміз ... тілге айнала бастады.

- А. Қаржы қабылдағыш
- Ә. Жаңалық қабылдағыш
- Б. Сөз қабылдағыш
- В. Хабар қабылдағыш
- Г. Термин қабылдағыш

18. Экономиканы жақсы білген ел

- А. Бай болады.
- Ә. Кедей болады.
- Б. Қу болады.
- В. Білімді болады.
- Г. Өнерпаз болады.

19. Мақалдың қазақша аудармасын табыңыз. В торговле дружбы не бывает.

- А. Сауда сақал сипағанша.
- Ә. Саудада достық жоқ.
- Б. Ақша санауды ұнатады.
- В. Қыстың қамын жазда ойла.
- Г. Асықпаған арбамен қоянға жетеді

20. 1936 жылы «Қазақ тілінің терминдері» деген кітапша ... әліпбиімен жазылған.

- А. Кирилица
- Ә. Араб
- Б. Ағылшын
- В. Неміс
- Г. Қытай

СОӨЖ. Сабақтың мақсаты: Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы студенттердің ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту. «Бухгалтерлік есептің пайда болуы және қалыптасу тарихы» реферат.

СӨЖ

1. Мамандығыңызға байланысты терминдерді пайдаланып, мәтін құрастырыңыз. «Іскерлер әлемі» тақырыбына эссе жазыңыз.

3 . РЕСМИ ІС ҚАҒАЗДАР ТІЛІНІҢ НОРМАСЫ. ОРФОГРАФИЯ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Сабақтың мақсаты. Ресми іс қағаздар нормасы туралы мәлімет беру, сауатты жазуға үйрету, сөздік қорын молайту, кәсіби қатысымдық құзыреттілігін дамыту. Орфография негіздерін ұғындыру.

***Тірек сөздер:** ресми ісқағаздар, ресми стиль, ісқағаздар стилі, ресми құжаттар, ел билеу, өтініш, азаматтық қарым-қатынас, өмірбаян, сенімхат, қолхат, анықтама, мінездеме, түйіндеме, хабарландыру, құттықтау, қатынас қағазы, акт, кәсіби біліктілік, мәлімдеме, бұйрық, есеп, хаттама, нотариалдық мекеме , шарт, міндеттеме, нұсқау хаттар.*

1. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз. Іс қағаздарының біреуін таңдап алып, жазып шығыңыз.

Ресми іс қағаздар тілі

Іс қағаздары дегеніміз – ресми құжат. Латынша «дәлелдеу» дегенді білдіреді. Құжат – бір нәрсеге дәлел бола алатын, белгілі бір нәрсенің құқығын растайтын, заңды күші бар іскерлік қағаз.

Іс қағаздарының түрлері:

1. Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін іс-қағаздары: мінездеме, нұсқау, кепілдеме, ресми хаттар, кеден мағлұмдамасы, жеделхат, жарнама, қолхат, хабарландыру, сенімхат, кепілхат, өтініш, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі.

2. Жеке адам өміріне қатысты іс қағаздары:

Өмірбаян, түйіндеме, жеке іс парағы, визит-кард, өтініш,

3. Басқару, өкім шығаруға қатысты іс-қағаздары : заң., үкім, өкім, жарғы, жарлық, ереже. хабарлама, бұйрық.

Қызметтік құжаттарды, хаттарды жазарда есте болатын кейбір жағдайлар

Қызметтік құжаттар ресми түрде жазылуы керек. Қызметтік хатты жазғанда марапаттау, мадақтау, дөрекі сөздерді жазуға болмайды. «тез арада орындаңыз. Кешіктірмеңіз » деген сөздерді қолданбаңыз. Өз ойыңызды, белгілі бір күнді көрсетіп, «Сіздің шешіміңізді күтеміз» деген сөздерді жазыңыз.

Өз өтініш-тілектеріңізді орынды жеткізе біліңіз. Қызмет бабында ресми түрде шара қолдануда адамгершілік танытыңыз. Сіздің хатыңыз мазмұнды, айқын болуы тиіс. Бұл әсіресе қаржы, кадр мәселесінде маңызды. Іс қағаздарын жазуда көнерген сөздер, диалект, архаизмдер, қазіргі қолданыстан шығып қалған сөздерді қолдануға болмайды.

- ❖ Іс қағаздарын қалай топтастыруға болады?
- ❖ Ресми жазба құжаттардың 3 ерекшелігін атаңыз.

- ❖ Ис қағаздар тілінде нелер қолданылмайды?
- ❖ Ис қағаздарының қандай жағдайда жазылатынын, мазмұндық-құрылымдық жүйесін т.б. да ерекшеліктерін есте сақтаңыз.

2. Исқағаздары, оның түрлері туралы мәліметтерді есте сақтай отырып, оқу құралының көмегінсіз кестені толтырыңыз.

Өмірбаянда адамның аты-жөні, туған жылы, айы, күні, туған жері, ұлты, білімі, оқыған оқу орындары, қоғамдық-саяси қызметі, ата-анасы, жұбайы, балалары туралы, қазіргі жұмысы, мекен-жайы туралы айтылады. Өмірбаян қызметке орналасу кезінде оқу орнына түсерде жазылады.

Түйіндемеде аты-жөні, туған жылы, күні, айы, туған жері, ұлты, жынысы, мекен-жайы, телефоны, отбасы жағдайы, азаматтығы, білімі, бітірген, оқу орындары, кәсіби біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі, тілдік дағдылары, компьютерлік сауаттылығы, жеке қасиеттері - қызығушылығы туралы мәлімет, қосымша ақпараттар жазылады.

Өз өмірбаяны мен жұмыс тәжірибесінің, мамандығының икемділігін ұтымы көрсете отырып, ойлаған жұмыс орнына қол жеткізу мақсатын көздейді.

Мінездеме Тақырыбы, мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет, негізгі мәтін, қорытынды, мінездемені талап етуші ұйымның аты, мінездеме берілген күн, ай, жыл, мінездеме берушінің аты-жөні, фамилиясы, қолы, қосымша (егер болса), мінездеменің тақырыбы парақтың жоғарғы жағын ала, орта тұсына қарай үлкен әріптермен жазылады.

Өтініш. Мекеменің толық аты, басшының қызметі, атағы, аты-жөні, құжат аты, мазмұны, жазылу мерзімі, қолы, өтініш берушінің аты-жөні, кейде мекенжайы жазылады.

Жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, басқа жұмысқа ауыстыру, кезекті демалыс сұрау, кезектен тыс демалыс сұрау, материалдық көмек (пәтер бөлу), балабақшадан орын бөлу және т.б. туралы сұрау жалақыны көтеру туралы өтініш айту және т.б.

Сенімхат. Өз өкілеттілігі мен құқын екінші бір адамға берерде жазылады.

Құжат атауы, күні, айы, жылы, мекенжайы, сенімхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі), сенім білдірілетін тұлға туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі), алынғат заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі), қайтарылатын нақты уақыты, қайтара алмаған жағдайдағы шарты, нотариалдық мекеме мөрі.

Құжаттың аты	Мазмұндық-құрылымдық жүйесі	Қандай жағдайда жазылады?
Өмірбаян		
Түйіндеме		
Мінездеме		.
Өтініш		
Сенімхат		

3.. БІЛІП АЛЫҢЫЗ!

Бухгалтер – ол максималдық табыс табу мақсаттында материалдық шығындардың азайтудағы оптималдық жағдайларды жасауға мүмкіншілік туғызатын, кәсіпорынның барлық қаржылық қызметтінің бақылаушысы болып табылады.

➤ Кәсіпорынның қаржылық жағдайын реттей алатын, жоғарғы кәсіби қызметкер.

➤ Есептеу кезінде мемлекеттік заңдылық және құқықтық актілерді құратын кәсіби маман.

➤ Бухгалтер – экономика және қаржы саласындағы ең сұранысқа ие мамандық.

	Бухгалтердің артықшылығы
1	Олар еңбек нарығында әрдайым сұранысқа ие.
2	Танымал мамандық және мансаптық өсу мүмкіншілігі жоғары.
3	Жұмысы тұрақты.
4	Мемлекеттегі экономикалық дағдарысқа тәуелсіз.
5	Еңбек ақысы әрдайым өсу үрдісіне ие.

Кез-келген, тіпті шағын компанияда бухгалтер қызметі бар. Ол қызметкерлердің жалақысын, салықтық төлемдерді, тауар бағасын анықтап, тапсырыс берушілер мен орындаушылар арасындағы есепті жүргізеді.

Штатында бірнеше мамандарға дейін ұстай алатын компанияларда әр бухгалтер тек белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істейді. Бірі – касса мен жалақы төлеміне, екіншісі валюта операцияларына, үшіншісі басқа қызмет түрлеріне жауап береді. Ал олардың барлығының жұмысын бас бухгалтер қадағалап отырады. Бухгалтер – салық және қаржы заңнамасының, бухгалтерлік есеп пен салық саясатының барлық қыр-сырын білетін, компаниядағы беделге ие мамандардың бірі.

- ❖ Сіз бұл мамандықты неге таңдадыңыз?
- ❖ Сіздің үйдегі адамдардың мамандықтары қандай?
- ❖ Сіздің бұл мамандықтарды таңдауыңызға кім себепкер болды?
- ❖ Мамандық талаптарын орындай аласыз ба?

4. **ӨЛЕҢ ЖАТТАЙЫҚ!!!**

Менің анкетам

..

Туған жерің?

– Ұланымын Қарасаз деп аталатын ауылдың.

– Туған жылың?

– 1931. Құрдасымын Шәмілдің.

– Жынысың кім?

– Еркекпін ғой, еркекпін!

Және - дағы тәуірмін...

– Партияда барсың ба?

– Жоқпын.

Бірақ коммунистік көзқараспен қараймын.

– Шыққан тегің?

– Шаруамын.

Бар тірліктен бағалы оны санаймын.

– Білімің ше?

– Орташа ғой.

Алайда өзім жоғарыға балаймын.

– Ана тілің?

– Қазақша. Қысылғанда орысша да, немісше де, тағы бар.

– Қайда істедің?

– Мынау «Еңбек кітапшамнан» танып ал.

Оқымаған, дипломсыз демесең,

Бір басымнан бар мамандық табылар.

– Міндеттісің бе әскерге?

– Міндеттімін. Біздің әлі жас кеуде.

Жауынгердің ұлымын ғой,

Жанын қиған Мәскеуге.

– Сөгіс алып көрдің бе?

– Ол жағынан періште едім дей алмаймын. Мен мүлде.

Ойлы - қырлы бұл өмірде болады ғой мүлт кету,

Ол өзі бір еншісі ғой ездің әрі ердің де...

– Шетелдерде болдың ба?

– Болғаным жоқ. Олар маған тұрған да жоқ қол бұлғап.

Қалсам болды, өлсем болды жәйіммен,

Осы отырған орнымда - ақ.

– Мекен - жәйің?

– Мекен - жәйім – жер менің.

Жерде жүрген ақын деген пендемін.

Қалам, қағаз, уақыт бер тек аздаған,

Мен өмірді жырлау үшін келгенмін!

М. Мақатаев

5. *Өтініш жазып үйреніңіз.*

Талдықорған қаласының №15 орта
мектебінің директоры Г.Ж.Алмасоваға
Абылайхан даңғ., 24 -үйдің тұрғыны
А. А. Жақановадан т.42 –42- 19

Өтініш

Мені №35 орта мектепке қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі
ретінде қызметке қабылдауыңызды өтінімін.

Өтінішке қоса мына құжаттарды тапсырамын:

1. Жоғары білім туралы диплом;
2. Төлқұжаттың көшірмесі;
3. Өмірбаян;
4. Кадрларды есепке алу бойынша жеке іс қағазы;
5. Медициналық кітапша.

25.08.18ж

Қолы

/ А. А. Жақанова/

6.

«Иә» немесе Жоқ» ойыны

1. Бұйрық жеке тұлға ісқағаздарына жата ма?
2. Түйіндемеге телефон номері жазылуы керек пе?
3. Мекеме басшыларына жазылған қатынас хат, өтініш т.б. «мырза», «ханым» тәрізді этикеттік сөздерді аты-жөндерімен қоса қолдануға бола ма?
4. Іс қағаздар қалыптасқан үлгідегі баяндау тәсілімен жазыла ма?
5. Мәлімет, ақпарат тәрізді ісқағаздарында іс әрекеттің баяндалуы келер шақ формасында жұмсала ма?
6. Ресми ісқағаздары ырықсыз етіс формасында бола ма?
7. Басқару, ұйымдастыру құжаттары да ресми ісқағаздар стиліне жата ма?
8. Ресми ісқағаздарында тұрақты сөз тіркестерін қолдануға бола ма?
9. Заңдылық күші бар іскерлік қағазды құжат деп атай ма?
10. «Батырлар жыры» іскерлік құжаттың көне үлгісі ме?
11. Өтінішке мекеменің мөрі басыла ма?
12. Ісқағаздарын жүргізу үшін мемлекеттік тілді білу қажет пе?
13. Ресми—іскерлік қатынаста факс, электронды почта қызметтерін пайдалануға бола ма?

7. *Пайдалы кеңесті қолданып, сұхбат құрыңыз.*

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР

Жұмысқа тұрарда қойылатын 5 қиын сұрақ

Жұмысқа тұрарда міндетті түрде жұмыс берушімен әңгімелесу болары анық және олар қоятын сұрақтар да ұқсас болып жатады. Өзіңізді жақсы қырыңыздан көрсету үшін сұрақтарға қалай дұрыс жауап беру керек?

➤ **Ең үлкен кемшілігіңіз не?**

Мұндай сұрақтар кандидаттың өз кемшілігін мойындап, егер бұл болашақтағы міндеттерін орындауға кедергі келтіретін болса сұрыптаудан шығарып жіберу үшін қойылады. Бұл сұраққа, мысалы, түске дейін өнімділігіңіз ақырындап ояна бастайды, ал түстен кейін екі есе өнімді жұмыс істеймін деп жауап беруіңізге болады. Есіңізде болсын, жұмысқа тұру кезіндегі әңгімелесуде тек жақсы жақтарыңызды көрсетуіңіз керек.

➤ **Қандай жалақы алғыңыз келеді?**

Мұндай жағдайда жұмыс беруші төлей алар жалақыдан төмен соманы айтып қоюыңыз мүмкін. Мұндай болмас үшін өзіңіз келісе алатын минималды сома мен максималды мөлшерді атаңыз. Егер жұмыс беруші нақты соманы ата десе, осы компаниядағы орташа жалақыдан көбірек соманы айтыңыз. Алдын ала өз салаңыздағы немесе сол компаниядағы орташа жалақы қанша екенін біліп алыңыз.

➤ **Неге біз дәл сізді жұмысқа алуымыз керек деп ойлайсыз?**

Осы сұраққа алдын ала дайындалып барған жөн. Өз түйіндемеңізді қарап, сіздің жақсы жұмыскер екеніңізді дәлелдейтін 3-5 пунктті белгілеңіз. Өткен жұмыстарыңыздағы жетістіктеріңіз нағыз үлгі бола алады. Бұрынғы жетістіктеріңіз – сіздің болашақ өнімділігіңіздің нағыз болжаушысы.

➤ **Бұрынғы жұмысыңызда не ұнамады?**

Мұндай сұрақты жұмыс беруші бұрынғы жұмысына шағым айтып, өзін жаман жағынан көрсетеді деген есеппен қояды. Мұндай сұраққа, мысалы, ол жақтағы шешу керек мәселелер маған аса қиындық тудырмады, сондықтан толыққанды ашыла алмадым деп жауап беріп көріңіз.

➤ **5 жылдан кейін өзіңізді қалай көресіз?**

Шындығында «Білмеймін» деген жауап дұрыс болса да, ұтымсыз жауап болмақ. «Мен түрлі мүмкіндіктерді қарастырып көрдім, осы лауазымда өзімді сенімді ұстаймын және болашақта өзімді осы компанияның беделді қызметкерлерінің қатарынан көремін» деп жауап беріңіз.

Дайындаған: Анар Мұстафина

<http://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/3598/>

8. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, дәптерге көшіріп жазыңыз.

1. Түйіндеме жазуда ... мақсатыңыз – өз өмірбаяныңыз бен ... , мамандығыңызды, ... ұтымды көрсете білу.

(Керекті сөздер: икемділігіңізді, сіздің, жұмыс тәжірибеңізді)

2. Шағым хатқа ... беруші адам, кейде хат мазмұнына ... мекеменің жауапты ... қол қояды.

(Керекті сөздер: қызметкері, шағым, байланысты)

3. Ресми-іскерлік қарым-қатынас деп кәсібі, ... байланысты жұмыс немесе қызмет орындарында, ... мекемелерде жүзеге асатын ... түрін айтамыз.

(Керекті сөздер: қарым-қатынастың, мамандығымен, мәдени-көпшілік)

4. Мінездеме ... басқа бір вакансияға я болмаса ... ұсыну... да жазылады.
(Керекті сөздер: оқу орнына, мақсатында, қызметкерді.

9. Іс қағаздарының үлгілерін дұрыс сәйкестендіріңіз.

еңбек шарты	приказ
мінездеме	докладная записка
өтініш	справка
баянат	резюме
өмірбаян	автобиография
түйіндеме	контракт
қызметтік хат	заявление
жеделхат	телеграмма
баянхат	характеристика
анықтама	доверенность
бұйрық	протокол
қолхат	рапорт
хаттама	служебное письмо

ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ!!!

Алла тағала былай деген:

«Қайырымды іс істеген жанға, – менің рақымым шексіз. Егер мен рақым етіп кешпесем, зұлымдық істеген жанға берер жазам да шексіз.

Кім де кім маған бір елі жақындаса, мен оған бір шынтақ жақындаймын.

Кім де кім маған бір шынтақ жақындаса, мен оған он шынтақ жақындаймын.

Кім де кім маған адымдап келсе, мен оған қарай құшақ жая қарсы ұшамын. Жүрегімен маған сенген күнәһар алдыма келіп, күнәсін кешуді өтінсе, мен оны кешуге әзірмін.

Аманбай Құнтөлеуұлы

10. Мәтінді оқып, орфографиялық қателерді тауып, түзеңіз. Мәтінде қандай іскери құжат аты аталған? Аталған іскери құжат түрін жазыңыз.

М. ШОҚАЙ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Қазақ ойшылы, ғалым, мемлекеттік және қоғам қайраткері. Ол Ақмешіт қаласында дүниеге келген. Мұстафа бастауыш білімді өзінің ата-анасынан алды, сосын Ташкентте орыс гимназиясын және Петербург университетінің заң факультетін үздік бағамен аяқтады.

Санкт-Петербург қаласының тарихи мұрағатындағы Санкт-Петербург университетнің қорында М.Шоқайдың жеке ісі сақталған. Оның алғашқы парағы Мұстафаның университет ректоры атына оқуға қабылдауды сұраған өтінішпен басталады. Құжат жиегіне 1910 жылдың 30 масымында құжат қаралғанын, осы жылдың 6 шілдесінде студент қатарына қабылданғаны туралы жазылған. Іске М.Шоқайдың сынақ кітапшасы, университетте оқыған кездег

төлеген жарналарның түбіртектері қоса жалғанған. 1914 жылғы 15 қыркүйектегі заң факультеті деканына Санкт-Петербург университетінің толық курсы аяқтағаны, соған байланысты оқу бітіргені туралы куәлікті сұраған өтінішінде өзі тұратын мекенжайын көрсетеді: «петроград. Провиантская 10, кв. 25». Өтініш арнайы бланкіде жазылған, онда оқу бітірген жөніндегі куәлікті арыз берген соң екі апта ішінде алу керектігі және куәлік алған соң Санкт-Петербург қаласында тұруға берілген рұқсат қағазды қайтару тиістігі ескертілген. Сондай-ақ бұл істе ташкент ерлер гимназиясын бітіргені туралы кәметік атестат, сол қалада түсірілген М.Шоқайдың екі фотосуреті сақталған. Жалпы таусылмайтын мол қазына талай елдің тілін білген, телегей теңіз білім иесі, әрі қаламы қолынан түспей күн сайын өнімді еңбек еткен Мұстафа Шоқайдың жеке құжаттары тарихымыздың талай ақ таңдақтарын қайта қарауға, таным-түсінігімізге тағы да тыңнан арналар салуға көмектесері анық. Оның мұрасы тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі халықтарына ортақ құндылық екені мойындалда.

М.Шоқайдың өзімен пікірлес, мұраттас замандастарымен, әзірбайжан, башқұрт, грузин, т.б. халықтардың эмиграциядағы өкілдерімен хат жазысып тұрған: әзірбайжан ұлттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, Кавказ федерациясының ұйымдастырушысы алимардан Топчибашы, социалист-революционер вадим Афанасьевич Чайкин, уфалық қайраткер Омер Генерекұлы, археолог, этнограф Жозеф Кастанье, әзірбайжандық қайраткер Мұстафа Векилли, грузин эмиграциясы жетекшілерінің бірі Акакий Чхенкели, эмиграциядағы грузин қайраткерлерінің бірі Николай Имнайшвили, грузин меньшевиктері жетекшілерінің бірі Евгений Петрович Гегечкори, Гувер институтының қызметкері Н.Н.Головинмен жазысқан хатары талай тарихтың бетін аша түсері тағы хақ. Мұстафа Шоқайдың мұрағаты мұнымен бітпейді, ол – әрмен қарай да жалғаса беретін іс.

<https://egemen.kz/article/shokaydyn-songy-kuzhattary>

Egemen.kz

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА ТЕСТ

1. Ісқағаздар дегеніміз –.

- А. Іс-әрекеттік құжат
- Ә. Мәдени құжат
- Б. Ақпараттық құжат
- В. Ресми құжат
- Г. Саяси құжат.

2. Іскерлік қарым-қатынаста жиі қолданылатын құжат түрі:

- А. Түйіндеме
- Ә. Визит карточкасы
- Б. Арыз
- В. Сенімхат
- Г. Өмірбаян

3. Ісқағаздар тілінде: _____ т.б. қолданылмайды.

А. Мақал-мәтел

Ә. Өлеңдер

Б. Тұрақты сөз тіркестері

В. Нақыл сөздер

Г. Барлық жауап дұрыс.

4. Исқағаздар латынша « _____ » деген мағынаны білдіреді.

А. Баяндау

Ә. Дәлелдеу

Б. Жариялау

В. Меншіктеу

Г. Бағалау

5. Өтініш сөзінің орысша баламасы қалай?

А. Характеристика

Ә. Служебное письмо

Б. Автобиография

В. Телеграмма

Г. Заявление

6. Мекеме басшысының атына жазылып, белгілі бір тілекті білдіретін құжат _____ деп аталады.

А. Қолхат

Ә. Өмірбаян

Б. Өтініш

В. Сенімхат

Г. Кепілхат

7. Қызметтік хаттар мүмкіндігінше _____ жазылуы керек.

А. Ұзақ

Ә. Өлеңмен

Б. Қысқа

В. Әдеби тілде

Г. Ғылыми тілде .

8. Бұйыру мәнді сөйлем қай құжатта пайдаланылады?

А. Шарт

Ә. Еңбек туралы заң

Б. Бұйрық

В. Сенімхат

Г. Қызметтік хат

9. Кадрлар бөлімінде толтырылатын бланктік қағаздың бір түрі _____ деп аталады.

А. Өмірбаян

Ә. Мінездеме

Б. Түйіндеме

В. Хаттама

Г. Жеке іс парағы

10. Сөйлемді толықтырыңыз: Өтінішке _____ қол қояды.

А. Студент

- Ә. Мекеме басшысы
- Б. Оқытушы
- В. Топ басшысы
- Г. Өтінішті тіркеуші

11. Осы анықтама азаматша Асқарова Алманың, шын мәнінде Алматы технологиялық университетінің оқытушысы екендігін _____ .

- ...
- А. Баяндайды
 - Ә. Дәлелдейді
 - Б. Айғақтайды
 - В. Мәлімдейді
 - Г. Растайды

12. «Баянат» сөзінің дұрыс баламасын көрсетіңіз.

- А. Приказ
- Ә. Резюме
- Б. Рапорт
- В. Докладная записка
- Г. Доверенность

13. Ісқағаздар тілінде _____ т.б. қолданылмайды.

- А. Мақал-мәтел
- Ә. Афоризмдер
- Б. Нақыл сөздер
- В. Өлеңдер
- Г. Барлық жауап дұрыс.

14. Орфографиялық қате кеткен сөзді табыңыз.

- А. Үкүм
- Ә. Қаулы
- Б. Өтініш
- В. Бұйрық
- Г. Баянат

15. Орфографиялық қатесіз жазылған сөзді табыңыз.

- А. Характеристика
- Ә. Телеграма
- Б. Заявление
- В. Контрак
- Г. Устап

16. Қай сөз іс қағаздарына жатпайды?

- А. Өмірбаян
- Ә. Түйіндеме
- Б. Мінездеме
- В. Өтініш
- Г. Әңгіме

17. _____ сезімге, көңіл күйге байланысты сөздерді пайдалануға шек қойылған.

- А. Әңгімеге

- Ә. Өлеңге
- Б. Іс қағаздарына
- В. Айтысқа

18. Жұмысқа тұру кезіндегі әңгімелесуде тек _____ көрсетуіңіз керек.

- А. Осал жақтарыңызды
- Ә. Жаман жақтарыңызды
- Б. Жақсы жақтарыңызды
- В. Теріс жақтарыңызды
- Г. Қызықты жақтарыңызды

19. _____ – бір нәрсеге дәлел бола алатын, белгілі бір нәрсенің құқығын растайтын, заңды күші бар іскерлік қағаз

- А. Өмірбаян
- Ә. Баянат
- Б. Кепілхат
- В. Түйіндеме
- Г. Құжат

20. Сөйлемдердегі орфографиялық қателерді түзетіңіз.

- А. Аманжол – Рахымжаның Қасымымын, Мен қалған бір атанын ғасырымын.
- Ә. Кім де кім маған бір елі жақындаса, мен оған бір шнтақ жақындаимын.
- Б. Сондай-ақ бұл істе ташкент ерлер гимназиясын бітіргені туралы кәмететік атестат, сол қалада түсірілген М.Шоқайдың екі фотосуреті сақталған.
- В. Өкінбен менде бір күн өлемін деп, Өкінем ұқсата алмай келемн деп.
- Г. Құжатарды ұқыпты ұстау керек.

СОӨЖ .

Сабақтың мақсаты. Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөздік қорын молайту, кәсіби құзыреттілігін дамыту. .

«Бухгалтердің міндеттері мен оған қойылатын талаптар» деген тақырыпта реферат дайындаңыз.

СӨЖ

1. Іскерлік қатынастағы құжаттадың бірнеше түрін жазыңыз.
2. Университетте өтілетін мемлекеттік тілді дамыту мақсатындағы олимпиадаға байланысты басқа оқу орнына жіберілетін жеделхаттың мәтінін құрастырыңыз.

4. СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ. ОРФОЭПИЯ. СӨЗ БАЙЛЫҒЫ . **ІСКЕРЛІК КЕЗДЕСУЛЕР**

Сабақтың мақсаты. Мәтіндер арқылы, сөйлеу мәдениеті заңдылықтарын меңгерту, кәсіби қатысымдық құзыреттілігін дамыту. Тауып сөйлеуге төселдіру, тіл тазалығын сақтауды насихаттау.

Тірек сөздер: серіктестік, іскерлік, іскерлік кездесу, іскерлік орта, іскер адам, іскерлік қарым-қатынас, іскерлік байланыс, күнделікті байланыс, сөйлеу мәнері, сөз байлығы, тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, сөз әдебі, әдеп ережелері, кішіпейілділік, сыпайылық, ынтымақтастық, келісім, бухгалтерлік есеп, қаржы, төлеу-есептесу, өлшеу, бақылау.

Сөйлеу мәдениеті өспейінше жоғары ақыл мәдениетіне жетуге болмайды.

1. Мәтінмен жұмыс. Мәтіннің мазмұнын айтыңыз. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап беріңіз.

Сөйлеу мәдениеті

Сөйлегенде мынадай нәрселер ескерілуі тиіс:

- Орфоэпия заңдылықтарын сақтап, сөзді орынды қолдану.
- Қолды сермеуге, қатты күлуге, мәнсіз майысуға, аса қатты сөйлеуге немесе мінгірлеуге болмайды.
- Өзің туралы айта беру, барлық сөзді өзіңнен бастау – әдепсіздік, білмейтін нәрсе туралы айтудың қажеті жоқ.
- Қатты сөйлеп тұрған адамға қатты жауап берудің қажеті жоқ, байыппен сөйлеу керек.

Тыңдай білуде мыналарды басты назарда ұстау керек.

Кісімен сөйлескенде оның жүзіне сыпайылықпен назар сап, айтайын деген ойын сабырмен тыңдап, асықпай, сөзінің аяғын күткен дұрыс. Сөйлесіп тұрғанда мән бермеу, теріс айналу, сағатқа қарау, шыдамсыздану әдепсіздікке жатады. Өзгелердің сөзіне рұқсатсыз араласпау керек. Қажет болғанда, “ғапу етіңіз, сөзіңізді бөлемін” деп барып, айту керек.

Аристотель: «Күллі адам баласы белгілі дәрежеде шешендіктану іліміне қатысты. Демек, іскер, бизнесмен, заңгер, мұғалім, агроном, әлеуметтік сала қызметкері, дін саласын уағыздаушы өз кәсібінің шарықтау шегіне жеткісі келсе, сөйлеу өнерін жетік меңгеруі тиіс. Себебі оларға адамдармен үнемі қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, кеңес беруге, ұстаздық етуге, ресми ретте шаршы топ алдында сөйлеуге тура келеді. Ал шаршы топ алдында сөйлеу үшін не айтатыныңды білу аздық етеді, бұған қоса қалай айту керектігін білген жөн. Іскер маман өзі сөйлерде «Кімдерге сөйлеймін?», «Оларға не айтамын?», «Оларға мұны не үшін айтамын?» деген сауалдарды ойлануы тиіс.

Жинақтай айтсақ, іскер маманның жоғары дәрежедегі сөйлеу мәдениетінің болуына қойылар талаптар мынандай: тыңдаушыны қадірлей білу, сөйленген сөздің анық, дәл, айқын естілетін болуы, сөз сөйлеуде бет-аузыңның, қолыңның қимылын қатыстыру. Тыңдаушыға көз қырын салу, сөзді тыңдаушы ығыр болған сөзден бастамау, сөздің қысқа әрә тұжырымды болуын қадағалау. Адамның қалай сөйлегеніне қарап, оның рухани және парасаттылық өрісін, ішкі мәдениетінің дәрежесін анықтауға болады.

(Ғалия Абилбакиева «Шаршы топта сөйлеу мәдениеті»)

Сөйлеу әдебінің жағдаяттары: назар аудару және назарды өзіне аударту, амандасу, тыңдау, шақыру, өтініш айту, кеңес беру, ұсыныс жасау, келісу, қарсы болу, кешірім сұрау, көңіл айту, өошемет сөз айту, құттықтау, қоштасу, т.б. түрлерді атауға болады.


2. Сұхбатты рөлдерге бөліп оқыңыз. Іскерлік әңгіменің мазмұнына назар аударыңыз. Сөз орамдары қалай қолданылған?. Өзіңіз сұхбат құрыңыз.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе! Сізге қандай көмек көрсете аламын?
- Уақытыңызды алғанымға ғапу етіңіз. Маған «Кең дала» компаниясының директоры Әли Ахметұлы керек еді.
- Мына кабинетке кіріңіз.
- Рақмет.
- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе! Мен – «Эльдар» компаниясының директоры Әдемі Оспанқызы боламын.
- Төрлетіңіз. Танысқанымға қуаныштымын. Сізге қандай көмек қажет?
- Біздің компания Қазақстанның барлық облыстарына өнімдерін шығарып, елімізді сүт тағамдарымен қамтамасыз етіп отыр. Сондықтан сіздердің компанияларыңызбен бірлесе отырып, сүт өнімдерін ТМД елдеріне экспорттасақ деген ұсыныспен келіп отырмын. Бұл мәселе туралы не ойлайсыз?
- Жақсы. Ол үшін өнімнің сапасын жоғарылатып, жылдық есеппен санын көбейту керек. Біздің компания ТМД елдеріне өнімін он жылдан астам уақыт экспорттап келеді. Егер мүмкіндіктеріңіз болса, өнімді өндіру сапасын жақсартайық.
- Тіптен тамаша болды ғой. Керекті құжаттарды қашан толтыра аламыз?
- Онда бір жеті ішінде барлығы дайын болады.
- Сізге көп рақмет. Уақытыңызды алғанымға кешіріңіз.
- Сау болыңыз!
- Көріскенше.

3. Сөйлеу әдептілігіне байланысты айтылған ойға назар аударыңыз, тәрбиелік мәнін талдаңыз.

- ❖ Тым қатты, тым ақырын не тістеніп сөйлемеңіз.
- ❖ Тіл тигізіп, сөз жүргізбеңіз.
- ❖ Біреудің сөзін бөлмеңіз.
- ❖ Біреу жаңылысса, сөкпей, жаймен түсіндіріңіз.
- ❖ Қателессеңіз, мойындаудан ұялмаңыз.
- ❖ Ата-бабаңыздың артықшылығын айтып мақтанбаңыз.
- ❖ Ант ішіп сөйлеген – өтірікшінің әдеті.
- ❖ Үш кісі отырып, екі кісі сыбырласпайды.

4. АССОЦИОГРАММА



5. Мәтіндегі бухгалтерлердің міндеттері мен талаптарын есте сақтап, жазыңыз.

Бухгалтерлік экономика дамуда. Төл теңгеміз өмірге енген кезеңде бухгалтерлік есеп пен есеп-қисап жұмыстарының атқаратын міндеттері өте зор. **Бухгалтерлік есеп дегеніміз – кәсіпорынның қаржы және шаруашылық қызметтерінің нәтижелерін есепке алу жүйесі.** Бас бухгалтер шаруашылықты жүргізу жөнінде көптеген нұсқаулардың сақталуын қадағалайтын “мемлекеттік бақылаушы”.

Бухгалтердің негізгі атқаратын міндеттері:

- бухгалтерлік, салық және басқарушылық есеп жүргізу;
- мекеменің есеп саясатын құрастыру;
- бақылаушы ұйымдармен байланыс жасап отыру;
- жүргізілетін есеп-қисапты халықаралық стандартқа сай жүргізу;
- бухгалтерлік есеп жүргізу.
- құжаттарды қабылдап, өңдеп, бақылауына алуы;
- арнайы келісім-шарт бойынша қызметкерлерге жалақы төлеуі;
- салық және басқару есебін жүргізеді.

Бухгалтерге қойылатын талаптар:

- жоғары профильді білімі;
- салық жүйесі және бухгалтерлік есеп саласының заңнамаларын білуі;
- жеке компьютерді еркін меңгеруі;
- бағдарламалармен жұмыс істей алуы.

6. Өлеңді оқып, қазақша мазмұндаңыз. Бухгалтерді не үшін құрметтейді?

- **Бухгалтер**
- Есть бухгалтер в ресторане,
И на фабрике, и на бане.

Он деньгам ведет учёт:

Где расход и где приход.

Математику он знает

Цифры быстро сочетает,

Здесь расход, а здесь приход-

Ничего не пропадет!

Если ты считаешь верно,

Если любишь ты считать,

То бухгалтером, наверно.

Очень просто сможешь стать.

Если считать не любишь,
Если в счете ты – слабак;
То бухгалтером не будешь
Ты , естественно, никак.

Ведь бухгалтер, он считает
Все доходы и расходы,
И зарплату начисляет
Он работникам завода.

Очень всем нужна зарплата,
Всюду деньги любят счет.
Всем бухгалтерам, ребята,
Уваженье и пчет.

Теплов Б.

7. Әлемге әйгілі ғалымдар айтқан қанатты сөздермен таныс болыңыз.

Қанатты сөздердің мағынасы мен мәнін түсіндіріңіз.

Есеп- бұл бизнестің ар-ожданы, ұяты.

Л. Фон Мизес

Есеп- барлық бизнестің тілі, яғни философиясы.

Р.А. Фаулки

Бухгалтерлік есеп барлық ғылымдар мен өнердің алдында тұрады, басқалары онсыз өмір сүре алмаса, бухгалтерлік есеп үшін олардың ешқайсысы қажет емес және бухгалтерлік есепсіз әлемді басқару мүмкін емес, адамдар да бір-бірін түсінбес еді.

Б. Де Солозан

Біздің ғасырымыз — машина ғасыры, сондай-ақ ол Бухгалтерлік есеп ғасыры болып табылады.

П. Самуэльсон

Есеп — бұл барлық бизнестің тілі, яғни философиясы»

Р.А. Фаулки

Есеп — бұл бизнестің ар-ожданы, ұяты.

Л. Фон Мизес

Кез келген саладағы шаруашылықты жүргізуде жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сенімді кеңес беретін және дұрыс жол сілтейтін жалғыз ғана бухгалтерлік есеп.

Цирул

8. Болашақ есепші ретінде есепші білуге тиісті ережелерді жалғастырып жазыңыз.

Бухгалтер қызметінің негізгі түрлері: қаржылық –бақылау,есеп және талдау

Бухгалтер білуге тиісті:

• Бухгалтерлік есептерді рәсімдеу,негізгі қордың қозғалысы, тауарлық-материалдық құндылықтардың,ақша қаражатының бухгалтерлік есептерін жүргізу,

Қаржы саласындағы экономистердің кәсіби қызметінің негізгі объектісі:

• Кәсіпорынның қаржы қызметінің есебін жүргізу, жоспарлану және талдау, сондай- ақ меншік турлеріне байланысты құқықтық қызметтерді жүзеге асыру,

- Ұйымның қаржылық- шаруашылық қызметін талдау;
- Ұйымның төлем қабілетін бағалау, тарату;

9. Қазақ тіліне аударыңыз.

Культура общения, речевой этикет: тема и содержание разговора

Воспитанный человек редко рассказывает в обществе о своих личных делах, отношениях на работе, своих детях, недомоганиях, заботах, привычках, вкусах. Без особой надобности он не поделится и тем, что делал с утра.

Культурный человек мало говорит и о делах своих ближних. Иными словами, не сплетничает. Если вам навязывают подобную тему, лучше отвечать: «Полагаю, что нас это не касается». Если сплетничают о вас, не следует вовсе обращать на это внимания. Объяснения, опровержения, особенно «на всякий случай», никогда себя не оправдывают. Ведь часто бывает, что свою правоту вы доказываете человеку, который до этих пор вовсе не слышал о вас ничего дурного..

Не говорите на иностранном языке в присутствии людей, которые им не владеют.

Не следует спрашивать профессионального совета у врача или юриста, которого случайно встретили в гостях, на улице или в транспорте.

Некрасиво постоянно жаловаться на неудачи, на большой нос или кривые ноги. Может быть, ваш собеседник никогда этого не отмечал.

Редко привлекает к себе симпатии человек, повествующий в обществе о своих успехах, высоких качествах, талантах.

❖ Мәтіндегі сөйлеу әдептілігіне байланысты айтылған ойға назар аударыңыз.

❖ Әдеп ұғымдарын мағынасын жан-жақты ашыңыз.

❖ Мәдениетті адам деп кімді айтамыз?

❖ Қоғамдық орындарда адам өзін қалай ұстау керек?

❖ Өз ісіңіздегі сәтсіздіктер, бойыңыздағы кемшіліктер туралы басқаларға айтып шағымдануыңыз дұрыс па?

❖ «Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме» деген мәтелді қалай түсінесіз?

❖ «Жамандар жақсымын деп айқайлайды, жақсылар жақсымын деп айта алмайды» деген мәнерлі сөзді өз сөзіңізбен түсіндіріп айтып беріңіз.

10. Төмендегі сөйлемдердегі орфоэпиялық негізде жазылған сөздерді тауып, орфографиялық нұсқасын жазыңыз.

Өз ісін бастайтын іскер адамдардың алдында сол іспен айналысып жүргөн басқа ұжым адамдарымен қарым-ғатынас, **іскерлік кездесулер** жүргүзу қажет болады.

Сондықтан сіздермен бірлесе отұрұп, сүт өнүмдерін ТМД елдеріне экспорттасақ деген ұсұнұспен келіб отұрмын.

Керекті құжаттарды ғашан толтыраламыз? Мұсұлман елінде сол ғолмен желіңген ас харам болұп есептеледі.

... **ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ!!!**

Қандай да бір қиын жағдайда да балағат сөздерге тыйым салынады, көкейге қонымды, көңілге ұнамды сөздер ғана айтылсын. Үнді заңы.

Аузыңа абай бол, көкейдегі сөзді айтуға асықпа. Ойланбай сөйлесең опық жейсің.

Шумерлердің тас табақтағы жазуы.

Сөйлегенде сабыр сақтаған жөн, асықпа, аптықпа, қызбаланба, дауысыңды көтерме, сөзің орынды да ұрымтал болсын. *Мексика шежіресінен*

Тіл тазалығы дегеніміз - ана тілінің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау.

Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу.

А.Байтұрсынов

11. Мақалда жаттап, айтып беріңіз. Мағынасын түсіндіріңіз.

Тіл туралы халық даналығы :

Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер.

Бір жылы сөз бітірер, мың көңілдің жарасын.

Сөз қадірін білмеген, өз қадірін білмейді.

Сәлемі жараспағанның, сөзі де жараспайды.

Сөйлей білмеген кісіден үре білген ит артық.

Сөйлей білмес жаманның – сөзі өтпес бір пышақ.

Сөз білетін адамның – әр сөзіне бір тұсақ.

12. Сөйлемдердің , сөз тіркестерінің қазақ тіліндегі баламасын жазыңыз.

Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Воспитанный человек:

*редко рассказывает в обществе о своих личных делах.

*мало говорит, не сплетничает.

*навязывают подобную тему

*на иностранном языке ...

Не следует спрашивать профессионального совета у врача или юриста, которого случайно встретили в гостях, на улице или в транспорте, ...

Некрасиво постоянно жаловаться...

Ваш собеседник ...

Никогда не отмечал ...

13. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, көшіріп жазыңыз.

1. Қызмет бабында жеке кісімен конфиденциальді пікірлесу қажет болады. Бұл сізден жоғары деңгейінен көрінуіңізді қажет етеді. Әрбір жағдайға қажетті тон, тауып, ойыңызды жеткізе білуіңіз керек. (Керекті сөздер:*мәдениеттіліктің, сауатты, сөздерді*)

2. Әр маман өз ісінің үгітшісі, болуы керек . Көпшілік алдында сөйлей білгеніңіз, тілін білгеніңіз – білікті ретінде бағаңызды көтереді. (Керекті сөздер:*маман, еркін.шешені.*)

3.Тіл – маманның бар, ісін жүзеге асыратын, немесе жеткізетін құрал. (Керекті сөздер: *бейнелейтін, ойын*)

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!!!

14. Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңыз. Мейрамханадағы іскерлік кездесуге байланысты әріптесіңізбен сұхбат құрыңыз.

1. Іскерлік кездесуге мейрамханаға ешқашан аш келмеңіз. Дұрысы, алдын ала бір жерден тамақтанып алу керек. Сіз мейрамханаға тамақ ішу үшін емес, іскерлік байланыс орнатуға және қызмет бабындағы мәселелерді талқылауға бара жатырсыз.

2. Дастарқан басында өзіңіздің диеталық талғамыңыз бен денсаулығыңыздың ақаулары туралы айтуға болмайды. Егер ұсынылған тағамды жегіңіз келмесе, аллергияңыздың бар екенін немесе асқазаныңызға жақпайтынын түсіндіріп жатпай-ақ, тағамды ысырып қоя салыңыз.

3. Қол алысқанда іскерлік серіктесіңіздің қолын қатты қысуға болмайды, бірақ қол алысу жігерлі нығыз болуы тиіс. Қол алғанда қолды екіден артық сілкілемеу керек. Кездесушіге мұздай суық қолды ұсына салу да ағаттық. Егер күн суық болса, қолыңызға қолғап киіп жүріңіз.

15. ТОПТЫҚ ЖҰМЫС.

1-топ. Мақалды жалғастырып айтыңыздар.

2-топ. Берілген мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер. Ол мақалдардың сөйлеу әдебіне қандай қатысы бар?

3-топ. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді оқып, шығарма жазыңыздар.

- | | |
|----------------------------------|---|
| 1. Тіл – адам ойының ... | 7. Көп сөз – күміс, аз сөз ... |
| 2. Аңдамай сөйлеген | 8. Жасында қылжың болсаң, өскенде |
| 3. Ойнап сөйлесең де, | 9. Таза сөйлеу – биік ... |
| 4. Тисе терекке, тимесе ... | 10. Көңілсіз ... – ойға олақ. |
| 5. Айтылған сөз - ... оқпен тең. | 11. Тіл тас жарады, |
| 6. Бал тамған тілден ... тamar. | 12. Тіліңмен жүгірме, |

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

ТЕСТ

1. Адамның қалай сөйлегеніне қарап, оның рухани және парасаттылық өрісін, ішкі дәрежесін анықтауға болады

А. Өнерінің

Ә. Мәдениетінің

Б. Білімінің

В. Салмағының

Г. Қарым-қатынасының

2. Тіл тас жарады, тас жармаса,...

А. Бас жарады

Ә. Ағаш жарады

Б. Гүл жарады

В. Тіс жарады

3. Қарым-қатынас деген сөз қандай ұғымды білдіреді?

- А. Екі адамның бетпе-бет тілдесуі
- Ә. Адамның өз ортасымен жанды байланысы
- Б. Көпшіліктің ортақ пікірі
- В. Халықтың дәстүрдің көрінісі
- Г. Көпшілікпен кездесу

3. Искерлік қарым-қатынасқа тән белгіні көрсетіңіз.

- А. Дос-жаранмен сыйластық
- Ә. Отбасындағы қатынас
- Б. Қызмет бойынша қатынас
- В. Қоғамдық көліктегі сөйлесу
- Г. Аудиториядағы сөйлесу

4.: «Есеп- бұл бизнестің ар-ожданы, ұяты.» деген кім?

- А. Л. Фон Мизес
- Ә. Абай
- Б. Р. Ғамзатов
- В. Б. Момышұлы
- Г. М. Жұмабаев.

5. Искер адамдар _____ болады..

- А. Тәуекелшіл
- Ә. Шешен
- Б. Еңбекорі
- В. Жемқор
- Г. Айлакер

6. Деловые бумаги сөзінің орысша баламасы

- А. Іс қағазы
- Ә. Іс қағаздары
- Б. Искер қағаз
- В. Жұмыс қағазы
- Г. Искери қағаз

7. Орфоэпиялық нормаға сай жазылған сөзді табыңыз.

- А. Дөрөкү сөйлеу
- Ә. Искерлік тамақтану
- Б. Еңбек ету
- В. Пікірімен санасу
- Г. Сыйлық тапсыру

8. Орфоэпиялық нормаға сай жазылған сөзді табыңыз.

- А. Оңай олжа табу
- Ә. Арам тамақ
- Б. Сөзү түйөдөн түскөндөй
- В. Босбелбеу
- Г. Қоян жүрек

9. Деловая встреча сөзінің қазақша баламасы

- А. Жұмыс кездесуі
- Ә. Искери кездесу
- Б. Іс кездесуі

В. Искерлер кездесуі

Г. Искерлік кездесу

10. Істің _____ шешімін табу

А. Жайсыз

Ә. Теріс

Б. Оң

В. Қызық

Г. Жайлы

11. Искерлік қарым-қатынастың сапасына оң әсер ететін факторды атаңдар.

А. Шешен сөйлей білу

Ә. Ресми сөйлесу әдебін білу

Б. Дауыс ырғағын сақтап сөйлеу

В. Асықпай сөйлеу

Г. Ойланып сөйлеу

12. Адам бойындағы қандай қасиет іскерлік қарым-қатынастың тиімділігін арттырады?

А. Ұялшақтық

Ә. Алғырлық

Б. Сөйлесу әдебін білу.

В. Әріптестерін сынау

Г. Қарсы пікірге келу

13. Тіл тазалығы дегеніміз -

А. Мақалдап сөйлеу

Ә. Басқа тілдің сөзін қолдану

Б. Шешендік өнерді пайдалану

В. Кәсіби сөздерді пайдалану

Г. Ана тілінің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау

14. Бетің қисық болса, _____ өкпелеме.

А. Табиғатқа

Ә. Адамға

Б. Тараққа

В. Айнаға

Г. Әпкеңе

15. Мәдениетті адам сөйлесу кезінде қандай ережелерді орындайды?

А. Бұрылады, шыдамсызданады

Ә. Сағатқа қарайды, асығады

Б. Дөрекі сөздерді қолданады

В. Өз ойын дұрыс грамматикалық нормада жеткізеді

Г. Ұялы телефонға жауап береді

16. Деловой человек сөзінің орысша баламасы.

А. Қиын адам

Ә. Искер адам

Б. Сыйлы адам

В. Күшті адам

Г. Жұмыскер адам

17. Орофоэпиялық нормаға сай сөз қайсы?

- А. Өлең
- Ә. Құндүз
- Б. Жұлдыз
- В. Көпір
- Г. Лақ

18. Сөйлеушінің шеберлігінен тыңдаушылар _____ алады.

- А. Материалдық көмек
- Ә. Эстетикалық ләззат
- Б. Рухани байлық
- В. Ақыл
- Г. Киім

19. «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл » деген қанатты сөзді кім айтты?

- А. О. Хаям.
- Ә. Абай
- Б. П. Милиоранский
- В. Шекспир
- Г. А. Саади

20. Мәдениетті сөйлеудің негізгі сапасын көрсетіңіз:

- А. Өз сөзінді мойындата білу.
- Ә. Тыңдаушының ойынан шығу.
- Б. Тіл тазалығын сақтау.
- В. Оқшау сөздерді қолданбау.
- Г. Оқшау сөздерді қолдану.

СӨӨЖ

Сабақтың мақсаты: Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорын молайту, дұрыс сөйлеу мен дұрыс жазуға үйрету.

1. *«Тәуекелшілдік – іскерлерге тән қасиет» атты пікірталас ұйымдастырыңыз.*
2. *Мәтіндерді оқып шығып, тіл туралы қанатты сөздерді жазып алып, есте сақтаңыз*

I. "Тіл — адам жанының тілмәші. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт — тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмыс, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі — бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең. Тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлейміз деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші, қазақ тілін қолданбақшы. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол

біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік”. «Ұлт үшін тілінен қымбат еш нәрсе жоқ» деген Мағжан Жұмабаев.

Күнделікті өмірде қолданылып жүрген сөз ішіндегі «өгей» сөздерді айтыңыз.

Қазіргі кездегі мемлекеттік тілдің мәртебесі қандай дәрежеде деп ойлайсыз? Бөгде сөздердің сөз сапасына тигізер жағымсыз әсеріне мысал келтіріңіз.

СӨЖ

I. Мақалдарды жаттаңыз. Адам мінезі туралы пікірлесіңіз.

1. Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені.
 2. Әдепті бала - арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала.
 3. Әдептің не екенін әдепсіз адамды көргенде ұғарсың.
 4. Аға әдепті болса,- іні әдепті.
- Апа әдепті болса, - сіңлі әдепті.

Күллі өнердің дұшпаны . талапсыздық жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі содан шығады . талапсыз . қайратсыз, қорқақ кісі - мақтаншақ келеді

Еріншектік күллі дүниедегі өнердің дұшпаны: талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі содан шығады. Абай

Ең зиянды адам мінезі тайғақ, екі сөйлейтін адам. Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек – осы төртеуі кімнің бойында болса, сол шын адам болады. Кішіпейілділіктен кішіреймейсің. Кекірейген кердеңдерден қаш.

III. Құдайбердіұлы

II. Мақал-мәтелдерді пайдаланып, «Әдептің басы – байқап сөйлеу» деген тақырыпта эссе жазыңыз.

5. СӨЗДІҢ ҚИСЫНДЫЛЫҒЫ. КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗУ ӘДЕБИ

Сабақтың мақсаты. Сөйлесім құрастыру арқылы келіссөз жүргізу әдебін меңгерту. Өз ойларын анық әрі мәдени жеткізе білуге дағдыландыру. Сөздік қорын молайтып, кәсіби қатысымдық құзыреттілігін дамыту.

Тірек сөздер: *Келіссөз жүргізу, ресми тіл қисындылық, жабайы тіл, талап, әріптестік байланыс , келісімшарт, осалдық, баға, ішкі/сыртқы нарық, мүмкіндік, беделді өсіру, тапсырыс, атақ-бедел, шығын, жоспар, шешім, төлемақы, қабылдау, ескеру, бас тарту, ұсыну, келісімге отыру, серіктес.*

I. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сөздің қисындылығы

Сөздің қисындылығы деп жеке сөздің, сөз тіркесінің грамматикалық тұлғалардың өз орнында қолданылуын айтады. Мәселен, ауызекі сөйлеуде ресми стильдегі сияқты стандарт тілмен қарым-қатынас жасау күлкі туғызар еді.

Айталық, студенттерге арналған лекцияны балабақшада оқу ыңғайсыз. Сол сияқты келіссөзде қарсы тарап түсінбейтін тілде, тым ғылыми тілде немесе тым жабайы тілде сөйлеу қисынсыз. Ол екі тараптың өзара келісімге келуіне кедергі

болады. Олай болса, сіздің кездесуіңіз құрдымға кетті дей беріңіз. Сол сияқты шетелдіктермен іскерлік кездесуде халықаралық іскерлік мәдениетін, ресми стиль мәдениетін білмесеңіз, ол сіздің ісіңізге бөгет болуы мүмкін. *Сондай-ақ, бөтен ортада өзіңізді және өзіңіздің халқыңыздың данышпандығын көрсететін орынды айтылған ой мен сөз, сый-құрмет сізге сәттілік әкелуі мүмкін. Ол сіздің көпшілік алдындағы беделіңізді өсіреді, сіз арқылы халқыңыздың мерейі үстем болады. Әр істің қисынын келтіру сіздің қисынды айтылған сөзіңіз бен орындаған әрекетіңізге байланысты екенін ұмытпаңыз. Сөзді терең талғамменмен таңдап, мағынасын ақылмен салмақтап барып жұмсаңыз. Сөзге сақ болыңыз, сөз өшіреді де, өсіреді де.* Сондай-ақ, іс қағаздарын толтыру кезінде көркем әдебиет тіліндегідей сөздің стилистикалық бояуын қолданудың еш қисыны болмайды. Сөздің стильдік қисындылығы көп жағдайда әңгіме мазмұнының кімге, қандай аудиторияға арналғанына тікелей байланысты болып келеді.

- ❖ Сөздің қисындылығы дегеніміз не?
- ❖ Жабайы тілде сөйлеу дегенді қалай түсінесіз?
- ❖ Қарамен жазылған сөйлемдерді түсініп оқып, көшіріп жазыңыз.

ОЙТОЛҒАУ

2. Тіл не деді? Ол неге бұлай сөйледі?Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіріңіз. Пікір алысыңыз.

ТІЛ: «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, ділмар бабаларымның бұлбұлдай сайраған тілі едім. **Мөлдір судай таза едім.** Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей **өткір едім.** Енді қандаймын? **Кірленіп барамын, былғанып барамын.** Мен не көрмедім? Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды қосты, былдырлатып орысты араластырды. Төңкеріс болды. **Қазақтың көзі ашылды.** Оның үстіне қазақ тілі - мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. **Төбем көкке екі елі жетпеді.** Бірақ, не керегі бар, **босқа қуанған екенмін...**» деп тебіреніпті *Міржақып Дулатов*

3. Мәтіннің сөз қисындылығы талаптарына сай немесе қайшы жазылғанын дәлелдеңіз.

Ертеде бір кісі баласын әбден есіртіп, еркелетеді. Өсе келе баласының тілі удай ащы, есерсоқ, қатігез атанады. Жұрт безердей болғандықтан, оның қасына ешкім жүрмеуге тырысады. Әкесі әбден ойланып, мынадай айла жасайды. Баласын шақырып алып, бір жалпақ тақтай береді. Күніне қанша адамды ренжітсең, мына тақтайға сонша шеге қақ дейді. Бала тақтайға 37 шеге қағады.

«Балам, өзінді тежеп ұстап, шегенді азайтуға тырыс» депті. Баласы әкесінің сөзін тыңдап, азайта отырып, ешкіммен ұрыспайтын, шеге қақпайтын да күнге жетіпті. Сол күні әкесі былай деп ақыл айтады:

«Енді балам ешкіммен ұрыспайтын болдың. Бір адамды қуантқанда бір шегеден суырып отыр»

Бала әкесінің сөзін орындауға тырысып, тақтайдағы шегені де күндердің бір күнінде тауысыпты.

Әкесі қуанып «Балам мен сені дұрыс адам болмайтын шығар деп қорқып едім. Міне, өзіңді өзің тәрбиеледің, жақсы адам болып жолға түстің. Бірақ ,балам, мына тақтайға қарашы, бұрынғысындай тегіс әдемі емес. Беті шұрық тесік. Сен қанша кешірім сұрасаң да, олар қанша кешірдім десе де кезінде айтылған сөздерді қалай өшіресің? Бәрібір ол жүректің түбінде қалады ғой. Әрине , бұл күндерің әркіммен бір ұрысып жүргеннен жақсы. Бірақ бұл саған өмірлік сабақ болсын, тіліңе ие бол» дейді.

- Бұл әңгімеден қандай ғибрат алдыңыз?
- Әкесі неге қарапайым талап қойды?
- Ата-анасының баласын еркелеткені дұрыс па?
- Тақтайдың бетін немен бітеуге болады, көңілде қалған сөздерді немен өшіруге болады?
- Осы баланың орнында болсаңыз не істер едіңіз?

4. Сөздердің тыныс белгілерін қойып, 3 түрлі тонмен айту мүмкін/мүмкін еместігін анықтаңыз. Және олардың қандай жағдайда, контексте қолданылатынын жазыңыз.

Мысал	<i>Сабырға шақыру мағынасында</i>	<i>Сыпайылық білдіру мақсатында</i>	<i>Бұйыру мағынасында</i>
Сәкен Сәрсенұлы, мен бұған келісе алмаймын .			
Келіссөздер қашан басталды?			
Бізге біраз уақыт беріңіз.			
Қолдаса жақсы.			
Мен келісе алмаймын.			
Сенімдеріңізге көп рақмет!			
Біз сіздерден күтпеп едік.			
Бір-екі күн күте тұруыңызды сұраймын.			
Иә, мен сізді тыңдап тұрмын.			
Өтінемін отырыңыз!			

5. Сөздерді түрлі тонмен қандай контексте және қандай мақсатта қолданатыныңызды айтыңыз.

1. Маған сеніңіз (өтініп, сеніммен, кекесінмен, сұрап)
2. Серіктестігіміз жемісті болатынына сенемін! (қуанып, қуланып, сызданып айтыңыз)
3. Сөзіңізге қалай сенуге болады?! (ашумен, ренжіп)
4. Құттықтаймын! (қуанып, ұстамдылықпен, кекесінмен)

5. Сіздердің компанияларыңызды білеміз (білгішсініп, сенімсіздікпен, сеніммен).
 6. Бұл біздің кінәміз емес. (ашумен, сабырмен, ақталып)
 7. Иә, айыптымыз . (кешіріммен, ашумен, өкінішпен).
 8. Сене алар емеспін .(таң қалып, ашумен, өкінішпен).
 9. Бәке, сабыр етіңіз .(сабырмен, бұйырып, жанашырлықпен)
 10. Сәке (ескертіп, қаратып, ашумен, сұрап, қуланып, кекесінмен)
 11. Сәкен Сәрсенұлы! (таң қалып, сұрап, сүйсініп, кекесінмен, бұйырып, қаратып, қуланып)
- 6. Мәтінге ат қойыңыз. Мәтіннен жаңа сөздерді(экономикалық) жазып алыңыз. Мазмұнын айтыңыз. Негізгі тірек сөйлемдерді жазыңыз.**

Бухгалтерлік есеп саласы бұдан бірнеше жүздеген жылдар бұрын пайда болған.

Бухгалтерлік есеп басқару жүйесінде ең маңызды орындардың бірін иеленеді. Бұған дәлел – Біріккен Ұлттар Ұйымының 1992 жылы өткізген конференциясында «Есептей алмаған, басқара алмайды», — деген сөз.

Алғаш рет бухгалтерлік есеп термині XV ғасырда Австрияда пайда болды.

Бухгалтерлік есеп саласы өзінің бастауын XII ғасырдан алады. Бұл ғылым туралы түсінік шамамен 1340 жылдары Генуя қаласында пайда болған. Бухгалтерлік есептің негізін қалаушы және дамытушы француз монахы Лука Паччоли болып табылады. Ол бухгалтерлік есеп туралы 1493жылы «Шоттар және жазулар» трактатын жазды.

Бухгалтерлік есеп – ұйымның қаржылық ақпаратын белгілі бір әдістер бойынша есептейтін, өлшейтін, өңдеп, тасымалдайтын ғылым. Ол – кәсіпорынның жұмысын толығымен бақылап, оны басқару үшін бағыт- бағдар беріп, алдағы уақытта істелінетін жұмысын жоспарлайды.

Бүгінгі таңда бухгалтерлік есептің маңызы мен рөлі арта түсуде. Сондықтан да кез келген елде бухгалтер мамандары барынша білімді болуы керек. Осыдан да болар, ғалым Дж, Мэйдің «Бухгалтерлік есеп эрасы басталды»,—деп айтуы тегін емес.

- «Бухгалтерлік есеп» термині қашан пайда болды?
- Бухгалтерлік есептің негізін қалаушы және дамытушы кім?
- Бухгалтерлік есеп туралы алғашқы трактат қалай аталады?
- Бухгалтерлік есеп туралы тұңғыш жазылған еңбекті атаңыз.

Бухгалтерлік есеп дегеніміз не?

7. Берілген анықтамалардың ішінен артық екеуін табыңыз.

Бухгалтерлік есеп:

кәсіпорынның барлық қаржысын есептейді;

қызметкерлердің жалақысын есептейді;

болашақта пайдалану үшін ұйымда болып жатқан операцияларды тіркеп, оны өңдеп отырады;

қаржы есебін тексереді;

қаржылық- ақпараттық мәліметтерді пайдаланушыларға уақытында беріп отырады, ал бұл деректер арқылы пайдаланушылар ұйымды басқару барысында түрлі шешімдер қабылдайды.

ұйымның қаржылық- ақпараттық мәліметтерін өңдейді және сақтайды; екінші деңгейлі банктердің қаржылық есебін бақылайды.

8. Мәтінді қазақшаға аударыңыз. Кәсіби сөздерді табыңыз.

Бухгалтер – одна из самых востребованных профессий – это специалист по бухгалтерскому учету, работающий по системе учета в соответствии действующим законодательством. Зачатки учета появились еще глубокой древности. Наскальные рисунки позволяют предположить, что древние люди вели записи происходящих событий, а учет начался еще до появления наскальной росписи еще – 100000 лет до н э назад в обиходе использовались глиняные и каменные жетоны-токены предназначенные для учета материальных ценностей.

1. Расчёт зарплаты – знать пора Проводят в срок ... 2. В фирме прибыль он считает, Всем зарплату начисляет. И считать ему не лень Все налоги целый день.

9. Мәтін мазмұнын пайдаланып, сұхбат құрыңыз. Сұхбатқа алдыңғы мәтіндерді де пайдаланыңыз.

Бухгалтерлік мамандықты бітірушілердің қызмет түрлері:

Бітірушілердің бас бухгалтер немесе жетекші мамандар қызметінің атқаратын салалары: қаржылық ұйымдар, мемлекеттік басқарулар, министрліктер және ведомостар, фирмалар, корпорациялар, кәсіпорындар.

Бухгалтерлік есепті халықаралық тәжірибеде бизнестің тілі деп атайды. Бухгалтерлік есеп – ол әлемдік экономиканың маңызды және жоғарғы табысты саласы. Бұл сала бойынша білім алған мамандар жер шарының кез келген мемлекетінде кең мансаптық жетістіктерге және мүмкіншіліктерге ие. «Есеп және аудит» мамандығының бір саласы *аудитор* қызметі табылады. Олар ірі компанияларда, корпорацияларда, холдингтерде, дамыған филиалдары бар фирмаларда сұранысқа ие.

Сонымен қатар олар салық және қаржылық инспекцияларда маман, қаржылық талдаушы, қаржылық директор және менеджер болып жұмыс атқарады.

10. Мәтінді оқып, мазмұнын біліп алыңыз.

Келіссөз және оны жүргізу әдебі

Келіссөздерді дайындау. Келіссөздер мұқият дайындауды қажет етеді.

Келіссөздерге неғұрлым көңіл бөлсең (әр түрлі қорытындылар, экономикалық,

статистикалық мәліметтер мен талдаулар, т.б.), соғұрлым табысты болуына мүмкіндік бар.

Дайындық барысында қонақтарды қабылдау бағдарламасы да анықталады. Онда қонақтарды қарсы алу тәртібі, қарсы алушылар, құттықтау сөздер, қонақ үйге жайғастыру, бағдарламаның іскерлік бөлімі (кездесулер, әңгімелер, келіссөздер), қабылдаулар, таңертеңгі ас, түстік, т.б. әр түрлі объектілерге бару, мәдени іс-шаралар, елді аралау, шығарып салу, т.б. қамтылады. Болар кездесудің мазмұнына ерекше назар аудару қажет:

Келіссөз құжаттарын дайындауға аса мұқият қараған жөн. Іскердің мәліметі мол болса, жоспары жақсы болса, шеберлігі жоғары болса, ұсыныстары толық дәлелденсе, сол ұтады.

Әріптестерге таныстыру үшін дайын анықтама материалдар салған папканы немесе жобаны ала барған жөн.

Құжаттар сауатты жазылуы тиіс. Белгілі бір мекемеде қызмет барысында пікірлесу, құжаттар алмасу, келіссөз жүргізу, келісім-шарт жасау, жиналыстар, дөңгелек үстел өткізу үшін ауызша сөйлеу тілінің сауаттылығы да өте маңызды.

Келіссөз жүргізу әдебі. Кәсіпкер өз ортасында әріптестерімен пікірлескенде, сәлемдесу, жұмысының жоспарын қысқаша түсіндіру барысында әдеп пен мәдениет деңгейін сақтау қажет. Келіссөздің әсерлілігі, сөйлеушінің дауыс ырғағы, сөйлеу әдебі жұмыстың нәтижеге жетуіне өз әсерін тигізеді. Нақты ұсынысты, жоспарды талқылауда басқа адамдардың көзқарастарымен санаспай, дауыс көтере сөйлеу, тек өзінің пікірін біржақты дұрыс санау іскерлік қарым-қатынаста өзара тіл табысуға да кедергі келтіреді. Пікірталасушылардың бір-біріне құрметпен қарауы, асыра сөйлемей – әдептіліктің бір белгісі. Осындай жағдайда сөйлеушілер бірінің сөзін бірі бөлмей аяғына дейін тыңдап, өз ризашылықтарын білдіруі тиіс.

Сөз әдебі – адамдық қасиеттерді сақтау, орнымен сөйлеп, салмақты жауап беру. Екі тараптың әңгімелесу кезінде келісімге келмеу белгілері байқалса, тақырыпты аздап басқа бағытқа бұруға болады. Бұл да – әдеп белгісі.

ЕСКЕРІҢІЗ!

1. Келіссөзде өтініш білдіруде «деймін», «дейміз», «екен» сөздері **шартты райдың сыпайы** түрінде, **көпше** тұлғада жиі қолданылады:

-*ескерсеңіздер **деймін/дейміз**;*

- *ескерсеңіз **деймін/дейміз**;*

-*жауаптарыңызды **тез арада берсеңіздер екен**;*

2. Келіссөзде қалау-тілекті білдіру үшін **қалау рай** тұлғасының **сыпайы, көпше** түрі белсенді түрде қолданылады:

-*тапсырысты **көбейткіміз келеді**;*

-*келісім-шартқа **отырғымыз келеді**;*

3. келіссөзде «**біз**», «**сіз**», «**сіздер**» тұлғасында сөйлеген орынды.

-***БІЗ** тауарды шетелге шығарғалы жатырмыз.*

Ж.Бектұрғанова «Экономистерге арналған кәсіби қазақ тілі»

11. Мәтінді рөлге бөлініп, мәнеріне келтіре оқыңыз. Келіссөзде қолданылған сөздер мен сөз тіркестеріне назар аударыңыз. Сіз қалай сөйлесер едіңіз?

Келіссөзде

I. Асқар: Сәлеметсіз бе? Менің ата-тегім Смайылов Серік. Мен Алматыдан келдім, әрі кабель зауытының мүддесін білдіремін.

Сәкен: Біз сіздің жарнамалық құлақтандыруыңызбен таныстық. Сіздің өнім бізге мәлім, біз оны жоғары бағалаймыз.

Асқар: Біз енді ынтымақтастығымыздың мүмкіндіктерін егжей-тегжейлі талқылағымыз келеді.

Сәкен: Әлбетте, бұл телефонмен шешетін мәселе емес, мен де сізбен біздің жүзбе-жүз кездесетін уақытымыз туралы уағдаласқымыз келеді.

Асқар: Бірақ менің бүгін түске дейін басқа бірлестікпен келіссөзім бар. Сондықтан бүгін ешқандай мүмкіндік жоқ.

Сәкен: Сіз менің бүгін түстен кейін сағат 15-те қабылдай алмас па екенсіз?

Асқар: Сізге қалай қолайлы болса, солай болады. Біздің қанша уақытымыз бар?

Серік: Сірә, екі сағат керек болар.

Асқар: Мен сағат 12-де кездесуді ұсынамын.

II. Сәкен: Бізде келісімшартқа өзгерістер (толықтырулар) енгізу қажеттігі туды.

Асқар: Бұл неге байланысты туды?

Сәкен: Бізде өндіріс жағдайлары өзгерді.

Асқар: Сіздер келісімшартқа енгізілетін өзгерістердің жобасын дайындап та қойдыңыздар ма?

Сәкен: Иә, біз келісімшартқа енгізілетін тиісті толықтыруларды дайындап та қойдық.

Асқар: Келісімшартқа енгізілетін өзгерістердің (толықтырулардың) сипаты қандай?

Сәкен: Біз төлем сомасын өзгерткіміз келеді. Келісімшартқа енгізілетін өзгерістерді өте қажет деп санаймыз. Келісімшартқа өзгерістерді екі тілде әзірледік, орыс және қазақ тілдерінде. Сіздерге келісімшартқа енгізілген өзгерістердің көшірмесін береміз.

Асқар: Бұл келіссөз ойдағыдай аяқталады және таяу уақытта келісімшартқа қол қойылады деген үміттеміз.

12. Д.Карнеги іскерлік кездесуде ескеру керек 6 ережені ұсынады. Ережені оқып, пікір алысыңыз. Бұл ережелер бүгінгі таңда қаншалықты маңызды деп ойлайсыз? Тағы да қандай ереже ұсынар едіңіз?

1. Адамдарға қызығушылық танытыңыз;

2. Басқаларға күлімсіреп қарауыңыз керек.

3. Адамдарға атымен атау ең керемет ләззат сезімін тудырады, сондықтан атымен атаңыз.

4. Жақсы тыңдарман болыңыз. Басқа адамдарды мадақтай біліңіз.

5. Өңгімені сөйлескен адамның қызығушылығы шеңберінде жүргізіңіз.

6. Адамдарға олардың маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беріңіз және бұны шын көңілмен жасаңыз!

Дейл Карнеги «Адамдарға қалай әсер етуге және достасуға болады»

Жағдаяттық тапсырма

Сіз келіссөздесіз. Мейрамхана құрылысын жүргізуге байланысты келісім жасамақсыздар. Серіктесіңіздің ойларымен келісетініңізді қалай білдірер едіңіз? Қарсы жаққа қандай сұрақ және қандай формада қояр едіңіз?

**ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА
ТЕСТ**

1. Бухгалтерлік есеп қай қызметті атқармайды?

- А. Кәсіпорынның барлық қаржысын есептейді.
- Ә. Қызметкердердің жалақысын есептейді.
- Б. Операцияларды тіркейді.
- В. Ұйымның қаржылық- ақпараттық мәліметтерін өңдейді және сақтайды.
- Г. Кәсіпорын жұмысын жарнамалайды.

2. «Бухгалтерлік есеп» термині қашан пайда болды?

- А. XXII ғасыр;
- Ә. XXIII ғасыр;
- Б. XXIV ғасыр;
- В. XXV ғасыр;
- Г. XXVI ғасыр.

3. Бухгалтерлік есептің негізін салушы кім?

- А. Лука Паччоли ;
- Ә. Рональд Фаулки;
- Б. Л.Фон Мизес;
- В. Б.Де Солозано;
- Е. Джон Маркос.

4. Кәсіпорындар акционерлер мен басқа клиенттер сеніміне ие болған білімді де білікті ... тандап, шақыруға тырысады.

- А. Аудиторды;
- Ә. Инженерді,
- Б. Агрономды;
- В. Студентті;
- Г. Зейнеткерді.

5. «Бухгалтерлік есеп» термині қай жерде пайда болды?

- А. Қытайда;
- Ә. Германияда;
- Б. Америкада;

- В. Австрияда ;
- Г. Византияда.

6. Кәсіпорын өндірген өнімнің құнын, одан түскен пайданы, қызметкерлердің жалақысын есептеуші тұлға кім?

- А. Бухгалтер;
- Ә. Аудитор;
- Б. Менеджер;
- В. Маркетолог;
- Г. Қаржыгер.

7. Бухгалтерлік есеп туралы алғашқы трактат қалай аталады?

- А. Бухгалтерлік есеп;
- Ә. Есеп;
- Б. Шоттар және жазулар;
- В. Қаржылық есеп;
- Г. Есептеу құралдары.

8. Заңды тұлғалардың қаржылық қорытынды есебін тексеруші -

- А. Тұтынушы;
- Ә. Өндіруші;
- Б. Бухгалтер;
- В. Аудитор;
- Г. Есепші.

9. Келіссөздегі сіздің соңғы сөзіңіз: _____ .

- А. Талқылау керек
- Ә. Мәселені шешеміз
- Б. Ойланып көрейін
- В. Пікіріңіз дұрыс
- Г. Келісе алмаймын.

10. Сөздің қисындылығы –

- А. Өз ана тілінің ішкі мүмкіншілігін сарқа пайдалана алу
- Ә. Жеке сөздің, сөз тіркесінің, орынды қолданылуы
- Б. Өзге тілдегі сөздерді қолданбау, тілді шұбарламау
- В. Әдеби тіл нормасынан ауытқымау
- Г. Барлық жауаптар дұрыс.

11. Сөзді терең талғаммен таңдап, мағынасын ақылмен салмақтап барып

- А. Көріңіз
- Ә. Алыңыз
- Б. Жұмсаңыз
- В. Сұраңыз
- Г. Беріңіз

12. Сөзге сақ болыңыз, сөз өшіреді де _____ .

- А. Биіктетеді де;
- Ә. Төмендетеді де;
- Б. Дәлелдейді де;
- В. Өсіреді де;
- Г. Сенеді де.

13. Келіссөз жүргізуде қолданылатын қатар:

- А. Мәселе көтеру; талқылау; қайта қарау
- Ә. Пәрменді қимыл; күш көрсету; бай мазмұн
- Б. Дәрежеге жету; жедел қарқын
- В. Көркемдік деталь; қарар қабылдау
- Г. Келістік; бәрекелді; оқасы жоқ;

14. Д.Карнеги ұсынбаған ережені табыңыз.

- А. Адамдарға қызығушылық танытыңыз.
- Ә. Жақсы тыңдарман болыңыз.
- Б. Басқа адамдарды мадақтай біліңіз.
- В. Әңгіме айтыңыз.
- Г. Күлімсіреп қараңыз.

15. _____ терең талғамменмен таңдап, мағынасын ақылмен салмақтап барып жұмсаңыз.

- А. Сабақты
- Ә. Әңгімені
- Б. Ақшаны
- В Сөзді
- Г. Нанды

16. Д.Карнеги ұсынған ережені табыңыз.

- А. Басқаларға күлімсіреп қарауыңыз керек.
- Ә. Жауап бермеуіңіз керек.
- Б. Қарсы сөйлеуіңіз керек.
- В. Мысқылдап сөйлеген жөн.
- Г. Ренішіңізді жасырмаңыз.

17. Келіссөзде сіздің _____ сынға түспек.

- А. Отбасыңыз
- Ә. Байлығыңыз
- Б. Мінезіңіз
- В. Өнеріңіз;
- Г. Кәсібилігіңіз бен біліміңіз.

18. Жылы-жылы сөйлесең,

- А. Түлкі іннен шығады.
- Ә. Аю іннен шығады.
- Б. Жылан ішінен шығады.
- В. Борсық іннен шығады.
- Г. Қасқыр іннен шығады.

19 Келісімшартты _____ .

- А. Көтеру
- Ә. Қалыптастыру
- Б. Түсіру
- В. Үйрету
- Г. Өзгерту.

20. Өзің туралы айта беру, барлық сөзді өзіңнен бастау –

- А. Білімділік

- Ә. Ақылдылық
- Б. Әділдік
- В. Әдепсіздік
- Г. Әділетсіздік

СОӨЖ тапсырмасы

Сабақтың мақсаты. Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөздік қорын молайту, кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Келіссөз жүргізу әдебіне байланысты сұхбат құрыңыз. Келіссөз жүргізу әдебінің түрлерін жазыңыз.

СӨЖ тапсырмасы

1. «Адам жақсы ісімен көрікті» деген тақырыпта шағын шығарма жазыңыз.
2. Келіссөз жүргізу шеберлігі тақырыбы бойынша интернет көздеріне шолу жасап, келіссөз жүргізудің әмбебап жолын ұсыныңыз.

6. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӘДЕП.

Сабақтың мақсаты. Лексикалық материалды меңгерте отырып, өз ойларын анық жеткізе білуге, құжаттарды сауатты толтыруға үйрету, кәсіби қатысымдық және іскерлік-мәдени құзыреттілігін дамыту.

Тірек сөздер: әдептілік, лауазым, шынайылық, табиғилық, ілтипаттылық, шыншылдық, білім, қайғыға ортақтасу, ұстамдылық, халықаралық қатынас, жаһандану, дипломатиялық келісім, елші, жаһандық мәселелер, ынтымақтастық, әріптестік қарым-қатынас, жауапкершілік, төзімділік, бас қосу, ортаға салу, келіссөз, қауіпсіздік, адам құқығы.

1. Қанатты көздерді қазақшаға аударыңыз. Сөйлемнің астарлы сөздеріне көңіл бөліңіз. Мағынасын ашыңыз.

ДИПЛОМАТИЯ - ЭТО ИСКУССТВО...

* **Дипломатия** – патриотическое искусство лгать для блага своей Родины.

А. Бирс

* **Дипломат** должен уметь видеть человека, не глядя на него, и смотреть на человека, не видя его.

Жак Тати

* **Дипломатия** - это когда сжимаются кулаки, а ты вынужден пожимать руку...

Леонид Сухоруков

* Хороший дипломат импровизирует свои речи и тщательно готовит свои умолчания.

Шарль Морис де Талеиран

* **Дипломатия** - это искусство заставить другого идти вашим путём.

Дэвид Фрост

* **Дипломат** - парень, который позволяет вам говорить всё, что вы желаете, пока получает всё, что он желает.

Кин Хаббард

* **Идеальный дипломат** - это профессиональный мошенник с благородным сердцем.

Вильгельм Швёбель

3. БҰЛ ҚЫЗЫҚ ЕКЕН!

ДИПЛОМАТИЯ ТУРАЛЫ МҰНЫ ДА БІЛГЕН АРТЫҚ ЕМЕС

Бұл жер қазақтарды 70 жыл бойы күтті

Нәзір Төрекұловтың Жиддада жұмыс істегені Кеңес Одағы мен Корольдік арасындағы дипломатиялық байланыстардың ең бір жарқын беттері



болып табылады. Біздің атақты жерлесіміздің есімін Сауд Арабиясы әлі ұмытқан жоқ. Нәзір Төрекұловтың қызметі ғана емес, өмірі мен өлімі де екі елдің байланысына әсер еткен. Сауд королі Әбділ Әзіздің туған бауыры, Эр-Риядтың губернаторы Салман Бен Әбділ Әзіз ханзада 1996 жылы Қазақстанның Сауд Арабиясындағы ең тұңғыш елшісі ретінде қабылдай отырып, маған төмендегі жайттарды айтқан еді. «Біз Корольдіктегі Кеңес Одағының елшісі сіздің елден шыққанын және мұсылман екенін мақтан етеміз. Біз оның Мәскеуге

қайтып кеткеннен кейін атылып кеткендігінен хабардармыз. Бұл оқиға сол кездегі Сауд Корольдігінің негізін қалаушы король Әбдел Әзізді қатты күйзелтіп, Кеңес Одағымен дипломатиялық байланысты үзілді-кесілді үзуіне, жетпіс жыл бойы қайта жаңғыртуға себеп болады. Сталиндік режимнің тұр-тұрпаты қанша қанық болса да, өз елінің елшісін атып өлтіруі біздің күйзелісімізді жұқарта алмады. Король Әбділ Әзіз, оның одан кейінгі таққа отырған бауырлары Сталиннің, Хрущевтің, Брежневтің, тіпті Горбачевтің Мәскеумен дипломатиялық байланыстарды қайта қалыпқа келтіру туралы өтінішіне құлақ аспай келді. Тек 1990 жылдардың бас кезінде Кеңес Одағы ыдырай бастаған кезде ғана осы қарар өзгерді.

Салман Ханзада аталған кездесуде қазақ жағының елшілік ғимараты үшін жер сұраған кезде **«Елші мырза, сіздердің жерлеріңіз дайын тұр. Бұл жер сіздерді 70 жыл бойы күтті»** деп жауап берген.

. Сөздерді аудармаларымен сәйкестендіріңіз.

Достық	Рыночная экономика
Махаббат	Честность
Жомарт	Счастье
Адалдық	Щедрый
Әріптес	Подлость
Нарық экономикасы	Справедливость
Іскер	Религия
Бақыт	Коллега
Әділеттілік	Деловой
Парыз	Любовь
Дін	Дружба
Өнер	Долг
Зұлымдық	Искусство

2. Мәтінді оқыңыз.

Дипломатия - халықаралық қатынастарды келіссөздер көмегі арқылы жүргізу; ол халықаралық қатынастарды елшілер мен өкілдер арқылы жүргізіп, реттеу әдісі.

Дипломатиялық этикет – дипломатиялық байланыстар және сыртқы саясат саласында белгілі бір тәртіпті жүргізуде белгіленген ереже. Дипломат адам жоғары кәсіби шеберлігімен ерекшеленеді. Шешім қабылдауда дербестікке ие. Келіссөзде айқын әрі нақты ұсыныстар айтады. Формалдылыққа бармай, бірден іске, басты тақырыпқа көшеді. Адамдардың жайдары ашық мінезін, адалдықты ұнатады. Олар өте жақсы саудаласады және саудаласқанды жаны сүйеді. Мәселені әр қырынан зерттейді, олармен келіссөздер сол себепті де баяу жүреді. Қарсылығын ашық білдіреді. Өзінің ұлтына тән сыпайылық, ілтипаттылық, әдептілік, қалжыңдап сөйлеу, еркін сөйлесу қасиеттерін де қатар ұстауға тырысады. Серіктестің бойындағы адамдықты, турашылдықты жақсы көреді. Мысалмен, дәйекпен сөйлегенді, тыңдағанды ұнатады. Санға, кестелер мен диаграммаларға бей-жай қарай алмайды. Қарсы жақтың ұсынысына құрметпен қарайды. Олар әділеттілікті аса жоғары бағалайды. Олар серіктесіне ерекше құрмет көрсетеді. Олар серіктестерін үлкен шыдамдылықпен, сөз таластырмай тыңдайды, ұстамдылықты адамның ең басты қасиеті деп біледі. Олар тәуелсіз, намысшыл. Адамның сырт келбетіне ерекше мән береді. Өздеріне жүктелген міндеттерге ерекше жауапкершілікпен қарайды. Серіктесіне ашық қарсы шықпайды. «Жоқ» деудің орнына «бұл өте қиын» деуі мүмкін. Тәуекелді ұнатпайды, жеңісті емес, жеңілмеуді ойлайды. Келіссөзде саудаласуға құмар. Бірінші кездесуде кеңпейілділік танытып, сыпайылық білдіреді.

- ❖ Дипломатиялық этикет дегеніміз не?
- ❖ Этикет қандай мақсаттарға негізделген?
- ❖ Этикеттің әлеуметтік маңыздылығы?
- ❖ Дипломаттың жеке қасиеттері туралы жазыңыз.

5. Әдептілік туралы мәтінді оқып, әдепсіздік пен ұятсыздық түрлеріне талдау жасаңыз.

Этика – мораль және адамгершілік туралы ғылым. **Этиканың категориялары** : достық, махаббат, жомарттық, ізгілік, ұят, абырой, парыз, әділеттілік, бақыт, әдептілік.

Әдеп сөзі – қазақ тіліне араб тілінен енген сөздердің бірі. Әдеп дегеніміз – адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыпайы болу, жұмсақ сөйлеу және оқыс қылықтардан аулақ болу. Әдеп сақтау – туған халықты, елді, жерді, Отанды және жалпы адамзатты ардақтау болып табылады.

Әдептілік – имандылық пен адамгершіліктің басты белгісі. Әдеп сақтау отбасында, ауыл-аймақ, ел- жұртта қалыптасқан мінез-құлық нормаларын бұзбауға міндеттейді. Мұны бұзған адамға сол ұжымның өкілі өз пікірін айтуға, тіпті тыйым салуға да ерікті, өйткені әдеп сақтау – әлеуметтік дәстүр.

Әдеп сақтаудың экологиялық астары да бар. Әдепті адам табиғаттың досы, оны қызғыштай қорғай да біледі. Табиғаттың әсемдігі мен сұлулығына, әдемілігіне әрбір адам зиян келтірмеуге тиіс. Мәселен, суды ластау, талды кесу, қайнардың көзін ашпау, жолдағы тасты алып тастамау, көкті жұлу, аққуды ату, құдыққа түкіру т.б. – барып тұрған әдепсіздік.

Ұстамсыздық, біреудің сөзіне кесе-көлденең кірісіп, оны бөлу – әдеттің ұнамсыз сипаттары.

Әдеттердің өзі негізінен екі түрге – жақсы және жаман әдетке бөлінеді

ӘДЕП. Құпияны сақтай білу. Мырзалық. Сенімділік.

Шыншылдық. Білім. Қайғыға ортақтасу. Ұстамдылық.

Әділеттілік. Сабырлылық. Тазалық. Батылдық. Төзімділік

Сөзге тұру. Кішіпейілділік. Мырзалық.

- ❖ Мәтіннен не түсіндіңіз?
- ❖ Этика дегеніміз не?
- ❖ Этиканың қандай категориялары бар?
- ❖ Этика немен байланысты?
- ❖ Этикеттің синонимі қандай?
- ❖ Әдеттің түрлерін атаңыз.
- ❖ Әдеп сақтаудың экологиялық астары қандай?
- ❖ Қазақ халқының өмірінде әдептің тағы қандай түрлері бар?

ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ!!!

Жақсыны сыйласаң, есінен кетпейді, жаманды сыйласаң, есігіңнен кетпейді.

Асан қайғы

Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса, адамгершілік ұтады.

Әбу Нәсір әл-Фараби

Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені, аса қаталдық - шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру - қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады.

Әбу Нәсір әл-Фараби

Намысқой адам арын кірлетпейді. Намыс бар жерде ұят бар, ұят бар жерде ар бар, ар бар жерде адами қасиеттердің бәрі бар.

Туганбай Жанысбаев

ОЙ ҚОЗҒАУ

6. СУРЕТПЕН ЖҰМЫС. Не көрдіңіз? Әңгімелеңіз. Әдептілік пен мейірімділік туралы ой қорытыңыз.



7. Өз мамандығыңызға байланысты берілген мәтіннен негізгі ойды анықтаңыз. Ежелгі және қазіргі бухгалтерияны салыстыра әңгімелеңіз.

Бухгалтерлік есеп туралы

Бухгалтерлік есеп адамзат дамуымен бірге қалыптасып, дамып келе жатыр. Ежелгі Египетте, Месопатамиде, Вавилонда, Иранда шаруашылық есеп жүргізетін есепшілердің болғаны анық. Египетте - папирустарға, Вавилонда - қыш кестелерге жазбалар жазылған. Біздің уақытқа дейін келіп жеткен есеп регистрлары ретіндегі бос парақтар сол уақытта – ақ қалыптасқан. Шамамен 5-6 мың жыл бұрын бухгалтерлік есептің әдіс – тәсілдері пайдаланыла бастаған.

Ежелгі Греция мен Римде шаруашылық есеп жүргізудің деңгейі едәуір жоғары болды. Ағаш тақтайшаларға есеп жазып, оларды кодекс деп атаған. Шаруашылық қатынастардың болуы, адамзаттың дамуы өздігінен есептің

дамуын қажет етті. Қажеттіліктен туындаған есеп жүргізудің ежелгі әдістері бүгінгі бухгалтерлік есептің негізін құрайды.

Бухгалтерлік есеп бойынша алғашқы кітапты 1494 жылы белгілі математик, монах Лука Пачоли жазды. Бұл кітап математикадан болатын, «Арифметика, геометрия сомалары, пропорциялар мен қатынастар туралы ілім» деп аталған.

1. Бухгалтерлік есептің пайда болуы туралы не білесіз?
2. Бухгалтерлік есептің пәні не?
3. Бухгалтерлік есептің қандай әдістері бар ?
4. Бухгалтерлік есептің әдістерін атаңыз.
5. Бухгалтерлік есепті реттеудің қандай жүйелері бар?
6. Бухгалтерлік ақпараттар туралы не білесіз?

8. Мәтінді қазақшаға аударыңыз. Интернет желісін пайдаланып, белгілі есепшілер туралы мәліметтер жинаңыз.

Пачоли Лука (1445-1517)

Когда в середине XV века было изобретено книгопечатание, одной из первых печатных книг стал трактат «О счетах и записях» Луки Пачоли.

Трактат был частью труда «Сумма знаний по арифметике, геометрии, отношениям и пропорциональностям» (1487), изданного в Венеции в 1494 году.

В трактате был описан способ двойной записи для ведения чета торговых операций и применение бухгалтерского баланса. Пачоли не был первым, кто писал о двойной записи, двойная запись существовала в книге братьев Фини еще в 1296-1314 годах и Главной книге компании Фаролфи в 1299-1300 годах.

9. Мәтінді оқыңыз. Есепшілер туралы ғаламтор желісі арқылы аңыз әңгімелер жинастырыңыз.

Есепші ата

Есепші атаны жортқан аң, ұшқан құстың тілін білген деседі ауыл қариялары. Оның әу баста әке-шешесінің азан шақырып қойған есімі – Әлібек екен. Бала кезінде құстардың жер бауырлай ұшқанына, суыр мен саршұнақтың іннен-інге тығылғанына қарап, ертеңгі ауа райын болжап отыратын болыпты. Сонысына қарай жұрт оны Балаесепші атап кеткен екен. Бертін келе Есепші атаныпты.

Ертеректе ауыл ақсақалдары Есепші атаның аң-құспен тілдескенін аңыз қып айтып отыратын. Мына әңгіме есімде қалыпты.

Есепші ата балаларына: «Мен өлсем, Көгершін тауының етегіндегі қырқаға қойыңдар. Сол тұстың табиғаты ерекше. Ауасы таза.» деп айтып отырады екен.

Есепші ата қайтыс болғанда жақын туыстары жолға жиналады.

Мезгіл қыс айы болса керек. Жұрт жиналып, жолға шыққанда аяқ астынан боран басталыпты. Қол созым жер көрінбейтін ақтүтек. Соған қарамастан сүйекшілер тау жақты бетке алып, алға қарай жылжи береді. Долы боран үш күнге созылады. Әбден титықтап шаршаған топ жолдан қиыс кетіп адасқандарын сезеді. Дамылдап кеңес құрады. Ақылдаса келе, мәйітті осы жерге қойып, жол ашылғанда тауға жеткізбек болып келіседі. Бәрі сол мәмілеге тоқтап,

орындарынан тұра бергенде жел де саябырсып, күн де ашылыпты. Айналаға караса, тура Есепші ата айтқан қырқаның етегіне тоқтаған екен. Сөйтіп, Әлібек Бұғыбайұлына мәңгілік мекені өзі аманаттаған қырқадан бұйырыпты.

Бүгінде Әлібек Бұғыбайұлы жатқан жерді ел киелі жер деп санайды. Есепші атаның жатқан жеріне Құран оқып қайтуға ниет еткендерге күндіз құстар, түнде даланың саршұнақтары жол көрсетеді екен. Жол бастаушы саршұнақтарды мен де кездестіргенмін.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА ТЕСТ

- 1. Этика грек тілінен аударғанда « _____ » дегенді білдіреді.**
 - А. Риза
 - Ә. Әдеп
 - Б. Сенім
 - В. Бұйрық
 - Г. Марапат
- 2. Қазіргі этика күнделікті адамдар арасында _____ түрінде кеңінен қолданылады.**
 - А. Этикет
 - Ә. Жарғы
 - Б. Заң
 - В. Ереже
 - Г. Ұсыныс
- 3. Бірінші кездесуде кеңпейілділік танытып, сыпайылық білдіреді.**
 - А. Студент
 - Ә. Кәсіпкер
 - Б. Дәрігер
 - В. Дипломат
 - Г. Өкіл
- 4. Өздеріне жүктелген міндеттерге ерекше _____ қарайды.**
 - А. Ақылдылықпен
 - Ә. Үнемшілдікпен
 - Б. Сабырлылықпен
 - В. Жауапкершілікпен
 - Г. Байыптылықпен
- 5. _____ өте жақсы саудаласады және саудаласқанды жаны сүйеді.**
 - А. Мұғалім
 - Ә. Инженер
 - Б. Дәрігер
 - В. Дипломат
 - Г. Өкіл
- 6. _____ – нарық экономикасына әбден бейімделген өз ісін жетік білетін адамды айтады.**
 - А. Елші деп

Ә. Өкіл деп

Б. Іскер деп

В. Уәкіл деп

Г. Кеңесші деп

7. Дипломатия –

А. Сабақ жүргізу

Ә. Айтыс жүргізу

Б. Келіссөздер жүргізу

В. Көлік жүргізу

Г. Хабар жүргізу

8. Қазіргі біздің қоғамда Этика _____ де тығыз байланысты.

А. Саудамен

Ә. Нарықпен

Б. Ақшамен

В. Дінмен

Г. Оқумен

9. Әдеп неден басталады?

А. Білімнен

Ә. Амандасудан

Б. Сенімнен

В. Жолдан

Г. Тәрбиеден

10. Пачоли Лука бухгалтерия туралы еңбегін қай жылы жазды?

А. 1485

Ә. 1472

Б. 1470

В. 1471

Г. 1494

11. Этика ғылым ретінде ежелгі _____ қалыптасқан.

А. Мысырда

Ә. Ташкентте

Б. Грецияда

В. Римде

Г. Парижде

12. Қазіргі кездегі _____ халықаралық қатынаста кең қолданылады.

А. Өнер

Ә. Оқу

Б. Этика

В. Спорт

Г. Сәулет

13. Елші _____ Жиддада жұмыс істегені дипломатиялық байланыстардың ең бір жарқын беттері болып табылады

А. Нәзір Төреқұловтың

Ә. Т.Рысқұловтың

Б. Олжас Сүлейменовтың

В. Б. Бөлтірікованың

Г. М. Әуезовтың

14. Әріптес адамдар арасында _____ іс оңға баспайды.

А. Уәде болмай

Ә. Сенім болмай

Б. Сезім болмай

В. Сыйластық болмай

Г. Достық болмай

15. Алғысхаттарда кездесетін сөздер мен сөз тіркестерін табыңыз.

А. Саяхатқа шыққаны үшін

Ә. Қонаққа барғаны үшін

Б. Елеулі еңбегі үшін

В. Отын жарғаны үшін

Г. Билегені үшін

16. Этиканың категориялары :

А. Достық, махаббат, бақыт.

Ә. Ізгілік , жомарттық

Б. Ұят пен абырой

В. Парыз , әділеттілік

Г. Барлығы

17. Этика терминін философияға алғаш енгізген адамзаттың Ұлы ұстаздарының бірі –

18. Ежелгі шаруашылық есеп жүргізетін есепшілер қай жерде болды? - папирустарға, Вавилонда - қыш кестелерге жазбалар жазылған

А. Месопатамиде

Ә. Вавилонда

Б. Египетте

В. Иранда

Г. Барлығы

19. «Учет и аудит» сөзінің қазақша баламасы:

А. Оқу және тәрбие

Ә. Әдебиет пен өнер

Б. Ғылым мен өнер

В. Есеп және аудит

Г. Саясат пен экономика

20. «Арифметика, геометрия сомалары, пропорциялар мен қатынастар туралы ілім» деген еңбекті кім жазды?

А. Макаренко

Ә. Пачоли Лука

Б. Аристотель.

В. Әл-Фараби

Г. Шәкәрім

СОӨЖ

Сабақтың мақсаты: Өтілген материалдарды қайталау, әдеп ережелері арқылы сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорын молайту.

Іскерлік қабылдаудың этикеті туралы мәтінді түсініп оқыңыз. Іскерлік қарым-қатынаста қолданылатын әрекеттер мен сөздерді жазып, өз ойыңызбен толықтырыңыз.

Іскерлік қабылдаудың этикеті

Шетел азаматтарымен іскерлік қарым - қатынас жасау ерекшеліктері. Сыйлық ұсыну ережесі

Іскерлік қарым – қатынас белгілі бір мінез – құлық қағидаларына сүйенуі керек, олардың ең басты қағидалары мыналар:

1. Адамгершілік;
2. Мейірімділік, яғни адамға мейірімділік жасау қажеттігі;
3. Құрмет көрсетушілік, яғни қарсы тарапқа деген құрмет;
4. Этикет ережелерін қатаң түрде сақтау ;
5. Басқаларға деген шыдамдылық, мұқияттылық және әдептілік танытудың үлгісі.

Шетел делегацияларын қабылдау мен қарым – қатынас жасау кезінде, келіссөз бен келісім шартқа қол қойған кезде, мереке күндері құттықтап, қаралы күндері көңіл айту – бұл дипломатиялық хаттама нормаларының сақталуын білдіреді.

Қазіргі кезде мемлекеттер қарым – қатынастарының арасында 1991 жылы қабылданған «дипломатиялық қарым – қатынас туралы Вена Конвенциясы» бар.

Халықаралық этикет нормаларынан ауытқу шетелдік әріптестермен тек қана бейресми мәні бар, қызметтен тыс жағдайларда ғана жол беріледі. Бірақ та осындай қарым – қатынас кезінде әдепсіздік танытудан аулақ болған жөн.

Қызметтік немесе қоғамдық кездесу мен өзара сөйлесу барысында сыйлық сыйлау туралы ой келеді. әрбір мекемеде өздерінің сыйлық сыйлау ережелері қалыптасқан дәстүрлері болады, бірақ осындай дәстүрлерге қарамастан барлығына ортақ негізгі ережелер де бар.

Егер сізді біреу үйіне түстенуге немесе қонаққа шақырған болса, онда кішігірім сыйлық алып барған жөн. Сыйлық кімге сыйланса сол адамның талғамына байланысты болуы керек.

Сыйлық қабылдар кезінде сыйлық қандай түрде болмасын оны қонақ кеткенге дейін ашпау қажет, себебі сыйлық туралы ойламаған басқа адамдарды ыңғайсыз жағдайға қалдыруыңыз мүмкін. Сыйлықты алғаннан кейін құр ризашылық аз болады, сондықтан өз ризашылығыңды ашық хат арқылы білдірген жөн.

СӨЖ. «Бухгалтерлік есеп – барлық ғылымдар мен өнердің бастауы» деген тақырыпта тұсаукесер дайындаңыз.

«Қоғамдағы этикет нормалары». Әңгімеленіз.

7. МАМАНДЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ЛЕКСИКА. КОМПАНИЯ (ФИРМА) ТҰСАУКЕСЕРІ

Сабақтың мақсаты. Іскерлік кездесуде мамандыққа байланысты кәсіби сөздерді қолдана білуге үйрету, сөздік қорын молайту, қатысымдық құзыреттілігін дамыту.

Тірек сөздер: аудит, ревизия, тұсаукесер, көлік, лизинг, техникалық база, үздік тауар, көрме, кепілдік беру, келісім жасау, ипотека, акция, стратегиялық бағыт, көрме-конкурс, тапсырыс, жеңімпаз, байқау жеңімпазы, алтын сапа, донор қала, жәрмеңке, биржа, делдал, сарапшы, қор т.б.

1. Мәтінмен жұмыс.

Аудиттің пайда болуы мен дамуы

Аудит термині осыдан екі мың жыл бұрын «audio» деген латын сөзінен шыққан, аудармадағы мағынасы «ол естиді» немесе «естуші» дегенді білдіреді.

Дүние жүзіндегі аудиторлық жүйені құрған бірінші мемлекет Қытай болып саналады. Ревизиялық қызмет Вавилон, Мысыр, Рим, Қытай және Греция сияқты антикалық елдерде де болған. Мысалы, ежелгі Мысырда (біздің дәуірімізге дейінгі 3400-2400 жж.) мүлікті түгендеу кезең сайын, ал шаруашылық операцияларын бақылауды үш адам жүзеге асырған. Оның біреуі берілген заттың санын папирусқа белгілеп отырса, екіншісі нақты босатуларды жүзеге асырған, ал үшіншісі берілген мүліктердің немесе өнімдердің санын нормамен салыстырып отырған. Есепті жүргізу бойынша арнайы заңнама алғаш рет Вавилон мемлекетінде пайда болған.

Англияда аудиторлық қызмет алғаш рет 1299 жылы пайда болды. 1324 жылдың 24-інші наурызында король Эдуард II үш мемлекеттік аудиторды тағайындайды. Аудиторлар Оксфорд, Беркенхед, Уэльс провинцияларындағы барлық есепшотты тексеріп және есепшоттарды жүргізуде барлық кемшіліктерді белгілеп отырған.

1773 жылы Шотландияның орталығы- Эдинбургке арналған адрестік кітапшада жеті аудитордың есімі айтылған. Осыған сүйене отырып, кейбір авторлар кәсіпқой аудитор батыс елдерінде, Шотландияда 19 ғасырдың ортасында пайда болды дейді.

1896 жылы Нью-Йорк штатының заңды орындары аудиторлық қызметті реттеу жөнінде заң жобасын қабылдаған.

. 1993 жылы 18 қазан айында Қазақстан Республикасында бірінші рет «Аудиторлық қызмет туралы заң» шықты.

- ❖ Мәтіннен не түсіндіңіз ?
- ❖ Аудит дегеніміз не?
- ❖ Дүние жүзіндегі аудиторлық жүйені құрған бірінші мемлекетті атаңыз.
- ❖ Англияда аудиторлық қызмет алғаш рет қай жылы пайда болды?
- ❖ Қазақстан Республикасында бірінші рет «Аудиторлық қызмет туралы заң» қашан шықты?

2. Мәтінді оқыңыз. Мамандыққа байланысты терминдерді теріп жазып, әрі қарай жалғастырыңыз.

Аудитор – мекеменің бухгалтерлік есебін, қаржылық қызметін тексеруші. Аудитор мамандығы кәсіби шеберлікті, ақыл мен сенімділікті талап етеді. Аудитор жұмысына адал, объективті, тәуелсіз болуға тиіс, сеніп тапсырылған құпияны сақтауға міндетті. Аудитор өз клиенттерінің сеніміне ие болу

мақсатында қызмет етеді. Кәсіпорындар акционерлер мен басқа клиенттер сеніміне ие болған білімді де білікті аудиторды таңдап, шақыруға тырысады. Тәуелсіз аудиторлар коммерциялық ұйымдар арасындағы дұрыс қарым-қатынастың пайда болуына ықпал етеді. Бухгалтерлік ақпараттың әділдігі мен нақтылығын қолдау арқылы өркениетті нарықтық қатынастардың қалыптасуына көмектеседі. Ол нарық субъектілері арасындағы сенім көрсеткішін көтере түсуге септігін тигізеді.

3. Мәтінді қазақшаға аударыңыз. Аудитор әдебі туралы жазыңыз.

Кодекс профессиональной этики аудиторов

Этика – это система норм нравственного поведения человека или какой-либо общественной или профессиональной группы. Издавна известно такое понятие, как врачебная этика, а функции аудитора можно сравнить с функциями врача, только объектом благотворного воздействия аудитора является не человек, а предприятие (организация). Принцип объективности требует от аудитора справедливости, честности, внимательности при оказании профессиональных услуг, не допускать зависимости своих решений от других лиц.

В Кодексе указаны следующие этические нормы:

- общепринятые моральные нормы и принципы;
- общественные интересы;
- объективность и внимательность аудитора;
- профессиональная компетентность аудитора;
- конфиденциальная информация клиентов;
- налоговые отношения;
- плата за профессиональные услуги;
- отношения между аудиторами;
- отношения сотрудников с аудиторской фирмой;
- публичная информация и реклама;
- несовместимые действия аудитора;
- аудиторские услуги в других государствах.

ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ!!!

Мамандыққа байланысты лексиканы кәсіби лексика деп те айтады.

Кәсіби лексика – тек белгілі бір кәсіп саласына байланысты қолданылатын сөздер. Олардың қолданылу аясы кең болмайды.

Мамандыққа байланысты сөздерді негізінен сол маманның иесі болып келетін тұлғалар қолданады. Кәсіби лексикаға өндіріс, техниканың әр түрлі салаларында пайдаланылатын, алайда жалпы қолданысқа енбеген сөздер мен сөйлемдер жатады.

- ❖ Кәсіби сөздер(лексика) дегеніміз не?
- ❖ Олардың қандай түрлері бар?
- ❖ Кәсіби сөздердің әдеби сөздерден қандай айырмашылығы бар?
- ❖ Кәсіби сөздерді топтастырып айтыңыз.

4. АУДИТОР ТУРАЛЫ СӨЙЛЕҢІЗ. СУРЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ.



5. Аудитор мен есепшілердің ерекшелігі туралы кестені толтырыңыз.

№	Аудитор	Есепші
1		
2		
3		
4		

6. Сөйлемді толықтырыңыз.

Аудитор – мекеменің бухгалтерлік есебін,..... .. Аудитор мамандығы кәсіби шеберлікті..... .. кұпияны сақтауға міндетті. мақсатында қызмет етеді. Кәсіпорындар акционерлер мен басқашақыруға тырысады. арасындағы дұрыс қарым-қатынастың пайда болуына ықпал етеді.

7. Мәтіннің әр бөлігіне ат қойыңыз. Негізгі ойды білдіретін тірек сөйлемдерді жазыңыз.

1.Халықаралық «Үлкен төрттікке» кіретін компанияның бірі – Делойт, бұл аудиторлық компанияның құрылғанына 150 жыл болған. Негізін салушылар – Уильям Делойт және Джордж Туш.

Француз графы Делойттың шөбересі Уильям 1845 жылы 25 жасында Англияда алғашқы конторасын ашып, өз клиенттерінің пайдасына жұмыс істей бастады, ал 1854 жылы Эдинбургта бухгалтерлер қоғамының Корольдік Хартиясын қабылдауына байланысты дүние жүзіндегі алғашқы ресми бухгалтерлік ассоциацияға айналды және осы саладағы жетекші кәсіби мекемелердің бірі болып саналады. Дүниежүзілік Делойт компаниясының тағы бір негізін салушы Эдинбург университетінде кәсіби білім алған шотландиялық Джордж Туш ХХ ғасырдың басында Нью – Йоркқа қоныс аударып, өзінің аудиторлық компаниясын ұйымдастырады.

Уильям Делойт және Джордж Туш өз компанияларын құрған кезде ресми жұмыс істеуші 500 бухгалтер болса, 50 жылдары олардың саны 40000, 70 жылдары 120000 – нан асты. 1989 жылы екі компания бірікті. Аудиторлық компаниялардың саны қанша көбейсе де Делойт компаниясы клиенттерге қызмет көрсетудің сапасы мен жылдамдығы бойынша лидер бола береді.

Мамандыққа байланысты кәсіби сөздер (бухгалтерге арналған сөздермен ауыстыру керек.)

коммерциялық ұйымдар, тәуелсіз, қаржы ,есеп, экономика, бағалы қағаз депозиті, үнемдеу, нарық, салық, ақша , валюта, сұраныс, табыс, кіріс, дағдарыс, аудит, төлем-есептеу, бағалау, экономикалық талдау, есептеуші, тексеруші, төлемақы, бақылау, тексеру, бағалау,. қаржылық-шаруашылық, есепшот.

8. Мамандыққа байланысты қанатты сөздерді оқыңыз. Қазақшаға аударыңыз.Мағынасын түсіндіріңіз.

Бухгалтерия — триумф математики над разумом. *В. Борисов*

Одолжи деньги врагу, и ты приобретешь друга; одолжи деньги другу, и ты потеряешь его.

Бенджамин Франклин

Серебро дешевле золота, золото — нравственных достоинств. *Горацій*

Можно смотреть на деньги сверху вниз, но нельзя упускать их из виду.

Андре Прево

Труднее всего распорядиться легкими деньгами. *А. Рахматов*

Жизненный баланс не есть одна бухгалтерия. *Л. С.Сухоруков*

Бухгалтерское: свести расчетные счета. *А. Садовский*

Если хочешь быть богатым, нужно быть финансово грамотным.

Роберт Кийосаки

Бухгалтерия — это искусство. Профессия, требующая таланта и терпения.

Особый дар видеть за цифрами сложный мир экономики в ее взаимосвязях и гармонии.

И. Штеммле

9. Мәтінді оқыңыз. Қазақшаға аударыңыз. Мазмұнын біліп алыңыз. Тұсаукесер сөзіңіз мағынасы туралы өз білгеніңізді ортаға салыңыз. «Тұсаукесер» туралы өлеңді еске түсіріңіз.

Тұсау кесу

Тұсау кесу (тұсаукесер) – это древний обычай, пришедший с языческих времен, при котором малышу, делающему первые шаги, разрезают пеструю веревку, обвитую вокруг ног. Считается, что после этого обряда ребенок в прямом переносном смысле твердо идет по земле, и все сюрпризы жизни , хорошие и не очень (поэтому веревка пестрая) встречает или преодолевает легко и уверенно.

Осуществлять этот ритуал принято доверять самому взрослому, уважаемому человеку в ауле, достигшему многого, и умеющему много говорить, что малыш приобретет все самое лучшее от него.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА ТЕСТ

1. Тұсаукесер қандай мағына береді?

А. Қазақи салт-дәстүрдің бірі, қазір бұл мағына кеңейтіліп, әр түрлі ұйым, бірлестік, кәсіпорын, өндіріс т.б. алғашқы ашылу салтанатын да осылай атайды.

Ә. Аттың тұсауын шешу.

Б. Тұсауды кесіп алу.

В. Әннің аты.

Г. Би билеу.

2. Сәбидің тұсау кесу рәсімінде пайдаланылатын тұсау неден жасалады?

А. Шөп, жіп, ішек

Ә. Ағаш

Б. Темір

В. Қайыс

Г. Алтын

3. Аудитор _____ жақсы білуі қажет.

А. Оқу әдістерін

Ә. Күрес әдістерін

Б. Аудит әдістерін

В. Жүзу әдістерін

Г. Билеу әдістерін

4. Сауда сөзінің орысша баламасы қалай?

А. Арена

Ә. Выставка

Б. Ринг

В. Площадь

Г. Торговля

5. _____ – мекеменің бухгалтерлік есебін, қаржылық қызметін тексеруші.

А. Қаржыгер

Ә. Күрескер

Б. Дәрігер

В. Жұмыскер

Г. Кәсіпкер

6. Кәсіби сөзді табыңыз.

А. Отан

Ә. Байлық

Б. Балықшы

В. Көл

Г. Ара

7. Келісім сөзінің баламасын табыңыз.

А. Қол арту

Ә. Қол беру

Б. Қол жалғау

В. Қолы ашық

Г. Қол қусыру

8. Аудитор өз жұмысының комиссиялық _____ сақтауға міндетті

А. Ұқыптылығын

Ә. Сауаттылығын

Б. Қуаттылығын

В. Беріктігін

Г. Құпиялығын

9. _____ дүние жоқ.

А. Ақшасыз

Ә. Есепсіз

Б. Оқусыз

В. Нарықсыз

Г. Өнерсіз

10. Тұсаукесер сөзінің аудармасы _____ .

А. Акция

Ә. Презентация

Б. Биржа

В. Валюта

Г. Менеджмент

11. Есеп білмеген – _____ .

А. Қой

Ә. Жылқы

Б. Сиыр

В. Есек

Г. Ешкі

12. Аудит термині осыдан _____ «audio» деген латын сөзінен шыққан.

А. Үш мың жыл бұрын

Ә. Екі мың жыл бұрын

Б. Бес мың жыл бұрын

В. Төрт мың жыл бұрын

Г. Мың жыл бұрын

13. _____ лексика – тек белгілі бір кәсіп саласына байланысты қолданылатын сөздер.

А. Заманауи

Ә. Рухани

Б. Ғылыми

В. Кәсіби

Г. Біліми

**14 Дүние жүзіндегі аудиторлық жүйені құрған бірінші мемлекет
.....болып саналады.**

- А. Англия
- Ә. Жаркент
- Б. Қытай
- В. Германия
- Г. Италия

15. Қазақстанның тәуелсіздігін паш ететін _____ тауарлар.

- А. Сапалы
- Ә. Қымбат
- Б. Тәуелсіз
- В. Отандық
- Г. Бағалы

16. Тәуелсіз аудиторлар коммерциялық ұйымдар арасындағы дұрыс қарым-қатынастың пайда болуына _____ .

- А. Қарсы әсер етеді
- Ә. Келіспейді
- Б. Қамқорлық жасайды
- В. Риза болады
- Г. Ықпал етеді

17. Аудитор қандай маман?

- А. Кәсіби құзыретті
- Ә. Шыншыл
- Б. Тәуелсіз
- В. Сенімді
- Г. Барлығы дұрыс.

18. Есептеуші маман қалай аталады?

- А. Бухгалтер
- Ә. Экономист
- Б. Эколог
- В. Қаржыгер
- Г. Мердігер

19. Аудит сөзі қай мамандыққа байланысты айтылады?

- А. Бухгалтер
- Ә. Инженерлік экономика
- Б. Эколог
- В. Қаржыгер
- Г. Әлеуметтік жұмыс

20. Банк сөзі қай мамандыққа байланысты айтылады?

- А. Бухгалтер
- Ә. Инженерлік экономика
- Б. Эколог
- В. Қаржыгер
- Г. Жергілікті басқару

СОӨЖ

Сабақтың мақсаты. Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөздік қорын молайту, кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Аудитор әдебі туралы не білеміз?

Аудит маманы Роджер Адамс: «Аудит негізінде кәсіпкерлік ретінде қызмет көрсету, қоғам үшін өте қажет мәліметтердің дұрыстығын анықтаумен, кәсіпорынның табыстылық ақпаратын тексеріп, басылымға шыққан мәліметтердің шындығын анықтау» – деп анықтама берген.

К.Ш. Дюсембаев аудит мазмұны туралы мынадай анықтама береді: *«Аудит – дербес сараптау және қаржы есебімен қоса шаруашылық субъектілерінің барлық жағын қамтитын мәліметтерге экономикалық талдау жасайды, ішкі бақылау жұмысын тексеріп, бухгалтерлік есептің заңдылығын және нормативтік құжаттар талабына сәйкестігін анықтап, тапсырушылар талабына жауап ретінде түсініктеме қызметін атқару»* – деген. Аудит (лат. audit) – кәсіпорындардың, фирмалардың, ұйымдардың, мекемелердің, бірлестіктер мен акционерлік қоғамдардың қаржылық-шаруашылық қызметтеріне білікті талдау жасау. Аудитор шыншыл, бұрмалаушылыққа бармайтын маман болу керек.

Ол өзінің аудиторлық қорытындысына кәсіпорынның табыстық ақпаратын шыншылдықпен тексеріп, объективті көрсеткіштерін анықтауға міндетті. Аудитордың қорытындысы ешқандай күндіктенушілікке немесе сенбеушілікке жол бермейтіндей дәлелді болу керек.

Аудит жұмысын өте жоғары деңгейдегі мамандар жүргізуі қажет, ол теориялық және практикалық жағынан өте білімді маман болуы керек және арнайы аудит әдістерін жақсы білуге тиіс. Ол тексеру жұмысына машықтанған болуы керек. Аудитор өз жұмысына қажетті ереже нұсқауларын өте жақсы біліп іс жүзінде қолдана білуі қажет. Өз жұмысына анализ жасауда, сараптау жүргізуде, компьютермен жұмыс істеуде әбден машықтанған болуы қажет. Ол барлық тексерушіге сене бермеуі керек, тек өзі тексеріп көзі жетпейінше ешқандай қорытынды жасамауы керек.

Аудитор өз жұмысының комиссиялық құпиялығын сақтауға міндетті

- Мазмұнын айтыңыз.
- Аудит, аудитор туралы 5 сөйлем құрыңыз
- Есеп туралы мақалдар жазыңыз.
- Кәсіби сөздерді табыңыз.
- Аудитор мен есепші арасында сұхбат құрыңыз.

СӨЖ: «Қазақстан Республикасының аудиторлық жетістігі– тұсаукесер.

8. ҚҰЖАТТЫ РӘСІМДЕУ, ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ ФИРМА ЖАРҒЫСЫ, ОНЫ РӘСІМДЕУ

Сабақтың мақсаты. Сөйлесім құрастыру арқылы өз ойларын анық жеткізе білуге, іскери құжаттарды сауатты жаза білуге үйрету. Кәсіби қатысымдық құзыреттілігін дамыту.

Тірек сөздер: құжат, іс жүргізу, рәсімдеу, есепке алу, бақылау, жүйелеу, орындау, мұрағат, мұрағатқа тапсыру, түпнұсқа, көшірме, көшірме нұсқа.

1. Мәтінмен жұмыс.

Құжат (лат. documentum – куәлік, дәлелдеу) деген ұғымды білдіреді. Құжаттың түрлері көп.

Төлқұжат, паспорт (фран. passeport бастапқыдағы мағынасы – порт арқылы өтуге рұқсат) – азаматтың жеке басын куәландыратын негізгі құжат. 16 жасқа толғанда беріледі. Төлқұжатта иесінің аты-жөні, ата-тегі, туған күні мен туған жері, ұлты жазылады. Ұлты туралы жазба ата-анасының ұлтына сәйкес жазылады. Ата-анасы түрлі ұлтқа жататын болса, ұлты Төлқұжат алушының қалауынша әкесінің не шешесінің ұлтына қарай жазылады. Төлқұжатта міндетті түрде иесінің белгіленген үлгідегі фотосуреті жапсырылады, сондай-ақ төлқұжаттың берілген күні және оны берген мекеме көрсетіледі

Іс қағаздарын **рәсімдеу үдерісі** - құжаттау болып саналады. Қазір бір де бір мекеме, ұйым іс жүргізусіз жұмыс істемейді. Құжатты рәсімдеу мекеменің үздіксіз жұмыс істеуіне ықпал етеді және табысқа жету жолында тиімді құрал болып саналады. Белгіленген тәртіпте жасалған және рәсімделген құжат - ресми (басқару) құжат деп аталады. Құжаттың негізгі реквизиті – мәтін. Рәсімделген құжаттар шығарылымына қарай түпнұсқа және көшірме болып бөлінеді.

Рәсімделетін құжаттың негізгі бір түрі - Жарғы.

Мемлекеттік стандартқа сай үлгіде жазылатын ресми құжаттың бірі - *Жарғы*. Жарғы мекеме, ұйым, кәсіпорынның құрылтайшылар жиналысында, жалпы мәжілісінде немесе Ғылыми Кеңесінде бекітіліп, қабылданады.

Жарғының негізгі деректемесі – мәтін.

Құжат дегеніміз дегеніміз не?

Төлқұжат дегеніміз не?

Төлқұжат реквизиттерін атаңыз.

Рәсімделген құжаттар мазмұнына қарай нешеге бөлінеді?

Жарғы дегеніміз не?

2. Мәтінді қазақшаға аударыңыз.

Устав

Устав – это свод правил, с помощью которого регулируются отношения между организациями, учреждениями, предприятиями и физическими лицами, а также устанавливаются права, обязанности физических и юридических лиц. Устав – это один из официальных документов, который пишется по государственному стандарту. Любое предприятие выполняет свою работу

согласно уставу. Устав принимается и утверждается на учредительном, общем собрании организации, учреждения, предприятия или же на Совете Ученых. Юридическое лицо подлежит государственной регистрации в органах Юстиции РК.


3. Керекті сөзді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз

1680 жылы Қазақ хандығының басына Жәңгірдің баласы ... келді. Тәуке хан өз дәуіріндегі көрнекті ... және ұлтының бірлігі мен тұтастығын сақтауға күш салған ірі мемлекет қайраткері болған.

Тәуке ханның бастауымен Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтек би ... қабылдады. Ол қазақ халқына «Қасымханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы» атты ... ережелері негізінде жасалды. «Жеті жарғы» жеті тараудан тұратын негізгі ... жиынтығы. Онда ... басты– басты мәселелері қамтылған.

Керекті сөздер: қолбасшы, мәмілегер, Тәуке хан, «Жеті жарғыны», қазақ өмірінің, әдет–ғұрып, заңдар.

4. Төмендегі сызба бойынша өзара сұхбаттасыңыз. Сұхбат жұмысқа орналасу туралы болу керек.



ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ!!!

Тәртiпке бағынған құл болмайды. Тәртiпсiз ел болмайды,

Б.Момышұлы.

Халық заңды өзiнiң тiрегi, өзiн қорғайтын қабырға, дуал деп қарауға тиiс.

Гераклит

Елдi заңсыздық жайласа, бас- басына би болар.

Соломон

Заңды сақтамайтын адамнан асқан зиянды хайуан жоқ.

Д. Сабонарал.

Бiз отбасында да, жұмыста да жақсы, қатаң тәртiп болуын тiлеймiз.

Тәртiп дегенiмiз - нәтиже. Бiз әрбiр iстен нәтиже шығару үшiн күресiп

жүрген адамдармыз.

А.С.Макаренко

5.

Жағдаяттық тапсырма

Сiз бiр үлкен мекеме басшысысыз. Сiзге жұмысқа тұру жөнiнде ұсыныс жасап келген үмiткерлердi жұмысқа қабылдауыңыз керек. Сiз үмiткерлердiң қандай сапалық белгiлерiне ерекше көңiл бөлер едiңiз?

6. ОЙТОЛҒАУ

Достық туралы аңыз

Бiр күнi бiр қария дүниеден өтiп бара жатып: «Күдiретi күштi жаратқан ием, тағы бiраз ғұмыр бершi», - деп құдайға жалынып, жалбарыныпты. Сонда құдай перiштелер арқылы аян берiп, әлгi қариядан:

– Пендем, қанша жас сұрайсың?

– Ағаштың жапырақтарына тең ғұмыр бере көр, - дептi қария.

– Жоқ, адамға өлшеп, пiшiп берiлген ғұмыр оған жетпейдi.

– Онда, үлкен ағашта қанша бұтақ бар, сонша өмiр бер, - дептi қария.

– Жоқ, ол да жарамайды, тым көп.

– Онда, қанша өмiр бере аласың, - дептi қария.

– Өмiрде қанша досың бар, соншама өмiр берейiн, - деген екен.

Осы сөздi естiгенде, төсек тартып жатқан қария көзiне жас алып, қатты күрсiнiптi де, о дүниеге жүрiп кетiптi. Сөйтсе, бұл қария бар өмiрiн дос жинаумен емес, дүние-мүлiк жинаумен өткiзген екен.

➤ Бұл аңыздан қандай ой түйдiңiз.

➤ Өмiрде достық қарым-қатынастың қаншалықты маңызы бар?

7. Төмендегі үлгіге қарап, өзіңіз бір ресми құжатты толтырыңыз. Ол құжат жұмысқа қабылдау туралы болсын.

БҰЙРЫҚ
Жұмысқа қабылдау туралы
Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 33-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:
1. Жанат Асқарқызы Айтжан 2014 жылғы 21 тамыздан, штаттық кестеге сәйкес еңбекақы төлене отырып, 3 (үш) ай сынақ мерзімімен 1 (бір) мөлшерлемеге музыка жетекшісі лауазымына жұмысқа қабылдансын.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың білім беру қызметі жөніндегі орынбасары Т.Ж. Рауанға жүктелсін.
Негіз: Ж.А. Айтжанның өтініші.
<i>Директор қолы аты-жөні</i>

9. Тілдік бірліктерді сәйкестендіріңіз.

Рәсімдеу	устав
Құжат	делопроизводство
Іс жүргізу	документ
Есепке алу	контролировать
Бақылау	выполнять
Орындау	копия
Түпнұсқа	оформить
Көшірме	подлинник, оригинал
Жарғы	спор
Дау	взять на учет
Еңбек шарты	удостоверение личности
Жеке куәлік	трудовой договор

10. Төмендегі тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрыңыз.

Құжат, іс жүргізу, рәсімдеу, есепке алу, бақылау, жүйелеу, орындау, түпнұсқа, көшірме, көшірме нұсқа, жарғы, дау.

12. Жұмысқа тұру үшін қажетті негізгі құжаттың бірі – өзіңіздің түйіндемеңізді жазыңыз.

ӨЗІН - ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

ТЕСТ

1 .Іс қағаздарын рәсімдеу үдерісі _____ болып саналады

- А. Құжаттау-
- Ә. Сұрау
- Б. Есептеу
- В. Реттеу

Г. Санау

2. Белгіленген тәртіпте жасалған және рәсімделген құжат _____.

А. Ресми құжат -

Ә. Заңды құжат

Б. көшірме құжат

В. Ақпараттық құжат

Г. Есеп беру құжаты

3. Құжаттың негізгі реквизиті не?

А. Адресат

Ә. Құжат атауы

Б. Уақыты

В. Авторы

Г. Мәтін

4. Төлқұжат сөзі қай тілден алынған?

А. Араб

Ә. Француз

Б. Неміс

В. Орыс

Г. Грек

5. Рәсімдеу сөзінің орысша баламасын табыңыз.

А. Оформить

Ә. контролировать

Б. Систематизировать

В. Выполнять

Г. Назначить

6. «Жеті Жарғы» Заңы қай ханның тұсында қабылданды?

А. Абылайхан

Ә. Қасым

Б. Тәуке

В. Жәңгір

Г. Әбілқайыр

7. Төлқұжат –

А. Азаматтың жеке басын суреттейтін құжат.

Ә. Азаматтың жеке басын куәландыратын құжат.

Б. Азаматтың жеке басын есептейтін құжат.

В. Азаматтың жеке басын сипаттайтын құжат.

Г. Азаматтың жеке басын мәлімдейтін құжат.

8. Устав сөзінің қазақша баламасын табыңыз.

А. Құқық

Ә. Үкім

Б. Жарғы

В. Шешім

Г. Қаулы

9. Төлқұжатта құжат иесінің _____ жазылады.

А. Аты-жөні

- Ә. Ата-тегі, ұлты
- Б. Туған күні мен туған жері
- В. Туған жылы
- Г. Барлығы дұрыс

10. Құжаттар шығарылымына қарай қалай аталады?

- А. Түпнұсқа және көшірме -
- Ә. Жай және күрделі
- Б. Қолжазба
- В. Заңды, заңсыз
- Г. Ескі, жаңа

11. Жарғы дегеніміз не?

- А. Жарғы - ұйымның, мекеменің, кәсіпорынның және жеке тұлғалардың қызметін, сондай-ақ олардың басқа мекемемен, жеке тұлғалармен қарым-қатынасын реттейтін, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, міндеттерін белгілейтін Ережелер жинағы. -
- Ә. Қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы келісім
- Б. Жазба құжатқа қатысты ақпараттық элемент.
- В. Құжаттарды сақтаудың белгіленген тәртібі.
- Г. Жиналыс, конференция т.б. талқыланған мәселе бойынша қабылданған шешім.

12. Өз _____ жұмыстан босатуыңызды сұраймын.

- А. Еркіммен-
- Ә. Ойыммен
- Б. Шешіміммен
- В. Ретіммен
- Г. Пікіріммен

13. Сөйлемді толықтырыңыз. Мені жұмысқа қабылдау _____ сұраймын.

- А. - ыңызда
- Ә. - ға
- Б. - мен
- В. - ыңызды
- Г. – ды

14. Мақалды толықтырыңыз. Тәртіпсіз ел болмайды, _____.

- А. Тәртіпке бағынған ел болмайды.
- Ә. Тәртіпке бағынған ер болмайды.
- Б. Тәртіпке бағынған құл болмайды. -
- В. Тәртіпке бағынған бай болмайды.
- Г. Тәртіпке бағынған қорқақ болмайды.

15. Жұмыс істейтін адам мен оны жұмысқа қабылдаған мекеме арасында жасалған шарт қалай аталады?

- А. Еңбек келісімі -
- Ә. Еңбек жолы
- Б. Еңбек өтілі
- В. Еңбек арнасы
- Г. Еңбек майданы

16. Сөйлемді қазақшаға аударыңыз. Прошу меня принять на работу.

- А. Мені жұмысқа қабылдауыңызды өтіндім.
- Ә. Мені жұмысқа қабылдауыңызды өтініп жүрмін.
- Б. Мені жұмысқа қабылдауыңызды өтінемін. -
- В. Мені жұмысқа қабылдауыңызды өтінермін.
- Г. Мені жұмысқа қабылдауыңызды өтінгенмін.

17. «Қасымханның қасқа жолы, Есімханның _____ жолы»

- А. Тар
- Ә. Кең
- Б. Түзу
- В. Дұрыс
- Г. Ескі

18. «Жеті жарғы» нешінші ғасырда қабылданды?

- А. XIII ғасыр
- Ә. XII ғасыр
- Б. XV ғасыр
- В. XVI ғасыр
- Г. XVII ғасыр

19. Құжатты рәсімдеу мекеменің үздіксіз жұмыс істеуіне және табысқа жетуіне _____ .

- А. Көмектеседі
- Ә. Ықпал етеді-
- Б. Кері әсер етеді
- В. Қажет болады
- Г. Зиянын тигізеді

20. Қандай мекеме болмасын өзінің басты қызметін _____ сәйкес жүргізеді.

- А. Жарғыға
- Ә. Қаулыға
- Б. Өтінішке
- В. Сұранысқа
- Г. Табысқа

СОӨЖ тапсырмасы

Сабақтың мақсаты. Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөздік қорын молайту, кәсіби құзыреттілігін дамыту.

1. «Жұмысқа орналасу» деген тақырып бойынша өзара сұхбаттасыңыз.
2. Жұмысқа қабылдау туралы өтініш жазыңыз.
3. Өз шаруашылықтарыңыздың құжатын заңды түрде рәсімдеу үшін қандай талаптарды орындау керегін атаңыз.

СӨЖ тапсырмасы

Құжатты рәсімдеу заңдылықтары туралы реферат жазыңыз.

9. МАДАҚТАУ, СЫНАУ, ҚҰТТЫҚТАУ, ҚАНАҒАТТАНБАУ, РИЗАШЫЛЫҚ БІЛДІРУ ӘДЕБИ, ЖИНАЛЫС, МӘЖІЛІС, ОТЫРЫС ӨТКІЗУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЛЕКСИКА

Сабақтың мақсаты. Мәтіндерді оқып, іскерлік кездесу әдеби туралы ой-өрісін кеңейту. Мақтауды тыңдай білуге, мадақтай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту, кәсіби қатысымдық құзыреттілігін дамыту.

Тірек сөздер: мадақтау, мәдениет, сыпайылық, міндетті, уәде, сыйлы, ұстаным, қабілетті, талапты, ереже, талғам, көрсеткіш, құндылық, тіл, сыпайылық, тәкаппарлық, дандайсушылық, шебер, байлық, сөйлеу, өнер, эстетикалық, ар, намыс, қылмыс, астамшылдық.

1. Әр әріпке байланысты мейірімділік, құндылық сөздерін ойлап айтыңыз.

№			
1	Ж		
2	А		
3	Қ		
4	С		
5	Ы		
6	С		
7	Ө		
8	З		
9	Ж		
10	А		
11	Н		
12	Ғ		
13	А		
14	Қ		
15	У		
16	А		
17	Т		

1. Мәтінмен жұмыс.

Мадақтау

Жақсы байқап сөйлер,
жаман шайқап сөйлер.

Мақал

1 Наурыз – Дүниежүзілік мадақтау күні. Мадақтау дегеніміз – кісі бойындағы әдемілікті, сұлулықты көре білу. Мадақтау, алғыс - қазақ халқының ұлттық танымындағы ізеттіліктің бір түрі. Алғысты сөзбен немесе қимыл, іс-әрекет, заттай сыйлық беру, тіпті жақсы қарым-қатынас түрінде де білдіруге болады. Әркім Алғыс алу арқылы өзінің басқалармен қарым-қатынасын, өмірдегі орнын бағалай алады. Қазақ халқының ұғымында неғұрлым көп Алғыс алған адам бақытты болады. “Алғыспен ер көгерер” деген мәтел соған

мегзейді. Қазақта «кішіпейіл болсаң, кішірейіп қалмайсың» деген мәтел бар. Кішіпейілдік танытып, жылы ілтипат білдіру адамдар арасында жақсы қарым-қатынас орнатары сөзсіз. Айналаңдағы жандардан мадақтау есту, әрине, көңіліңнің хошын келтіретіні сөзсіз. «Әдемі болып кетіпсің! Мына көйлегің өзіңе сондай жарасады екен!» деген сияқты мақтау сөздерді күнделікті естіп жатамыз. Мадақтауды тек әйел заты емес, ер азаматтармыз да ұнатады екен. Ертемен жұмысқа, сабаққа келгенде, айналаңыздағы адамдардан естіген бірнеше мадақ сөздер күні бойы сізге жақсы көңіл-күй мен ертеңіңізге деген зор құлшыныс сыйлайды. Бұл туралы психологтар: «Кешегіден де бүгін, бүгінгіден де ертең әдемі болуым керек деп, қыз-келіншектердің өз-өзіне деген сенімі нығая түседі», – дейді.

Егер адам өзінің жетістігін және ұжым алдындағы жауапкершілігін сезіне білсе, онда мадақтаудың құндылығы арта түседі. Орынсыз мадақтаудан менмендік, тақаппарлық, дандайсушылық туады. Сондықтан мадақтау үшін мәліметтер жеткілікті болу керек.

- ❖ Мадақтау кімге лайық деп ойлайсыз?
- ❖ Сіз біреуді мақтап көрдіңіз бе?
- ❖ Сіз мақтаған адам мақтау сөзге қалай жауап берді?
- ❖ Өзіңізді мақтаса қайтер едіңіз?
- ❖ Мадақтау туралы мақалдарға талдау жасаңыз.
- ❖ Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді жазыңыз.

2. «МАҚАЛДЫ ҚҰРАСТЫР» ОЙЫНЫ. Әр түрлі қағазға жазылған сөздерді дұрыс орналастырыңыз және. қазақшаға аударыңыз.

- Спешите делать добро.
- Жизнь дана на добрые дела.
- Лучше потерять глаз, чем доброе имя.
- Людей сближает улыбка.
- Если хочешь иметь друзей, будь другом сам.
- Добро помни, а зло забывай.
- Когда хочешь себе добра, то никому не делай зла.
- Будешь учиться доброму, худое на ум не пойдет.
- Красив тот, кто красиво поступает
- Доброе слово лечит, а злое калечит.

3. Мақтау мен қошеметтеуді білдіретін сөздердің астын сызыңыз.

I. -Менің атым –Айнұр.

-Есімің әдемі екен, ал менің атым- Әлнұр!

-Ой қандай ғажап! Екеуіміздің атымыз ұқсас екен!

-Иә,рахмет! Сенімен танысқанымға қуаныштымын.

II. -Әже, асыңыз өте дәмді екен!

- Ас болсын, айналайын!

-Анашым, сіздің пісіретін құймақтарыңызды сағындым. Тағы да пісіресіз бе?

-Әрине, қошақаным.

III. Крыловтың «Қарға мен түлкі» деген мысалында түлкі қарғаға былай дейді:

«Қарағым, неткен сұлу ең!»

Деп таңырқап таңданды,
«Неткен мойын, неткен көз,
Осыдан артық дейсің бе,
Ертегі қылып айтқан сөз?
Қалайша біткен, япырмай,
Мұрныңыз бен жүніңіз!
Періштенің үніндей,
Деп ойлаймын үніңіз»

(Абай аудармасы)




1. Түлкінің қарғаны мақтауы мақтаудың қай түріне жатады?
2. Мақтаудың бір түріне арналып жазылған қандай өлең шумақтарын білесіз?
3. Мақтау деген сөзді қалай түсінесіз?
4. Досыңды туған күнімен құттықтап, оған қандай мақтау айтар едіңіз?
5. Мінездері, тәртіптері, қылықтары бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі досыңызды таңдап алыңыз. Екеуінің де жақсы жақтарын табыңыз. Соған лайықтап мақтау айтыңыз, оны жазыңыз. Ойыңыз дәлелді болсын.

4. Тілек сөздердің сыңарларын сәйкестендіріңіз.

Шаңырағың	сәтті болсын!
Өмірің	биік болсын!
Несібелі	болсын!
Той	күнің солыңнан тусын!
Жаныңа	ұзақ болсын!
Сапарың	бол!
Ел-жұрт аман	жаса!
Иманды	жамандық бермесін!
Бауы берік	тойға ұлассын!
Бақытты	болсын
Мың	жолдасың болсын!
Бармақтай бақ,	бол!
Айың оңыңнан,	болсын!
Дастарқаныңа	болсын!
Алладан	бол!
Көйлегің көк, көңілің тоқ	рақым болсын!
Үбірлі-шүбірлі	береке берсін!
Қыдыр ата	етектен дәулет берсін!

5. Мадақтау, сынау, ризашылық білдіру, құттықтау туралы мақалдар жазыңыз.

6. КЕРІ БАЙЛАНЫС Суреттегі көріністен нені ұғуға болады?



Қандай кезде жақсы сөздерді қолданады?

- Жаман сөзді қай уақытта қолданады?
 - Жақсы сөз естігенде қандай сезімде боласыз?
 - Жаман, дөрекі сөз естігенде қандай сезімде боласыз?
 - - Сіз алғыс айтып көрдіңіз бе?
-
- -«Сіз» деген сөзді кімге айтады? -«Сен» деген сөзді кімге айтады?
 - -Жасы үлкен адамдармен әңгімені қандай сөзбен бастауға болады?
 - -Өзіңізден жасы кішілермен қалай сөйлесесіз?
 - -Ініңізді (қарындас, сіңіліңізді)еркелетіп көріңіз.
 - -Еркелету сөздерін атаңыз.
 - -Сынау, қанағаттанбау туралы не айтасың?
 - - Мадақтау сөздердің қайсыларын жиі пайдаланасыз?
 - Жақын адамдарыңызға қандай сөз айтқыларыңыз келмейді?
 - Жақын адамдарыңызға қандай сөз айтқыларыңыз келеді ?

6. Досыңызбен сұхбаттасыңыз, қазақ халқының әдет-ғұрып рәсімдерін еске түсіріңіз.

- ❖ Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері қандай болу керек?
- ❖ Сізді қоршаған ортадағы сөйлеу мәдениетіне көңіліңіз тола ма?
- ❖ Дөрекі сөйлеген достарыңызға ескерту жасап көрдіңіз бе?
- ❖ Өзіңіз ескерту алып көрдіңіз бе?
- ❖ Өзіңізді мәдениетті сөйлеймін деп ойлайсыз ба?

ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ!!!

Аялау, мақтау, жазалау туралы

*Кім мені мақтаса- сол менің жауым .
Өзіңді мақтаған адамға сенбе .*

*(корей мақалы)
(жапон мақалы)*

Бала өзін жақсы көрген адамды ғана жақсы көре алады. Және де оны тек сүйіспеншілікпен тәрбиелеуге болады. *Ф.Э. Дзержинский.*
Мадақтау көп болған сайын, жазалау соншалықты аз. *Я. Корчак*
Баланы дүре соғумен емес, ұятпен жазала. *орыс мақалы.*
Ашумен берілген жаза мақсатына жетпейді. *И.Кант.*
Аялаумен ала алмаған, қаталдықпен ала алмайды. *А.П. Чехов.*

Жағдаяттық тапсырма

Ертең сіздің ең жақын досыңыздың туған күні. Сізді мейрамханаға шақырып отыр. Досыңызға ерекше, есте қаларлықтай құттықтау сөзін дайындаңыз.

Қажетті сөздер: аса құрметті, аяулы, қадірлі, зор денсаулық, баянды бақыт, ұзақ өмір, қуаныш, шаттық, мол дастарқан, береке-бірлік

ҚЫЗЫҚ-АЙ!!!

7. Мәтінді оқыңыз. Мазмұнын біліп алыңыз. Мәтінді пайдаланып, адам мінездеріне сипаттама беріңіз.

Баланы сынау

Баланы сынау — баланың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оның өскенде қандай адам болатынын болжау, жорамалдау. Қазақ адамның адамгершілігін, кісілік мәдениетін оның әрбір іс-қимылынан байқаған. Адамның жүріс-тұрыс, бет-бейнесі, қимыл-қылығы, аман-сәлемі, әдеп-ибасы, қонақ күтуі т.б. қасиеттеріне қарап, оның қандай адам, қандай ниет-мақсаттағы жан екенін аңғара білген. Тіпті бесікте жатқан сәбилерді бағадарлап, оның болашақта қандай адам болатындықтарына дейін алдын ала жорамалдап, өз бағаларын беріп отырған. Мәселен, емгенде анасының бос емшегін тас қылып ұстап алып емген баланы «есейгенде сараң болады» десе, омырауға жабыспай емген баланы қолы ашық, жомарт болады» деп жорамалдайды. Ал ұйықтағанда көзін толық жұмбай ұйықтайтын ер балаларды «есейгенде сұлу жар құшады» десе, көзін толық жұмбай ұйықтайтын қыз балалардың «серігі сері болады» деп тұспалдайды. Үнемі жастықтың үстіне шығып алып, жастықты басып ұйықтайтын бала есейгенде «бай-бақытты»; басын бүркеп алып ұйықтайтын баланы «бұйығы, сылбыр, ынжық»; бүк түсіп, қол-аяғын бауырына басып жататын баланы «уайымшыл, тұйық, бір тоға»; етбетінен жататын баланы «қызғаншақ»; қол-аяғын жан-жаққа керіп тастап, шалқалай ұйықтайтын баланы «төрт түлігі сай, ақыл-ойы терең адам» болады деп тұжырымдайды. Бала дөң жауырынды, сом денелі келсе - батыр, палуан; мандайы кең болса - білімді, жайдары; құлағы үлкен әрі қалқиған болса - домбырашы; саусақтары сүйрік әрі нәзік болса - ісмер, күйші, биші; мандайы тар болса - ашушаң, күйгелек, қызғаншақ; аузы мен құлағының арасы жақын болса - аузына сөз тұрмас өсекші, ал алыс болса - сөзге сараң, іске шөгел; желкесі шұңқыр болса - жалқау, жайбасар т.б. деген сияқты болжамдар жасаған.

Жиналыс :

- а) адамдар тобының белгілі бір оқиғаға наразылық немесе қолдау, ынтымақтастық, т.б. қоғамдық көңіл күйді жаппай білдіру тәсілі;
 ә) белгілі бір ұжым мүшелерінің, елді мекен тұрғындарының жиналысы; өздерінің ішкі өндірістік, экономикалық, әлеуметтік, т.б. мәселелерді талқылайтын бас қосуы.

8. Өзіңізді тексеріңіз.

	Дұр ыс	Дұр ыс емес
1. «Сіз» дегенді үлкен кісілерге айтады.		
2. «Айналайын»-еркелетуді білдіретін сөз.		
3. «Балақай» деп жасы үлкен кісіге айтады		
4 . «Мырза» -ресми қатынаста қолданылатын сөз.		
«Әжей» деп өз әжесін айтады.		
6. «Ақсақал»-ресми қатынаста қолданылатын сөз қатарына жатады.		
7. Жастар үлкендермен қол беріп амандасады.		
8. Қазақтар жақсы тілек айтуға, бата беруге мән береді.		
9. Жастар үлкендердің батасын алады.		
10 Қазақ халқында танымайтын кісіге «сен» демейді		

9. БІЛІП АЛЫҢЫЗ!!!

Қарым-қатынасқа байланысты тірек сөздер, тіркестер мен сөйлемдер:

- Танысуға рұқсат етіңіз.
 - Өзімді таныстырайын.
 - Сізге әріптесімді, досымды таныстыруға рұқсат етіңіз.
 - Танысқанымға қуаныштымын.
 - Мен де(қуаныштымын)
 - Отырыңыз!
 - Кешіріңіз!
 - Рахмет.
 - Сау болыңыз. Кездескенше.
 - Кіруге рұқсат етіңіз.
- «Жақсы сөз-жарым ырыс» дейді қазақтар, сондықтан олар бір-біріне тілек айтуға мән береді.
- Құттықтау;

- Сізді(сені) туған күніңмен, мүшел тойыңмен, жаңа жылыңмен, Наурыз мейрамыңмен, мерекеңмен құттықтаймын!(-мыз)

Тілек;

-Сізге бақыт,денсаулық,табыс, абырой тілеймін.(-міз)

-Ас дәмді болсын!

-Қайырлы түн. Қайырлы күн!

-Қайырлы таң!

-Жасыңыз ұзақ болсын!

Жағдаяттық тапсырма

Бидайдың сабағы не үшін төмен салбырап тұратынын білесіз бе? Себебі, оның басында дән бар! Адамдар да білімі артқан сайын кішіпейіл болады. Басында ешнәрсе жоқ адам ғана өзін өзгелерден жоғары санап, жер бетінде дандайсып жүреді! Сіздің пікіріңіз қалай?

10. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, көшіріп жазыңыз..

Біз сіздің шарттарыңызбен келіс.... келеді. Сізбен пікірлес... кел.... Сіздің ұсынысыңызды жоғары бағалаймыз, бірақ кейбір мәселелерді талқыла... кел...
.Не айт... кел...?

Сіздерге мына мәселе бойынша көмектес.. кел... тұр. Егер сіз қарсы болмасаңыз, менің бейсенбіде бар... кел... .

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

ТЕСТ

1. Тілек мәнді сөйлемді табыңыз.

А. Талабыңа нұр жаусын!

Ә. Дені саудың жаны сау.

Б. Тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір.

В. Бояушы-бояушы дегенге сақалын бояпты.

Г. Қыз өссе, елдің көркі.

2. Жиналыс сөзінің орысша баламасы:

А. Собрание

Ә. Конференция

Б. Заседания

В. Диспут

Г. Тренинг

3. Әдептің басы -

А. Байқап сөйлеу.

Ә. Тез сөйлеу

Б. Ашуланып сөйлеу

В. Ренжіп сөйлеу

Г. Мақтанып сөйлеу.

4. Людей сближает улыбка. Мақалдың қазақша баламасын табыңыз.

- А. Адамдарды ақша жақындастырады.
- Ә. Адамдарды сенім жақындастырады.
- Б. Адамдарды өтініш жақындастырады.
- В. Адамдарды қулық жақындастырады.
- Г. Адамдарды жылы жүз жақындастырады.

5. • Доброе слово лечит, а злое _____ .

- А. Калечит
- Ә. Радует
- Б. Уходит
- В. Лечит
- Г. Кормит

6. « Қаулы қабылданды» тіркесі қай құжатқа тән?

- А. Арыз
- Ә. Акт
- Б. Хаттама
- В. Қолхат
- Г. Хабарландыру

**7. Сыртынан мақтаған — сыпайылық,
Көзінше мақтанған — _____ .**

- А. Ақылсыздық
- Ә. Ұқыпсыздық
- Б. Көргенсіздік.
- В. Ерлік
- Г. Сыпайылық

8. Сыпайылықты білдіретін сөз:

- А. Кешіріңіз, рақмет, төрлетіңіз.
- Ә. Көріңіз, айтыңыз.
- Б. Сыйлаңыз, оқыңыз.
- В. Беріңіз, алыңыз.
- Г. Жинаңыз, тараңыз.

9. Тілдің ең басты қызметі -. _____ .

- А. Оқу құралы болу .
- Ә. Тіл құралы болу .
- Б. Қарым- қатынас құралы болу .
- В. Соғыс құралы болу .
- Г. Сөйлеу құралы болу .

10. Өзіне _____ жоқ адамды да қолдап-қуаттау қажет.

- А. Ықыласы
- Ә. Ақшасы
- Б. Көмегі
- В. Сенімі
- Г. Қайыры

11. Ағайын тату болса, _____ .

- А. Ат көп
- Ә. Ақыл-парасат көп.
- Б. Тәлім көп.
- В. Үлгі көп.
- Г. Ақша көп.

12. Адамның жақсы қасиетін көре біліп, орынды мақтау да-

- А. Жалған
- Ә. Қате;
- Б. Мәдениет
- В. Әдепсіздік
- Г. Шыншылдық

13. «Кім мені мақтаса- сол менің жауым» деген . мақалды қай халық айтқан?

- А. Қазақ
- Ә. Қытай
- Б. Жапон
- В. Кәріс
- Г. Орыс

14. Ризашылық – әдептің _____ .

- А. Бұйрығы
- Ә. Әдісі
- Б. Оқулығы
- В. Құралы
- Г. Әліппесі

15. Төбесі көкке жету сөзінің мағынасы _____ .

- А. Қуану
- Ә. Ренжу
- Б. Армандау
- В. Уайымдау
- Г. Ойлану

16. Мадақтау үшін _____ жеткілікті болу керек.

- А. Өсектер
- Ә. Әңгімелер
- Б. Сұрақтар
- В. Тапсырмалар
- Г. Мәліметтер

17. Дастарқаның _____ болсын!

- А. Үлкен
- Ә. Биік
- Б. Таза
- В. Тоқ
- Г. Лас

18. _____ -адамның халық алдындағы еңбегін асқақтата мақтау.

- А. Марапаттау

- Ә. Ұнату
- Б. Сыйлау
- В. Мадақтау
- Г. Сынау

19. Әсіре мадақ _____ апарды.

- А. Жалқаулыққа
- Ә. Еңбекқорлыққа
- Б. Дүниеқорлыққа
- В. Астамшылыққа
- Г. Ызақорлыққа

20. «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» -мақалдың баламасын табыңыз.

- А. Каков ум, такова и речь
- Ә. Когда говоришь, хорошенко думай.
- Б. Лучшее лекарство - всегда говорить правду.
- В. Многословие - не мудрость.
- Г. На великое дело - великое слово.

СОӨЖ тапсырмалары

Сабактың мақсаты. Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөздік қорын молайту, кәсіби құзыреттілігін дамыту.

1. Үлкенге де «СІЗ», кішіге де «СІЗ» деген тақырыпта ой-толғау жазыңыз.

2. Топтық жұмыс

Мадақтау, сынау, қанағаттанбау, құттықтау, ризашылық білдіру әдебі туралы пікір-сайыс

СӨЖ

1. Мәтінді мәнерлеп оқып, «Алғысқа лайық жан» деген тақырыпта шығарма, әңгіме жазыңыз.

Ризашылық білдіру

Халық арасында ризашылық – алғыс, бата беру түрінде беріліп жатады. Біреудің көрсеткен еңбегіне, көмегіне, кішіпейілділігіне, азаматтығына алғыс білдіру – әдептілік, мәдениеттілік. Алғыс, баталар адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты беріліп отырған. Адамдар ризашылығын ерекше ілтипатпен, әдептілікпен білдіруге тырысқан. «Ризашылық – әдептің әліппесі», - дейді А. Байтұрсынов.

2. Жиналыс, мәжіліс, отырыс өткізу кезіндегі этикет туралы тұсаукесер жасаңыз.

10. БЕЙВЕРВАЛЬДЫҚ ТІЛДІК ҚАТЫНАС ҚҰРАЛДАРЫ. ІСКЕРЛІК КЕЗДЕСУЛЕР

Сабақтың мақсаты. Лексикалық материалдар арқылы сөз этикетін сақтап сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, іскерлік-кәсіби қатысымдық құзыреттілігін дамыту.

Тірек сөздер: іскерлік байланыс, ілтінат, кездесу, ұсыныс, ым-ишара тілі, жест, поза, жазу ерекшеліктері, талап, жақсарту, орнату, дәрекі, шайқап, байқап сөйлеу, тәжірибе, алмасу, шарт, ізеттілік, қажеттілік, инабат, адамгершілік қасиет, қалыптасқан, көңіл, туыстық, жақындық, еліктіре білу.

1. Мәтінмен жұмыс. Сұрақ-жауап әдісімен мәтін мазмұнын айтыңыз. Қатынас құралдары түрлерін есте сақтаңыз.

Бейвербалды қарым-қатынастың ұлттық сипаты

Бейвербалды қарым-қатынас – ым-ишара тілі.

Тілсіз қарым қатынасқа деген қызығушылық ежелгі дәуірден бастау алған. Ұлы грек философы Платон дене қимылдарын қолдануды жоғары бағалаған. Атақты шешен Цицерон басқа шешендерге: «Барлық жан қимылы ишаралармен үстемеленуі тиіс», - деп кеңес береді .

Ишаралық тілі сөзбен бірге, аралас қолданылады.

Бейвербалды амалдарды алғаш зерттеулер Г.Спенсер, В.Вундт, Ч.Дарвин.

Австралиялық ғалым А.Пиздың пікірінше, адамдар арасындағы қарым-қатынастың 7% вербалды (сөздер, сөйлемдер); 55% бейвербалды элементтер арқылы жүзеге асатыны көрінеді. Қазақ тіл білімінде М.Мұқанов, С.Татубаев, А.Сейсенова, Қ.Қажығалиевалар ым және ишараттарды зерттеген. Бейвербалды амалдардың негізгі типтері: кинесика, просодика, такесика, проксемика. Қазақ халқының тұрмыс-салтында да осы аталған бейвербалды амалдардың барлық түрі орын алған.

Жүріс арқылы адамның көңіл-күйін, мінезін, жас ерекшелігін білуге болады. Мәселен: 1) Оң қолын төсіне (кеудесіне) қою – үлкенді сыйлаудың, құрметтеудің және сәлемдесудің белгісі; 2) Қол жаю – құран оқып болған кезде жасайтын ишарат немесе керісінше, қолды теріс жаю - қарғыс айту, қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша теріс бата беру; 3) Жағын таяну – торығу, қамығу, мұңаю белгісі. «Жағынды таянба» деген тиым қазақ халқында осыдан қалыптасқан;

4) Мұрнын тыржиту – мазақ қылу, жаратпау;

Көзін қысу – ниеттестікті білдіру;

Арқасынан қағу – мақұлдау, қоштасу немесе еркелету; 5) Төс қағыстыру – амандасу;

Қорыта келсек, тілсіз қарым-қатынас – бейвербалды амал-тәсілдер арқылы іс жүзіне асатын қарым-қатынас түрі.

Бейвербалды қарым-қатынас қазақ халқының тұрмысында дәстүрге еніп, қалыптасқан бай қазыналарының бір тармағы.

Ахметова Ж., Макеева Ж.

2. Мәтінді оқып, өздеріңіз білетін бейвербалды амалдар туралы айтып, мәтінді жалғастырыңыз. Басқа ұлт өкілдерінің бейвербалды амалдарымен ой бөлісіңіз.

Қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпына қатысты бейвербалды амалдар:

- сәлемдесу амалдары (көрісу, сәлем ету);
- алғыс айту амалдары (ас қайыру, сарқыт беру, бата беру);
- үлкендерді немесе сыйлы адамдарды қошеметтеу амалдары (бас беру, жездеге төс беру, ауыз тию, жолаушының түсуі, ақ байлау);
- тілек амалдары (бата беру); қол шапалақтау жұдырық тую, сақал сипау т.б.

1. Біз шаншу. Бұл – «құда болайық» деген өтініш. Қазақ халқы жолаушылап жүрген адамдарды жылы қарсы алып, сый-сыяпатын көрсетіп, аттандырып салатын. Біз шаншуға келгендер ешкіммен сөйлеспейді. Қандай шаруамен жүргенін де айтпайды. Қонақасын ішкеннен кейін үн-түнсіз аттанып кетеді. Қонақтар кеткен соң, үй иелері сырмаққа қадалған бізді көрсе: «Ұл ер жетті, қыз бой жетті – қасқұлақ бала бізде бар, қаса сұлу сізде бар, құда болайық» - деген ұсынысты сөзсіз түсінген.

2. Сырға салу – бейвербалдық сипатқа ие қазақ халқының салт-дәстүрінің бірі. «Сырға салу» амалы ерте кезден келе жатқан дәстүр екені анық. Ертеден келе жатқан дәстүр бойынша, әдетте үйінде оң босағада отырған қызы болса, керегедегі түскиізге сырға іліп қоятын.: «Ертеде қыздың басы бос, атастырылмаған болса, керегеге, кілемге, тіпті бақанға сырға іліп қою салты болған. Үйге келген қонақ, яки жолаушы үй ішін көзімен шолып, ілулі тұрған сырғаны көрсе, «бұл үйдің бой жетіп отырған қызы бар екен, ата-анасы әлі ешкіммен құда болмапты, қыздың басы бос екен»» деген ой түйген. Мұның аяғы кейде құдалыққа ұласып жататын.

3. Қамшы іліп кету. - құда түсудің тағы бір амалы. Қызды көруге келген жігіттің әкесі қыз ұнаса, үйдің төріне қамшысын іліп кеткен.

4. Қамшы тастау. Бұл ұлттық салт-дәстүр шешендер мен билердің, талапкерлердің дау-шар кезінде сөз сұраған белгісі болып саналады. Дау-жанжал, ақылдасу сәттерінде ер адам бір тізерлей отырып, қамшысын бүктеп, жерге қадаса, бұл бітімге келушілік белгісін аңғартқан. Қамшы – өте ерте заманнан бері қолданылып келе жатқан құрал. Санымен қатар, ертеректе «үйге қамшыны бүктеп алып кіру» әдептілікті байқатады деп есептеген.

5. Шашу. Қуанышты сәттің бәрі шашумен басталады. Шашуды әйел адамдар шашады .

6. Бата беру – халқымыздың ерте заманнан келе жатқан салт-дәстүрінің бірі. Бата негізінен екіге бөлінеді. Бірі – оң бата, екіншісі – теріс бата...

7. Қазақ халқында ант беру кезінде: құранды кеудеге басу, нан ұстау, нан жеу сияқты дәстүрлерді бейвербалды амалдар қатарына жатқызады. Қазақ халқының ұлттық-мәдениеті бейвербалды амалдармен толығып отырады .

3. Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті

Қазіргі мәдениетті, жан-жақты білімді жастардың ақыл- ой көрінісі-әр сөзді өз орнынан жұмсап, мағыналы сөйлеу – заман талабы. Сондықтан да сөйлеу мәдениетіне қай кезде де ерекше мән берілген, қай халық болса да, қатты қастерлеген.

Тыңдаушыларды еліктіре білу, олардың назарын өзіне аудару білу-көптің алдына шыққан адамның бірінші міндеті. Тыңдаушыға сөз дәл, айқын естілуі қажет. Дауыс булығы шықса немесе шаңқылдап айғайлап кету, болмаса мұрнының астынан мінгірлеп, күңкілдеп сөйлеген адам да тыңдаушысын жалықтырып, зейіні басқаға ауып кетеді.

Айдалаға қадалмай, алдында отырған жеке адамға не бірнеше адамға көз жүгіртіп, ретті жерінде сөзіңді қостайтындай қимыл жасау дұрыс.

Жұртты ұйытып, көңілдегі ойыңды дөп басып, әсерлі сөйлеген адамды тыңдай бергің келеді.

Әдемі күлкі, әдемі жымыю –іскерлік әлеміндегі ең қажетті қасиеттердің бірі. Адамдармен тіл табысудың тағзы бір кілті – жылы қабақ таныту, жымыя білу.

Сөйлеушінің даусы құбылмалы, әрі жайдары болса, тыңдаушы бар ынтасымен тыңдайды. Сыпайы, келісті сөз сөйлеушінің абыройын арттырады, тыңдаушының ықыласына бөлейді, ол туралы жақсы пікірілердің қалыптасуына септігін тигізеді.

Әр түрлі әлеуметтік ортада өз орнымен сөйлеу – үлкен мәдениеттілік. Үлкен жиындарда сөз ресми түрде болса, күнделікті қарым—қатынаста басқаша сөйленеді. Қанша ділмар, шешен болса да, әр жастағы адамдармен өзінше қарым-қатынас тәртібін сақтау абзал.

1. Сыпайы, келісті сөз сөйлеудің қандай маңызы бар?
2. Айтуға ұят, мазмұны нашар, дөрекі сөздермен сөйлейтін адамдар кімдер ?
3. Үлкен кісілер неге Мәке, Сәке, Жәке деген қысқартуларды қолданып сөйлейді?

4. Төмендегі іскер адамның басты қасиеттерінің ішінде ең маңыздысы қайсы? Өз ұсынысыңызды жазыңыз. Қарым қатынас орнату білу неге өте маңызды және неге ол барлық іскер адамдарға керек деп ойлайсыз?

- ❖ Өзіне деген сенімділік
- ❖ Қарым-қатынасты жылдам орнату қабілеті
- ❖ Өз ісін жақсы білу
- ❖ Жаңа идеяларды іздеу.

11. Суретке назар аударыңыз. Мағынасын түсіндіріңіз.



6. Ым-шаралардың мағынасын анықтаңыз. Кестені толтырыңыз.

№	Бейвербалды нұсқа	Мағынасы
1	Екі бүйірін таяну	
2	Иілу	
3	Қос қолды кеудеге қою	
4	Желке қасу	
5	Желкеге қолын қою	
6	Басын төмен салу	
7	Басын изеу	
8	Қасын керу	
9	Қабағын шыту	
10	Көзін қадау (оқты көзін қадау)	
11	Көзімен адырая (бажырая) қарау	
12	Ала көзімен қарау	
13	Көзін төңкере қарау	
14	Ішін тарту	
15	Таңдайын қағу	
16	Құшақтасу	
17	Бетінен сүю	
18	Бауырына басу	

7. Сұхбатты оқыңыз. Сұхбатқа қатысушылардың сөйлеу этикетіне талдау жасаңыз. Олар өздерін қалай таныстырды? Сұхбатқа қатысушылар туралы өз пікіріңізді айтыңыз.

I.Танысу этикеті

1-сұхбат. Өзін таныстыру

1-түрі. – Өзімді таныстыруға рұқсат етіңіз. Менің атым-жөнім – Абзал Мұратұлы.

2-түрі. – Өзімді таныстырып өтейін,. Абзал Мұратұлы «Кең дала» компаниясының топ басқарушысымын.

3-түрі. – Танысып қояйық, «Жер-су» фирмасының қаржы директоры Әйгерім Қайсарқызы.

Жауап түрі: – Танысқанымға қуаныштымын!

4. Қосымша ақпарат беру жолы.

–Визит карточкасын беруге рұқсат етіңіз.

–Мен туралы ақпаратты визит карточкадан таба аласыз.

5. Өзгелерді таныстыру

А.

– Сіздерді таныстыруға рұқсат етіңіздер. Абзал Мұратұлы – «Кең дала» компаниясының топ басқарушысы.

–Өте жақсы.

– «Жер-су» фирмасының қаржы директор Әйгерім Қайсарқызы.

Ә.

– Өздеріңізді таныстырып өтсеңіздер: (адамдар тізбекпен өз аты-жөндерін атайды)

Тапсырма.

1. Екі студент бір- бірлерімен танысады.
2. Төрт студент бірін- біріне таныстырады.

II. Жұмысқа қабылдау этикеті

1-сұхбат. Жұмысқа қабылдау интервьюі

1. **Жұмысқа түру сұхбатын оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Жұмыс беруші: Сәлеметсіз бе, Қаліңіз қалай?

Үміткер: Жақсы, рақмет.

Жұмыс беруші: Біз өзіңізбен жақын танысу үшін, сіздің жеке қабілеттеріңіз, біліктілігіңіз туралы сөйлесу үшін кездесуге шақырдық. Өзіңіз туралы айтып беруді сұраймын.

Үміткер: Мен ашық адаммын. Адамдармен жылы қарым – қатынас орнату көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі. Мен іске жауапты қараймын, тапсырмаларды уақытында орындаймын. Мен қаржы түрлерін, бағалы қағаздармен жұмыс, инвестиция түрлерін жақсы меңгердім. Университетте оқып жүргенде, бірнеше рет халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды жеңдім.

Жұмыс беруші: Мына сұраққа жауап бере аласыз ба: неге біздің компания сізді жұмысқа алуы керек?

Үміткер: Мен адамдармен жұмыс істей аламын. Ұжымда жұмыс істеуді ұнатамын. Менің маман ретінде біліктілігімді, мен тәжірибемді жаңа жұмыс орнында қолданып көргім келеді.

Жұмысқа қабылдаушы: Сіздің бұрынғы жұмыс орныңызда адамдармен қарым-қатынаста ешқандай қайшылықтар болмады ма? Ешқандай келісімдер болмады ма?

Үміткер: Жоқ, адамдармен қарым-қатынаста ешқандай қайшылықтар болған жоқ. Мен қайшылыққа жол бермейтінмін. Сондықтан өзара келісімдер де болмады.

Жұмыс беруші: Өзіңіздің жақсы және жаман жақтарыңыз туралы айтыңызшы.

Үміткер: Мен ашық, оптимист адаммын. Адамдармен тез тіл табысамын. Ал жаман жақтарым туралы айтар болсам, мен қаржы биржалары туралы ақпараттарды көп тыңдаймын, оқимын. Досыммен қаржы жаңалықтары туралы сөйлесуді ұнатамын. Сол кезде мен уақытты, жанымдағы адамдарды, олардың өтініштерін ұмытамын. Сөйтіп оларды ренжітемін.

Жұмыс беруші: Мүмкін, бұл қасиетіңіз сіздің жақындарыңызды ренжітетін шығар. Алайда оның сіздің маман ретінде біліктілігіңізге кедергі келтірмейді деп ойлаймын.

Ерназарова З.Ш., КИМЭП Университеті, ф.ғ.д., проф.

1. Үміткердің мамандығы кім?
2. Жұмыс беруші компания немен айналысады?

3. Үміткердің басты қасиеттерін атаңыз.
4. Жұмыс беруші сұрақты дұрыс қойды ма?
5. Тағы қандай сұрақтар қоюға болады?

8. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Адамдармен жылы қарым – қатынас көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі.

Сіздің бұрынғы жұмыс орныңызда адамдармен қарым-қатынаста ешқандай болмады ма?

Сіздің туралы сөйлесу үшін кездесуге шақырдык

Сіздің маман ретінде біліктілігіңізге деп ойлаймын.

9. Мына сұрақтарды қолданып, жұмысқа қабылдау сұхбатында қойылатын сұрақтар тізімін құрастырыңыз.

Қашан? Неше? Қай жылы? Немен? Қалай? Қандай? Қай? Не себепті?

1-сұхбат

1- үміткер

Сіз ұлттық компанияда жұмыс істегіңіз келеді.

Сұхбатқа келдіңіз. Қазақ тілін білу үміткерге қойылатын талаптардың бірі.

Жұмыс берушімен сұхбатқа қатысыңыз.

2-жұмыс беруші:

Сіз ұлттық компанияда жұмыс істейсіз. Сұхбат жүргізесіз. Үміткерлерге қойылатын талаптың бірі қазақ тілінде сөйлеу, жазу.

2-сұхбат.

1-студент. Сіз «Кең дала» компаниясына жұмыс берушімен сұхбатқа келе жатырсыз, алайда белгіленген уақытта жете алмайсыз. Телефон соғып, кешірім сұраңыз. Кездесу уақытын созуды сұраңыз.

2-студент. Сіз «Жер-су» компаниясында менеджер болып жұмыс істейсіз. Жұмыс берушімен сұхбатқа келе жатырсыз, алайда белгіленген уақытта жете алмайсыз. Телефон соғып, кешірім сұраңыз. Кездесу уақытын созуды сұраңыз.

3- сұхбат.

1-студент. Сіз үміткерсіз. Сізді компанияда суық қабылдады. Сізбен сұхбат жүргізуші адам жұмыста жоқ болып шықты.

Жағдаяттық тапсырма

Сіз компанияның менеджерісіз. Сіздің компанияңызға жақсы қаржыгер керек. Бос жұмыс орны туралы ақпаратты сайтқа қойдыңыз. Талабы шет тілін білу, жұмыс істеу тәжірибесі болуы керек. Алайда адамдарды сынағыңыз келді. Үміткерлердің білімін, шыдамдылығын, ұстамдылығын қалай тексересіз?

РӨЛДІК ОЙЫН

7. Сұхбатты толықтырыңыз.

–Қайырлы күн, өзіңізді таныстырыңыз.

–Сәлеметсіз бе, менің атым Мен сіздерде маркетингтің бос ... бар екенін білдім.

–Иә, біз интернетке хабарландыру бергенбіз. Өзіңіздің туралы айтып беріңізші.

–Мен Т. Рысқұлов атындағы экономикалық университетті бітіргенмін.

–Мамандығыңыз бойынша жұмыс тәжірибеңіз бар ма?

–Иә, «Кең дала»компаниясында жұмыс сітедім.

–Ал біздің компанияда не үшін келеді?

–«Жер-су» компаниясы отандық өнімдер шығара бастады. Мен өз Отанымның өндірісін және экономикасын дамытуға өз үлесімді қосқым келеді. Сондықтан осындай шешім қабылдадым.

–Сіз шет тілдерін жақсы білесіз бе?

–Қазақ, ағылшын, түрік тілдерін білемін.

–Кеңсе техникасын жақсы білесіз бе?

–Иә, әрине, компьютер, көшірме аппаратымен жақсы жұмыс істей аламын.

Сіздің жұмысыңыз іссапармен байланысты болады. Сіз бұған қалай қарайсыз? – Жақсы.

9. Мәтіндегі қарамен жазылған тірек сөздермен сөйлем құрыңыз .

Бастық пен оның қарамағындағы адамның қарым-қатынасы:

Әрқашан да қарамағындағы қызметкерлер үшін бастықтың оң үлгі-өнегесі қажет. Егер бастық беделді және сыйлы болса, қарамағындағы қызметкерлер оған **ұқсауға**, оның жұмыс әдістерін, **мінез-құлық әдеттерін**, сөйлеу ырғағын өзіне қабылдауға тырысады.

Қарамағындағы қызметкер бастықтың тарапынан ілтипат пен **сыйластықты сезінуі** қажет. Егер қарамағындағы қызметкердің пікірі қате болса, оны **дәлелді және әдептілікпен** айту қажет.

Қарамағындағы қызметкерге жолдастарының, әсіресе, бөгде адамдардың алдында ұрсуға болмайды. Жасалған теріс қылыққа байланысты қарамағындағы қызметкерге кез-келген ескерту оның **ар-намысына тигізбей** жеткізілуі керек.

Басшы қарамағындағы қызметкерлерімен қарым-қатынаста өзін **бірқалыпты ұстауы** қажет, кез-келген жағдайда сабырлылығын жоймауы тиіс. Объективті және **әділ болуы** керек, **біржақтылыққа** жол бермеуі және өзін **сыпайы және әдепті** ұстауы қажет.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

ТЕСТ

1.Бейвербалды қарым-қатынас – _____ .

А. Ана тілі.

Ә. Әкімшілік тілі.

Б. Құжат тілі.

В. Ғылым тілі.

Г. Ым-ишара тілі.

2. Шешендерге барлық жан қимылы ишаралармен үстемеленуі тиіс екендігі жайлы кеңес берген кім?

А. Конфуций

Ә. Ч. Дарвин.

Б. Цицерон

В. В. Вунт.

Г. Спенсер.

3. _____ бейверальды тіл нормасының дұрыс қалыптасуына байланысты.

А. Рухани ахуалдың сау болуы

Ә. Мәдени ахуалдың сау болуы

Б. Дене ахуалының сау болуы

В. Адам ахуалының сау болуы

Г. Заманауи ахуалдың сау болуы

4. Бейвербалды амалдарды алғаш зерттеуші кім?.

А. Конфуций

Ә. С. Аманжолов

Б. Ч. Дарвин

В. Э. Сепир.

Г. Ғ. Қалиев.

4. Вербалды қарым-қатынас қандай қатынас түрі?

А. Тілдік

Ә. Сөздік

Б. Әдеби

В. Сыни

Г. Дөрекі

5. Әдемі күлкі, әдемі жымию –іскерлік әлеміндегі ең қажетті

А. Өнердің бірі.

Ә. Амалдардың бірі.

Б. Қасиеттердің бірі.

В. Айланың бірі.

Г. Әрекеттердің бірі.

6. Іскер адамға керек қасиет: _____ .

А. Тәуекелшілдік

Ә. Мейірімділік

Б. Табандылық

В. Мәдениеттілік

Г. Жауаптылық

7. «Құда болайық» деген өтінішті қалай білдіреді?

А. Біз шаншу

Ә. Ағаш шаншу

Б. Ине шаншу

В. Шеге шаншу

Г. Сөз шаншу.

8. Алғыс айту амалы:

А. Ақыл айту.

Ә. Сабақ беру.

Б. Бата беру

В. Ақша беру.

Г. Кітап беру.

9. Сәлемдесу амалы:

А. Қол бұлғау

Ә. Үндемеу

Б. Күлімсіреу

В. Көрісу

Г. Бас шайқау

10. Қошеметтеу амалдары:

А. Бас беру

Ә. Жездеге төс беру

Б. Ауыз тию

В. Ақ байлау

Г. Барлығы

11. Кішілік пен кісілік –

А. Табиғаттың белгісі

Ә. Ұлылықтың белгісі

Б. Заманның белгісі

В. Адамның белгісі

Г. Малдың белгісі

12. Деловое отношение сөзінің аудармасы.

А. Іскери қарым-қатынас

Ә. Әкімшілік қарым-қатынас

Б. Дөрекі қарым-қатынас

В. Нашар қарым-қатынас

Г. Жақсы қарым-қатынас

13. _____ – халқымыздың ерте заманнан келе жатқан салт-дәстүрінің бірі.

А. Сабақ беру

Ә. Нан беру

Б. Бата беру

В. Үй беру

Г. Мал беру

14. Ымды білмеген _____ .

А. Дымды білмейді.

Ә. Оқиғаны білмейді.

Б. Техниканы білмейді.

В. Жаңалықты білмейді.

Г. Өнерді білмейді.

15. Экономикалық терминді табыңыз.

- А. Баға
- Ә. Нарық
- Б. Инвестиция
- В. Делдал
- Г. Барлығы

16. Экономикалық терминге жатпайтын сөзді табыңыз..

- А. Баға
- Ә. Нарық
- Б. Инвестиция
- В. Делдал
- Г. Өтініш

17. Төс қағыстыру –

- А. Қоштасу
- Ә. Ренжу
- Б. Амандасу;
- В. Ұялу
- Г. Жек көру

18. Деловой человек –

- А. Жұмыскер адам
- Ә. Искер адам
- Б. Маман адам
- В. Жалқау адам
- Г. Жақсы адам

19. Тілсіз қарым-қатынас –

- А. Рухани амал-тәсілдер арқылы іс жүзіне асатын қарым-қатынас түрі.
- Ә. Техникалық амал-тәсілдер арқылы іс жүзіне асатын қарым-қатынас түрі.
- Б. Бейвербалды амал-тәсілдер арқылы іс жүзіне асатын қарым-қатынас түрі.
- В. Педагогикалық амал-тәсілдер арқылы іс жүзіне асатын қарым-қатынас түрі.
- Г. Әскери амал-тәсілдер арқылы іс жүзіне асатын қарым-қатынас түрі.

20. Әдептілік туралы мақалды табыңыз.

- А. Әдепті елдің қыздары
Қырмызы-қызыл жібектей.
- Ә. Аға әдепті болса, іні әдепті.
- Б. Әдепті бала ата-анасын мақтатар,
Әдепсіз бала ата-анасын қақсатар.
- В. Әдептің не екенін, әдепсіз адамды көргенде ұғарсың.
- Г. Барлығы

СОӨЖ тапсырмасы

Сабақтың мақсаты. Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөздік қорын молайту, кәсіби құзыреттілігін дамыту.

1. «Әдептілік – әдемілік. Сөйлеу мәдениеті» деген тақырыптар бойынша өзара сұхбаттасыңыз.

2. Искерлік байланыс орнату туралы сұхбат жасаңыз.
3. Мәтінді оқып, мазмұнын біліп алыңыз.
4. Мәтіндегі мақалдарды жазыңыз, мағынасына көңіл бөліңіз.

Сөз этикеті

Адамдардың өзара қарым-қатынасына қатысты орныққан әдеп ережелерінің жиынтығы ғылымда этикет деген терминмен айтыла бастағанына аса көп уақыт өткен жоқ. Осы әдеп ережелері жиынтығының бейверальды жағы деген арнайы атпен ерекшеленіп атала бастады. Қазіргі кезде жұртшылық арасында этикет дегенді қонақ күту, сыпайы сөйлесу, театрда болу деп білетін стереотип түсінік пайда болған. Шындығында, этикет тек қана осы аталған іс- әрекеттерді жүзеге асырудың ережесі емес, адамдар арасындағы алуан түрлі қарым-қатынастың нормасы. Әдеп – тәртіп деген сөз. Әдеп сақтаудың әлеуметтік мәні зор. Әдептілікті бұзған адамға кез – келген қоғам мүшесі (жасына, нәсіліне қарамай) өз пікірін айтып, өз ұсыныстарын білдіруге ерікті, өйткені әдеп сақтау – әлеуметтік дәстүр.

Оны бұзу – үлкен айып, зор күнә. Әдеп сақтау – әдептілік, яғни мінез-құлық пен адамгершілік қарым- қатынастың қалыптасқан халықтық ережесін мүлтіксіз орындау. Әдептілік бұзылса, халықтық дәстүр де бұзылады, ұлттық намысқа нұқсан келеді. Әдеп сақтау ұлттық тәртіпке, ережеге амалсыз бағыну емес, қайта сол заңдылықты құрметтеу, қастерлеу, адамгершілікті борышты өтеу. «Әдептілік – әдемілік» дейді халық. Қазақта «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» деген мақал бар. Намыстық сезім адамның арын қалыптастырады. Ұяттан намыс, намыстан ар пайда болады. Халқымыз: «Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» деп, арды жаннан да биік қояды. Ар – адамгершілік пен адамдық құлықтың аса маңызды негізі. Арды сақтау – адамдықты сақтау. Арды бұзу – қылмыс. Адамның адамдығы ардан, еңбектен көрінеді.

СӨЖ тапсырмасы

«Тіл мәдениеті» – шығарма жазыңыз.

«Ұлттық бейвербалды амалдар» – тұсаукесер дайындаңыз.

11. КӘСІБИ СӨЗДЕР МЕН ТЕРМИНДЕР. ТАБЫС. ШЫҒЫН

*Алуан-алуан кәсіп бар,
таңдай біл де, талап қыл! Мақал*

Сабақтың мақсаты. Кәсіби сөздер мен термин сөздерді ауызекі тілде дұрыс қолдана білуге үйрету, сөздік қорларын байыту, кәсіби қатысымдық құзыреттілігін дамыту.

Тірек сөздер: Термин, әмбебап, сала, терминология, кәсіби, экономика, интернационалдық термин, қаржы, қолөнер, омарташы, үдеріс, ұлттық,

сөздік, шығын, табыс, түсім, көрсеткіш, өркендеу, бәсеке, өндіргіш күш, тауар өндірушілер, нарықтық шаруашылық, шығын, тәуекел, бизнес әлемі, басқарушы – менеджер, бірлестік.

1. Мәтінді оқыңыз. Кәсіби сөздер мен терминдерді пайдаланып, ауызекі тілде сұхбат құрыңыз. Өзіңіз тұратын аймақтағы кәсіби сөздерді атаңыз.

Кәсіби сөздер мен терминдер

Белгілі бір кәсіп, шаруашылық саласы адамдарына ғана түсінікті, солардың өз ортасында ғана қолданылатын сөздер кәсіби сөздер деп аталады.

Қазақ халқы, негізінен, мал шаруашылығымен айналысқан. Дегенмен тілде еліміздің әр аймақтарының жер жағдайына қарай диханшылықпен айналысуына, бау-бақша, балық, аңшылықты кәсіп етуіне байланысты сөздер бар. Кәсіби сөздер шаруашылықтың бір ғана саласына қызмет етеді.

1. Қолөнершілікке байланысты кәсіби сөздер: пышқы – араның түрі, шербек – үлкен ара, ыңғыру – ағаш оятын құрал, тышуыр – бұрап тесетін құрал, пәрбі – шойын тескіш, атауыз – шеге суырғыш, біз – аяқкіім тігетін құрал, тарамыс – аяқкіім тігетін жіп, ұршық – малдың жүнінен жіп иіретін құрал, көрік, төс, қысқаш – ұста құралдары, т.б.

2. Ауыл шаруашылығына байланысты кәсіби сөздер:

а) мақта шаруашылығында қолданылатын сөздер: пая – мақтаның сабағы, шийт – мақтаның тұқымы, терімші – мақта теруші.

ә) жүгері шаруашылығында қолданылатын сөздер: дүмбі, пәшік, сота; т.б.

б) бау-бақша шаруашылығында қолданылатын сөздер: әңгелек, жәмше, торлама;

в) қызылша шаруашылығында қолданылатын сөздер: қылша, өркен, түбіртек, жом;

г) мал шаруашылығында қолданылатын сөздер: жүген, құрық, шылбыр, тізгін, камшы, бишік, ер-тұрман, терлік, тоқым, доға, қамыт, т.б.

Терминдер - ғылым, техника, өндіріс т.б. салаларындағы ұғымдар мен жеке сөздердің атаулары. Терминдер тек тура мағынада қолданылады, мағынасы үнемі тұрақты болады. Термин сөздердің жасалу жолдары:

а) қазіргі қазақ тіліндегі терминдер орыс, араб, Еуропа тілдерінде қалыптасқан үлгісінде жұмсалады: мәтін, квадрат, синоним, тангенс, вектор, эпос, поэзия, пьеса т.б.

ә) қазақ тілінен балама табу арқылы: хаттама (протокол), нарық (рынок), ғарыш (космос) т.б.

б) сөздерді біріктіру арқылы жаңа термин жасалады: төл+құжат (паспорт), ән+ұран (гимн), елтаңба (герб) т.б.

2. «СУРЕТТІ КӘСІП» – Ойқозғау

Суретке қарап, кәсіп атауын айтыңыз. Кәсіппен байланысты сөздерді жазыңыз.



3. Кәсіптерді жұптастырыңыз.

Халық алдына шығып ән салады	журналист
Адам өмірінің арашашысы	мұғалім
Қызметкерлерге мемлекеттік тілді оқытады	әнші
‘Орталық Қазақстан’ газетіне мақалалар жазады.	дәрігер
Ол аспанда ұшып жүреді, адамдарды тасиды.	маркетолог
Ол сиыр сауады, сүт, май, ірімшік т.б. дайындайды.	бухгалтер
Ол жарнама жасайды.	сауыншы
Ол кәсіпорында есеп жүргізеді.	ұшқыш

4. «Кәсіп» сөзінен туынды сөздер жасаңыз.



1. Ата - аналарының істейтін кәсібіне қатысты термин сөздерді қатыстырып әңгіме жазыңыз.
2. 8. Мақалдарды сәйкестендіріңіз. Кәсіп атаулары мен оған қатысты сөздерді табыңыз.

Ұстаның бізі сүйкімді	соққан күймесі де алтын
Дикан жерді анасындай сүйеді	қойшыны таяғы асырайды
Шебердің инесі де алтын	орақ таңдайды
Тігіншіні инесі асырайды	байлықтың өзін табады
Орақшының жаманы	жақсының сөзі сүйкімді
Еңбектің көзін тапқан	бармағын жалар
Алуан-алуан кәсіп бар	балаға нәсіп
Ата кәсіп	таңдай біл де, талап қыл!
Бал ұстаған	өнерпаз шаһар түзетер
Шаштараз сақал түзетер	сақалын бояр
Бояушы бояушы дегенге	жер диканын баласындай сүйеді

7. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойыңыз. Кәсіп атауларын пайдаланып, сөйлем құрыңыз, жазыңыз.

Арқар менен құлжаны ... үшін жаратқан,

Алтын менен күмісті ... үшін жаратқан.

Шеберді ... асырайды,

Қасқырды ... асырайды,

Егіншіні ... жүзі асырайды.

Малды баға білмеген ... таба білмейді.

Жұмысы жоқтың ... жоқ .

Жаман етікші ... таңдайды,

Жаман жігіт ... таңдайды

Ерінбеген ... болады.

Керекті сөздер: кетпеннің, мерген, зергер, ырысы, қыз, саусағы, аяғы, пайданы, біз, етікші.

8. Тірек сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрастырыңыз.

Табыс табу, пайда табу, қабілетті, табысты болу, табыскер, таза табыс, жылдық табыс, мемлекеттік табыс.

9. Берілген даналар сөзі мен мақал-мәтелдерді жаттаңыздар және айтып беріңіздер. Пайда, табыс, байлық сөздеріне талдау жасаңыздар.

Жамандықтың үлкені – пайдакүнемдік. Пайда қуған адам шышыл да, ержүрек те, өз парызына адал да бола алмайды.

В.А.Сухомлинский

Пайдакүнемдік адамды ең аяулы сезімдерден – Отанға деген сүйіспеншіліктен, отбасына, ізгілік пен тазалыққа деген сүйіспеншіліктен ада қылады.

Г.Саллюсти

Табысы жоқтың танысы жоқ.

Саиф Сарай

Қайырсыз пайдадан – қайырлы залал.

Оңай олжа оңалтпас.

Оңай олжа қолға тұрмас.

Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі — қазақтың төресі сол.

Абай

Малды сүймей, малшының мамандығын, оның еңбек кәсібін сүймей, жақсы малшы болу, жұмыста жақсы нәтижеге ие болу мүмкін емес.

М. Ғабдуллин

Еңбек етпесең, не қорлықта қаласың, не ұрлыққа барасың.

Л.Н.Толстой

Еңбекті сүйгенді елі сүйеді.

Жазылбек Қуанышбаев

10. Мәтінді оқып, қарамен жазылған сөйлемдерді жазыңыз. Сұраулы сөйлемдер құрыңыз. Екеуара сұхбат құрыңыз. Экономикалық терминдерді табыңыз.

Табыс, түсім – шотқа түскен ақша

Табыс табу, пайда табу – ол үлкен өнер, үлкен еңбек, себебі табыс халықтың тұрмыс-дәрежесін көтереді. Табысқа қабілеттілер, еңбекқорлар ғана жетеді. Кез

келген өндіруші еңбек еткенде, біріншіден, пайда әкелетін өнім шығаруды ойлайды, екіншіден, табыс табуды ойлайды. **Табыс – белгілі бір уақыт кезеңінде кәсіпорындардың өнім өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен ақшалай қаржы.** Бұл халықтың өз мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін алатын ақшалай немесе заттай нысандағы қаражаты да болуы мүмкін. **Табыс** өткізілген, сатылған, жеткізілген өнім үшін, көрсетілген қызмет үшін, сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын тарату нәтижесінде шотқа келіп түскен ақшалай **түсім** мағынасында кеңінен қолданылады.

Табыскер әр ісін түсетін пайданы болжап барып бастайды. Кейде болжал ақталуы мүмкін. Ақталған жағдайда пайдаға кенелері, ал ақталмаған жағдайда залал шегері анық.

Пайданың биржалық пайда, баланстық пайда, кәсіпорын пайдасы, құрылтайшы пайдасы, тұтынушы пайдасы сияқты түрлері бар.

Шығын – бұл белгілі бір өнімді немесе тауарды дайындауға немесе жасап шығаруға жұмсалатын қаражат, яғни жұмысшылардың еңбек ақысы, электр энергия шығыны, құрылғылар мен өндіріс үшін сатып алынатын шикізат, сондай-ақ ғимаратты жалға алу, көлік т.б. үшін жұмсалатын қаржы. Кез келген өндіріс шығынсыз болмайды. Әрбір кәсіпкер қаржыны неге жұмсау керек екенін білуі қажет. Өзінің тауарын шығарып сатпастан бұрын оның өзіндік құнын есептеп алады.

Залал, құқықта – азаматтық құқық бойынша жеке заңды тұлғаға екінші бір жеке заңды тұлғаның заңсыз келтірген ақшалай зияны.

Жұғын бар жерде шыбын бар,
Шыбын бар жерде шығын бар.

Кедейге өлең айтқан да — шығын.

Шығыс шықпай, кіріс кірмес.

ЖАҒДАЯТТЫҚ ӘҢГІМЕ

II. Мәтінді оқыңыз. Құрылысқа байланысты кәсіби сөздерді қатыстырып, әңгімені кеңейтіп жазыңыз. Зәулім үйді қалай салуға болады? Қандай құрылыс заттарын қолданар едіңіз? Ақсақалдың үйінің жобасын жасап көріңіз. Әңгімеден қандай гибрат алуға болады?

ҚҰРЫЛЫСШЫ АҚСАҚАЛ

Баяғыда бір кісі қаншама жыл құрылыс саласында қызмет атқарған екен. Зейнет жасына келгенде бастығына келіп: «Басеке, менің зейнетке шығатын уақытым келді, рұқсат болса мен жұмыстан шығайын, өтінішіме қол қойып беріңіз», – дейді. Сонда бастығы: «Әрине, зейнетке шығасыз. Бірақ бір шартым бар. Әлі салына қоймаған бір үй бар еді, соны салып, бітіріп берсеңіз, рұқсат», – деп жауабын келте қайырады.

Әлгі қария амалдың жоғынан үйді аз күнде бітіріп, үйдің кілтін бастығына берсе, бастығы өзіне қайтарып береді. Бұған таң қалған ақсақал: «Басеке, мұныңыз қалай?» – дейді. Сол кезде бастығы: «Ақсақал, негізі бұл сіздің үйіңіз, енді бұл үйде өзіңіз тұрасыз», – деп жауап қайтарады. Бастығынан мұндай

жауапты күтпеген әлгі қария: «Қап, өзімнің үйім болатындығын білгенімде бар мүмкіндікті пайдаланып, зәулім сарай салып алатын едім ғой», – деп өкініп қалды.

Осы бір мысалдан алатынымыз, біздің әрбір жасаған құлшылығымыз, намазымыз, ғибадатымыз өзіміз үшін. Ертеңгі күні олардың жемісін өзіміз көреміз.

12. Мәтін мазмұнын айтыңыз. Экономикалық терминдер тізбегін жасаңыз. Термин қатысқан 5 сөйлем құрыңыз.

Біздің университетте экономикалық терминдердің дұрыс аудармасын қолдануды дамыту барысында атқарылып жатқан шаралар өте көп. Өйткені аталған университетте экономика, бизнес, қаржы, менеджмент, ақпараттық жүйе, туризм т.б. мамандықтар бар. Кафедралардың профессорлар мен оқытушылар құрамы терминдерді студенттерге дұрыс түсіндіру мақсатында көп жұмыс жасайды. Оған дәлел оқытушылардың орысша-қазақша, қазақша-орысша экономикалық сөздіктерін, экономикалық терминдердің түсіндірме сөздіктерін шығарып отырады.

Терминдерді қолдануда ерекше назар аударылатын мәселелер көп. Мысалы: кредит-несие деп аударылса да экономикада кредит болып халықаралық термин ретінде қолдана береді. Біраз уақыт маклер-делдал болып аударылып жүрген. Қазір маклер аударылмайды, ал брокер-делдал болып қалды. Жаңа қолданыста жүрген бонус, бракераж, брейк, брокераж, дилер, брокеридж, букмекер, брутто, букинг, бренд, бухгалтер, вексель, акция, акцепт, альянс, офис, бюджет, воутинг-трест, демпинг, девальвация, дисконт, ипотека, квота, клиринг, ковернот, кредит-авизо, маржа, миссия, онколь, оферта, офис, оферент, пейджинг, рейд, рэкет, сальдо, сервис, стринг, стрип, толлинг, топикс, эмбоссинг т.б. терминдердің түсініктемесін оқытушылар студенттерге беріп отырады.

СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ БІЛІП АЛЫҢЫЗ.

13. Қазақша баламасын тауып жазыңыз.. Берілген сөз тіркестерін жаттап алып, оларға түсініктеме беріңіз

рыночная торговля	
зарубежные банки	
рыночный сил	
финансовая система	
получить прибыль	
отрасль экономики	
высокий доход	
низкий доход	
экономический стимул	
концепция	
конкуренция	

уровень	
гарантия	
компенсация	

14. Жағдаяттық тапсырма

Суреттегі оқиғалардың шығын сөзімен қандай байланысы бар? Біздің елімізде мұндай оқиғалар кездесе ме? Егер болса, ол туралы әңгімелеп айтыңыз. Оның себептері туралы айтыңыз. Мұндай жағдай болмау үшін не істеу керек?



**ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА
ТЕСТ**

1. Кірістің шығыстан асып түсетін ақшалай сомасы

- А. Пайда
- Ә. Зиян
- Б. ШЫҒЫН

В. ШЫҒЫС

Г. Залал

2. Шығын шықпай, кіріс кірмейді.

А. Нужный камень веса не имеет.

Ә. Живая мышь лучше мертвого льва.

Б. Без расхода не будет дохода.

В. Богач свою выгоду не упускает.

Г. Лишний доход – на голову много забот.

3. «Доход» сөзінің қазақша баламасы.

А. ШЫҒЫС

Ә. Кіріс

Б. Күн

В. Қаржы

Г. Несие

4. _____ белгілі бір территорияны мекендеуші тұрғын халықтар біледі.

А. Қос сөздерді

Ә. Біріккен сөздерді

Б. Қысқарған сөздерді

В. Туынды сөздерді.

Г. Кәсіби сөздерді.

5. Шеберді _____ асырайды.

А. Бізі .

Ә. Тілі

Б. Білімі

В. Ақылы

Г. Туысы

6. Өнімді өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен ақшалай қаражат.

А. ШЫҒЫН

Ә. ШЫҒЫС

Б. Табыс

В. Пайда

Г. Ақша

7. Кәсіби сөзді табыңыз.

А. Отан

Ә. Байлық

Б. Балықшы

В. Көл

Г. Ара

8. Терминдер қандай мағынада қолданылады?

А. Ауыспалы

Ә. Тура

Б. Жанама

В. Іргелес

Г. Көп

9. Балық шаруашылығына қатысты кәсіби сөз:

А. Алқор

Ә. Нәк

Б. Шабдалы

В. Атыз

Г. ЖЫЛЫМ

10. Профессиональное слово сөзінің қазақша баламасы:

А. Қос сөз

Ә. Біріккен сөз

Б. Қысқарған сөз

В. Туынды сөз

Г. Кәсіби сөз

11. _____ дүние жоқ.

А. Ақшасыз

Ә. Есепсіз

Б. Оқусыз

В. Нарықсыз

Г. Өнерсіз

12. Мақта шаруашылығына қатысты кәсіби сөз:

А. Көсектеу

Ә. Қауашақ

Б. Қоза

В. Терімші

Г. Барлығы.

13. Бау-бақша және суармалы егіс шаруашылығына қатысты кәсіби сөз:

А. Тіккұлақ

Ә. Көңхана

Б. Темекіші

В. Шабдалы

Г. Қурай

14. Несие немен байланысты термин?

А. Мәдени

Ә. Математикалық

Б. Спортқа байланысты

В. Экономикалық

Г. Медициналық

15. Термин сөздер дегеніміз –

А. Ғылым, техника, өндіріс саласындағы арнаулы ұғымдар атауларын білдіретін сөздер.

Ә. Қимыл атауларын білдіретін сөздер.

Б. Сын атауларын білдіретін сөздер.

В. Сан атауларын білдіретін сөздер.

Г. Зат атауларын білдіретін сөздер.

16. Еркек қызылша қай шаруашылық кәсібіне арналған сөз?

- А. Мақта шаруашылығына
- Ә. Қызылша шаруашылығына
- Б. Темекі шаруашылығына
- В. Балық шаруашылығына
- Г. Бау-бақша шаруашылығына

17. Ерінбеген _____ болады.

- А. Сауыншы
- Ә. Мұғалім
- Б. Ұшқыш
- В. Тігінші
- Г. Етікші

18. Ұстаның _____ сүйкімді

- А. Бізі
- Ә. Ағашы
- Б. Темірі
- В. Қайысы
- Г. Алтыны

19. Пайда туралы айтылмаған қанатты сөзді табыңыз.

- А. Жамандықтың үлкені – пайдакүнемдік
- Ә. Пайда қуған адам шысыл да, ержүрек те, өз парызына адал да бола алмайды.
- Б. Пайдакүнемдік адамды ең аяулы сезімдерден – Отанға деген сүйіспеншіліктен, отбасына, ізгілік пен тазалыққа деген сүйіспеншіліктен ада қылады.
- В. Қайырсыз пайдадан – қайырлы залал.
- Г. Еңбек ер атандырады.

20. Термин сөздердің жасалу жолдары:

- А. Қазіргі қазақ тіліндегі терминдер орыс, араб тілдерінде қалыптасқан үлгісінде жұмсалады.
- Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі терминдер Еуропа тілдерінде қалыптасқан үлгісінде жұмсалады
- Б. Қазақ тілінен балама табу арқылы.
- В. Сөздерді біріктіру арқылы.
- Г. Барлығы.

СОӨЖ тапсырмасы

Сабақтың мақсаты. Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөздік қорын молайту, кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Мәтінді оқып, мәтін бойынша қысқаша тезис жасаңыз.

Кәсіби сөздер

Қазақстанның жері қандай кең, бай болса, мұндағы кәсіп пен шаруашылықтың түрі де соншалықты көп. Халқымыздың ежелден ата кәсібі болған мал мен егінді, дәнді дақылдарды атамағанның өзінде республикада ‘марал, балық, күріш, марал, ағаш, қызылша мен темекі, ‘бау -бақша жеміс-жидек өсіреді. Сондықтан әр жерде әр алуан кәсіби сөздер пайда болған. Кәсіби сөздер белгілі территориялық аймақты ғана қамтиды. Кәсіби сөздердік әдеби

тілде ешқандай балама кездеспейді. Қазақ тілінде кәсіби сөздердің мынадай түрлері бар:

1. **Мақта шаруашылығына қатысты кәсіби сөздер:** жегеше жегенелеу, көсек, күнжара, қауашақ, коза, козакия, биті, шалшақ-шанақ, мақташы, мақталық, терім, терімші, көсектеу, шит, шиті макта, шиг егу, мақта теру, сүдігер, мақта майы, т. б. .

2. **Қызылша шаруашылығына қатысты кәсіби сөздер:** ас қызылша, еркек қызылша, қант қызылшасы, қызылшашы, сірнеу гүлдеуік, тоспа, тұқым жарнағы, қағғат, өркін, тамыр-жемі жүйек, т. б.

3. **Темекі шаруашылығына қатысты кәсіби сөздер:** бұлықтыру, бүркеніш, жал, жиым (орым), жіп, көңхана, құлақ-жұл, маты, сағақ, темекіші, қурай, тізбек, тіккүлақ, т. б.

4. **Балық шаруашылығына қатысты кәсіби сөздер:** жылым, сүзекі тоспай, ықпа, сере, қаяз, абақ, торта, қорытпа, сүйрік, т. б.

5. **Бау-бақша және суармалы егіс шаруашылығына қатысты кәсіби сөздер:** алқор, нәк, шабдалы, әнжір, күләбі, болбол, қарық, т. б.

Сонымен бірге қазақ тілінде саятшылыққа, қол өнеріне, тігіншілікке, омарташылыққа, дәрі-дәрмек өсімдіктерін өсірушілікке, бұғы-марал, құс шаруашылығына тән көптеген кәсіби сөздер де бар.

Орманбекова

СӨЖ тапсырмасы

Қазақстан Республикасы экономикасының жетістіктері – шығарма .

Табыс. Шығын – реферат

12. САЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ. ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАЛАРЫ

Сабақтың мақсаты. Салықтың әлеуметтік маңызы туралы айтып, экономикалық тәрбие беру, әдеби тіл нормаларын сақтап, қарым қатынас жасау құзыреттілігін дамыту.

Тірек сөздер: *әдеби тіл, (публицистикалық, ғылыми-көпшілік әдебиет , көркем әдебиет , ауызекі сөйлеу тілінің, ресми іс қағаздар тілінің стилі), мемлекеттік салық саясаты, салық жүйесі, жер салығы, мүлікке салынатын салық, заңды тұлға, ақшалай төлемдер, қаржыландыру, бюджет, бұқаралық ақпарат құралдары .*

1. Мәтінмен жұмыс. *Сұрақ-жауап әдісімен мәтін мазмұнын айтыңыз.*

Салық - мемлекеттің табысы; салық- бұл заң

Салық алғаш рет Қытайда пайда болған. **Салық**-мемлекеттік үкімет органдарының азаматтар немесе фирмалардың жалақысы немесе пайдасынан алатын төлемдер. Ол– мемлекеттік бюджетке түсетін қаржылардың негізгі көзі.

Салықтардың қызметі — мемлекет табысын жасайды, экономиканы реттейді. Салықтар табыс, мүлік, тауар, мұра, жер үшін төленеді. Егер мемлекет салық салмаса, онда ол өзінің экономикалық қызметін орындай алмайды. Салық өнеркәсіптің әртүрлі саласын дамытуға, айналымдағы ақша мөлшерін реттеуге мүмкіндік береді.

1991 жылғы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде салық жүйесі жұмыс істей бастады.

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес салықтар :

- *Корпоративтік табыс салығы
- *Жеке табыс салығы
- *Жер қойнауын пайдаланушыларға салынатын салық
- *Әлеуметтік салық
- *Жер салығы
- *Көлік құралдарына салынатын салық
- *Мүліктерге салынатын салық.

Салық салуға жатпайтын жерлер.

- *Ерекше қорғаудағы табиғи аймақтар.
- *Халықтың демалыс орындары.
- *Балаларды сауықтыру орындары.
- *Ботаникалық бақтар.
- *Зоологиялық бақтар.
- *Көлік жолдары.

Белгілі философ Фрэнсис Бэкон: « Салықтарды төлеу – әрбір азаматтың қасиетті борышы» деген .

2. Мәтінді оқып, салық түрлеріне байланысты ассоциативті жасаңыз.

Салық	
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	

2. Көп нүктенің орнына мәтіннен тиісті сөздерді, тіркестерді қойыңыз.

Ф. Бэкон: « Әрбір азаматтың қасиетті борышы – »... деген. Салықтар... пайда болған. Салықтар ұлттық мемлекет кірістерінің негізгі көзі және ... болып табылады. Қазақстан Республикасындағы салықтарға мыналар кіреді: ... Егер мемлекет салық салмаса, Олар белгілі бір қызмет түрлерін ынталандырып, ... мүмкіндік береді. Мемлекет ақшаны

3. ПІКІР-САЙЫС

Қызыл түс – салық төлеу керек, себебі ол мемлекет заңына бағыну әрі орындау болып табылады.

Ақ түс– салықты төлесе де, төлемесе де болады.

Жасыл түс – салық төлеудің қажеті жоқ.

4. Тест Төмендегі сөйлемдер дұрыс па?»

1. Салықтар мемлекеттің пайда болуымен бірге қалыптасты .
2. Мемлекеттік бюджет шығындарының ең басты көзі –салықтар .
3. Төлету әдістеріне қарай салықтар тікелей және жанама болып бөлінеді.
4. Салықтар – бұл мемлекеттік бюджетке және жеке заңды тұлғалардан алатын міндетті жарнасы
5. Салықтардың төмендеуі орта және шағын кәсіпкерліктің дамуын ілгерлетеді .
6. Акциз – меншікке салынатын салық .
7. Салық объектілері - салық төлеушілер болып табылады .

5. ҚЫЗЫҚ-АЙ!!!

- Салық адамзатқа ерте заманнан белгілі болған. Өткен ғасырда Англияда жұмыс иттерінің құйрығына салынатын салық енгізілген. Адамдар салық төлемеу үшін иттерінің құйрығын кесіп тастапты.

- I Петр сақалын алып тастау жөніндегі жарлығына бағынғысы келмегендерге «сақал» салығын салған.

Ал көне Русьте шаруалар үйінде түтінін мұржадан шығармай от жағатын болған,себебі ол кезде пеш жаққандағы түтінге де салық салынған.Ондай салықты дәулетті шаруа ғана төлей алыпты.


- Әр сағат иесі жыл сайын қазынаға 5 шиллинг төлеп тұру керек болған. Салықтың бұл түрі Англияда 1797 жылы енгізілген. Әлгі салық бір жылдан кейін тоқтатылды, себебі жұрттың көбі қалта сағатын ұстаудан қалған.

- «Ал көне Русьте пеш жаққандағы түтінге «түтін» салығы салынған. Шаруалар үйінде түтінін мұржадан шығармай от жағатын болған, себебі салықтың мөлшері көп болып, дәулеттілер ғана төлей алған.

- I Петр сақалын алып тастау жөніндегі жарлығына бағынғысы келмегендерге «сақал» салығын салған.

- Венгрияда темекі шегетіндерге арналған салық түрі бар. Бұл салық әлі де салынады. Әрбір темекі шегетін адам темекінің бір-бір данасы үшін салық төлейді.

3. СӨЗЖҰМБАҚТЫ ШЕШІҢІЗ



1. Экономика атасы кім?
2. Меншікке салынатын салық..
3. Салықтың төмендеуі орта және шағын кәсіпкерліктің дамуына қалай әсер етеді?
4. Салық объектісі.
5. Жанама салықтың бірі.
6. Салық объектісі.
7. Мемлекеттік бюджеттің кіріс көзі.
8. Салықтың негізгі қызметі.

Керекті сөздер: Адам Смит, акциз, ілгерілетеді, табыс, құн, тауар, салық, реттеушілік.

7. Мына сөздердің қазақша баламасын табыңыз.

Налогоплательщик, налог, налог на рекламу, налог на имущество, источник налога, объем налога, достижение, изменение, беззаконье, государственный налог, налоговая реформа развиваться, успех, социальный налог, вклады, качественное обслуживание, ценные бумаги, финансировать, партнер, гарантия, объединять, доля, капитал.

8. Мақалдардың мазмұнын түсіндіріңіз.

Налоги берут на пороге, а в дом зашел - от налогов ушел.

Всякая пеня мимо меня.

Налоги платит худой да горбатый, но не богатый.

С налогом и богом живи в ладу - не попадешь в беду.

Налоговый гнет не всегда к лучшей жизни ведет.

Урожай по зернышку, а налог с колоска.

Где налог косой, там и жнец босой.

Налоги платятся, и жизнь в гору катится.

Не платит налоги только медведь в берлоге: он не ест, не пьет, только лапу

сосет.

Богатые не похожи на нас с вами: они платят меньше налогов.

Питер де Врайз

Не спи за рулем - стране нужен каждый налогоплательщик.

Неизвестный автор

Платить налоги – обязанность, платить мало налогов

– искусство!

Неизвестный автор

9. Мәтінді қазақшаға аударып, әңгімелеңіз.

В истории развития налоговой системы РК определенное место занимает 1994 год. В этом году были приняты Указы Президента Республики Казахстан, имеющие силу Закона „О налогообложении доходов физических лиц„ и „О налоге на прибыль и доходы юридических лиц. Современная налоговая система Казахстана регулируется введением в действие с 1 января 2002 года кодексом РК „О налогах и других обязательных платежах в бюджет. Современная налоговая система РК характеризуется следующими признаками:

- базируется на основе закона, а не на подзаконных актах;
- устанавливает единые правила налогообложения;
- предъявляет налогоплательщикам одинаковые требования.

10. Тіркестерді дұрыс сәйкестендіріңіз.

Мемлекеттік салық	Ремесленый
Жер салығы	Сельскохозяйственный
Аула салығы	Государственный
Ауылшаруашылық салығы	Скрытый
Қолөнер салығы	Дегрессивный
Жабық салық	Единовременный
Азаматтық салықтар	Общегосударственный
Жалпы мемлекеттік салықтар	Продовольственный
Біржолғы салықтар	Подходный
Табыс салығы	Подворный

11. Сұхбатты рөлге бөліп оқыңыз, өзіңіз сұхбат құрыңыз. Сұхбаттың әдеби тіл нормасына сәйкестігі туралы талдау жасаңыз.

Сұрақ: Көлік салығын қандай субъектілер төлеуге міндетті?

Жауап: Көлік салығын жеке иелігінде көлігі бар жеке тұлғалар, заңды тұлғалар төлеуге міндетті. Ал көлікті сенімхатпен немесе сақтандыру полисі бойынша жүргізіп жүргендер көліктің техникалық төлқұжаты кімнің атына ресімделген болса, сол адамның атынан төлеуі қажет.

Сұрақ: Көлік салығын төлемейтіндер туралы не айтасыз?

Жауап: Қазіргі уақытта көлікті сенімхатпен немесе сақтандыру полисімен жүргізіп жүрген жүргізушілердің ішінде көлік салығын жылдап төлемей жүрген азаматтар аз емес. Көлікті сенімхат арқылы басыбайлы сатып алса да, өз атына

ресімдеуге асықпайды. Сонымен қатар қала ішінде жол жүру ережесін бұзған жағдайда да айыппұл көлік иесінің атына келеді. Сондықтан да көлігін сатушы азаматтар көлікті бірден сатып алушының атына ресімдеп бергені абзал.

Сұрақ: Көліктің қандай түрлері салықтан босатылады?

Жауап: Жүк көтеру салмағы 40 тонна және одан асатын карьерлік самосвалдар, медициналық көлік құралдары және Қазақстанның халықаралық реестрінде тіркелген теңіз кемелері салық төлеуден босатылады.

Сұрақ: Көліктік салықты төлеу мерзімі қандай?

Жауап: Жеке тұлғалар көлік салығын ағымдағы жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей төлеулері қажет. Сонымен қатар көлікті тіркеу, қайта тіркеу және техникалық байқаудан өткізу кезінде салықты алдын ала төлеуі тиіс.

Сұрақ: Қандай субъектілер көліктік салықтан босатылады?

Жауап: Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілгендер, соғыс жылдары тылда жанқиярлық еңбек ету нәтижесінде КСРО-ның ордендері мен медальдарымен марапатталғандар, 1941 жылдың 22 шілдесінен бастап 1945 жылдың 9 мамырына дейін кемінде алты әскер қатарында қызмет еткендер және тылда жанқиярлықпен еңбек етсе де, КСРО-ның ордендері мен медальдарымен марапатталмағандар, Ұлы Отан соғысының батырлары мен Социалистік еңбек ерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның еңбек ері» атағына ие болғандар, Даңқ орденінің үш дәрежесінің және Отан орденінің иегерлері, көпбалалы «Батыр аналар», «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иелері босатылады.

12. Қазақшаға аударыңыз.

В этом мире неизбежны только смерть и налоги.

Бенджамин Франклин

Самое непостижимое в этом мире — налоговая шкала.

Альберт Эйнштейн

Если вы нарушаете правила, вас штрафуют; если вы соблюдаете правила, вас облагают налогом.

Лоренс Питер

Налоги — это цена, которую мы платим за возможность жить в цивилизованном обществе.

Оливер Уэнделл Холмс

Надо покупать соразмерно выгоде и убытку. Если не хочешь разориться, не трать не поступивших доходов.

Унсур аль-Маал

Налоги — цена, которую мы платим за возможность жить в цивилизованном обществе.

Оливер Уэнделл Холмс

Нечистая совесть — это налог, которым изобретение чистой совести обложило людей.

Фридрих Ницше

Платить налоги — обязанность, платить мало налогов — искусство!

Неизвестный автор

ОЙ СЕРГІТУ

13. Қызықты суреттерге қарап, тұрақты сөз тіркесін айтыңыз.

*Мағынасына көңіл бөліңіз.

*Тіл туралы мақалдарды есіңізге түсіріңіз.

*Орыс-қазақ тұрақты сөз тіркестерін салыстырыңыз, ұқсастық бар ма?

*Мысал келтіріңіз.



14. Мәтінді оқып шығып, ат қойыңыз. Тақырыпқа сәйкес емес сөйлемдерді табыңыз. Ол не туралы айтылған?

Өнеркәсіптің, сауданың дамуына байланысты жылжымалы және жылжымайтын мүліктердің барлық түрлерінің салықтары пайда болды. Әртүрлі мүлік түрлерінің пайда болуы, салық салуда олардың түрлерін ажыратуға әкеп соқтырды. Осыдан кейін мүліктер салығын жерге, үйлерге және ұсак кәсіпкерлікке салынатын салықтар деп бөлуге тура келді. Мүліктер бойынша салықтар салу Ресейден басталды.

Сүйеніш болғым келеді құлағанға,
Демеу болғым келеді жылағанға
Пендемін ғой...пендемін жүрегі бар,
Ғашық болғым келеді бір адамға....

Мүлікке салық салудың ең көне түрінің бірі – жер бойынша салық салу болды. Заң бойынша мүліктердің кейбір жеке түрлеріне әртүрлі салықтар салынады: жер телімдерінің көлемі, құрылыс құны немесе оның жалгерлік төлемі, т.б. Салық төлеуден өмірге керекті (әлеуметтік) тұрғын жайға т.б. қажеттілікті қанағаттандыратын мүліктер босатылуы мүмкін.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА ТЕСТ

1. Қазіргі нарықтық экономика кезінде салықтан жиналған ... қай жерге өте қажет болса, сол жерге жұмсайды.

- А. Салықты
- Ә. Білімді
- Б. Несиені
- В. Сыйақыны
- Г. Алтынды

2. Мүліктерге салық салу қай мемлекетте басталды ?

- А. Ресей
- Ә. Қазақстанда;
- Б. Қытай да;
- В. Ұлыбританияда;
- Г. Индияда.

3. Салық мемлекетке қандай пайда келтіреді?

- А. Жерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.
- Ә. Халықтың әл-аухатын арттырады.
- Б. Ақша береді.
- В. Білім береді.
- Г. Көмек береді.

4. Мемлекеттік өкімет органдарының азаматтар мен ұйымдардан алатын міндетті төлемі -

- А. Айыптар
- Ә. Салықтар

- Б. Ақша
- В. Жиһаз
- Г. Мал

5. Меншікке салынатын салық –

- А. Акциз
- Ә. Квота
- Б. Ақша
- В. Капитал
- Г. Мал

6. Салық бюджетке не әкеледі?

- А. Акция
- Ә. Квота
- Б. Ақша
- В. Табыс
- Г. Мал

7. Салық объектісі.

- А. Аукцион
- Ә. Квота
- Б. Жалақы
- В. Тауар
- Г. Мал

8. Қазақ тілінде «әдеби» сөзі _____ сөзінің негізінде жасалған.

- А. Әдеп
- Ә. Ақыл
- Б. Жалақы
- В. Ән
- Г. Үлгілі

9. Мемлекеттік бюджет табысы-

- А. Салық
- Ә. Білім
- Б. Несие
- В. Сыйақы
- Г. Алтын

10. Әдеби тілдің қоғамдағы басты қызметі — адамдар арасындағы _____ болу.

- А. Құрылыс құралы
- Ә. Әскери құрал
- Б. Оқу құралы
- В. Меншік құралы
- Г. Қатынас құралы

11. Салық салуға жатпайтын –

- А. Қорық
- Ә. Банк
- Б. Жалақы
- В. Меншік

Г. Дүкен

12. Экономикаға байланысты мақалды табыңыз.

- А. Өнер алды-қызыл тіл
- Ә. Өнерді үйрен де, жирен
- Б. Атың шықпаса, жер өрте
- В. Саудада туыс жоқ.
- Г. Денсаулық – зор байлық.

13. Нарықтың негізгі қызметі - _____ .

- А. Білім беру
- Ә. Денсаулықты сақтау
- Б. Спортты дамыту
- В. Өнерді дамыту
- Г. Экономиканы дамыту

14. Салық салудың ең көне түрінің бірі – _____ салу болды.

- А. Білім бойынша салық
- Ә. Жер бойынша салық
- Б. Спорт бойынша салықты
- В. Өнер бойынша салық
- Г. Мәдениет бойынша салық

15. Экономикаға байланысты мақалды табыңыз.

- А. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.
- Ә. Ексең егін, ішерсің тегін.
- Б. Жаман адамнан қарыз алма, қарыз алсаң да қаражат қылма.
- В. Өнер бойынша салық
- Г. Күлшелі бала сүйкімді.

16. Сәйкес мақалды табыңыз. Жолдасы көптің – олжасы көп.

- А. Дружба – богатство бесценное.
- Ә. Друга хвалить, что себя похвалить.. фонд
- Б. По труду и плоды.
- В. Ленивому до печи пройти, как месячный путь проделать.
- Г. Что легко проживается, легко проживается.

17. Әдеби тіл сөйлеу тілінен жоғары тұрған _____ тіл.

- А. Өткір
- Ә. Ескі
- Б. Дөрекі
- В. Көркем
- Г. Нашар

18. Салық алғаш рет қай мемлекетте пайда болды?

- А. Қазақстанда
- Ә. Ресейде
- Б. АҚШ-та
- В. Қытайда
- Г. Францияда.

19. Салықтарды төлеу — әрбір азаматтың қасиетті _____ .

- А. Дүниесі

- Ә. Борышы
- Б. Ісі
- В. Әрекеті
- Г. Шаруасы

20. Салық түрі-

- А. Аукцион
- Ә. Лоторея
- Б. Жалақы
- В. Купон
- Г. Харадж

СООЖ.

Сабақтың мақсаты: Студенттерді ойын жүйелі жинақтап сөйлеуге үйрету.

Әдеби тіл нормалары

Қазақ тілінде «әдеби» сөзі «әдеп» сөзінің негізінде жасалған. Ол «сөз әдебі» дегенді білдіреді. Әдеби тіл сөйлеу тілінен жоғары тұрған көркем тіл. Ол сол халықтың бәріне бірдей ортақ әрі бәріне бірдей түсінікті болып келеді. *Ондай жалпыға ортақ тілді әдеби тіл дейді.* Әдеби тіл арқылы айтушының, жазып қалдырған адамның ойын, пікірін ұғамыз, сұрағына жауап береміз. Әдеби тіл арқылы өзіміз көзбен көрмеген оқиға туралы мағлұмат аламыз. Яғни пікір алысу, ой жеткізу, адамдардың бір-бірімен ұғысуы, білмегенді білу, білім, тәлім-тәрбие, тағлым алу әдеби тілдің осы қатысымдық қызметі арқылы жүзеге асады.

Әдеби тілдің қоғамдағы басты қызметі — адамдар арасындағы қатынас құралы болу.

Әдеби тіл екі түрлі формада өмір сүреді: ауызша тіл, жазбаша тіл. Мысалы: оқытушының сабақты түсіндірген сөзі, оқушының сабақта

берген жауабы, радио, теледидардан сөйлеген сөздері – ауызша тіл болады да, кітапта, газет - журналда жазылғандары – жазбаша тіл болып есептеледі.

Әдеби тілдің тұрақты нормалары болады.. Көркем әдебиет тілі, ғылыми әдебиеттер тілі, баспасөз тілі — бәрі де әдеби тілде жазылады

- ❖ Әдеби тіл дегеніміз не?
- ❖ Ауызша тіл дегеніміз не?
- ❖ Жазбаша тіл дегеніміз не?
- ❖ «Тілін білмеген — түбін білмейді» дегенді қалай түсінесіздер?
- ❖ Тілді қадірлеу неден басталады?
- ❖ Адам мәдениетінің алғышарты не болып табылады?
- ❖ Тілін білмеген нені білмейді?
- ❖ Қазақта дұрыс сөйлей білу мәдениеті деп нені атаған?

Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды.

М.Балақаев

Әдеби тіл ең әуелі-ақ жазуға сүйенеді. Жазу стилінсіз әдеби тіл болмақ емес.

Ғ.Мұсабаев

СӨЖ. :

1. «Қазақстан Республикасындағы қазіргі заманғы салықтардың сипаттамасы» тақырыбында шағын шығарма жазыңыз. Тақырып бойынша жаңа сөздерді пайдалануға тырысыңыз.
2. Салықтарға байланысты қосымша әдебиеттерден мәтін құрастырыңыз.
3. Ең көп қолданылатын салық түрлерін анықтаңыз.

13. БАНКТЕ. АҚША . ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА СТИЛИСТИКАЛЫҚ ТІЛ НОРМАЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сабақтың мақсаты. Стилистикалық тіл нормаларын сақтау арқылы кәсіби терминдерді дұрыс пайдаланып, сауатты жазуға және кәсіби тілде сөйлеуге үйрету.

Тірек сөздер: банк, банкир, банктік несие, бағалы қағаздар, алтын қор, дағдарыс, ипотекалық несие, ұзақ мерзімді несие, төлемақы, қаржы, капитал, коммерция, экономикалық тұрақтылық, бәсекелес, валюта резерві, материалдық құндылық, құжат, тұтыну тауарлары, құн, кепіл, заңды тұлға, қарыз.

1. Мәтінді оқып, алғашқы банк туралы мәліметті есіңізде сақтаңыз. Мәтін стиль нормаларының қай түріне жатады?

Алғашқы банктер қашан пайда болды?

Банк туралы не білеміз?

«Банк» - италиян сөзі «bank» — орындық, «айырбас орындығы — айырбас орны» дегенді білдіреді. Бұл «айырбас столы» тауарлармен сауда жасалатын аландарда құрылады. XV-XVI ғасырларды Венеция республикасында айырбас иесі мен өсімқорлар ақшасын және іс қағаздарын қоятын орындықты banco деп атаған. Егер қарыз алушы ақшасын уақытылы өтей алмаса оның басына орындықты ұрып, сындырған. Италиян тіліндегі banco rotto («сынған орындық») ұғымы заманауи қолданыстағы банкрот ұғымын білдіреді.

Қазақстанда 1991 жылы қос деңгейдегі банк жүйесі құрылды.

1. Жоғары (бірінші) деңгейдегі банк — Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі; Ұлттық банк тек ҰР-ның Президентіне есеп береді. ҚР-ның Ұлттық банкінің басты міндеті ұлттық валюта – теңгенің ішкі және сыртқы тұрақтылығын сақтау. Ұлттық банктің төрағасын ҚР-ның Президенті ұсынады. Ұлттық банк төрағасы 6 жылға сайланады.

2. Екінші деңгейдегі банк — коммерциялық банктер жүйесі.

Коммерциялық банктердің міндеті – өнеркәсіп мекемелерін, мемлекет пен халықты несиелеу.

- ❖ «Банк» сөзі қай тілден алынған?
- ❖ Банктің қандай түрлері бар?
- ❖ Қандай коммерциялық банктерді білесіз?
- ❖ Банк қандай қызмет атқарады?
- ❖ Қай банктің төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады?
- ❖ Қазақстанның Ұлттық банкінің негізгі міндеттері қандай?
- ❖ Ұлттық банктің төрағасы неше жылға сайланады?
- ❖ Ұлттық банктің төрағасы кім?

2. Мәтінді оқыңыз. Мәтін стильдік норманың қай түріне жатады? Экономикалық терминдерді теріп жазыңыз.

Банк туралы қызықты деректер

- Бүгінгі күні Швейцарияда 400-ге тарта коммерциялық банк жұмыс істейді. Олардың жалпы ақша айналымы 52 триллион долларға тең.
- Швейцарияның БАҚ-ның хабарлауынша сол банктердің бірінде 1902 жылы Владимир Ильич Лениннің атына ашылған, бірақ әлі күнге дейін жабылмаған есепшот бар екен. Оның ішінде 13 швейцар франкі сақтаулы.
- 1179 жылы Рим папасы Александр III барлық банк қызметкерлерін шіркеуге қарсы адамдар деп жариялады. Банк қызметкерлерінің шоқынуға, мінәжат етуге және христиан ретінде жерленуге қақысы болмаған. Бұл олардың ақшаны беріп, үстіне пайыз қосып алатындығына байланысты. Әлі күнге дейін бұл заң күшін жоймаған. Христиан дінінен бөлек ислам діні де өсімқорлықты қолдамайды. Ислам банктері ешқашан пайыздық үстемемен ақша бермейді. Тек иудаизм дінінде ғана өсімқорлыққа шек қойылмайды. Себебі, ортағасырлық «банк қызметкерлерінің» көбісі еврейлер болған.

Ірімшік сақтайтын банк туралы естіп пе едіңіз?

Пармезан ірімшігі Италия елінде құнды болғаны соншалық, кейбір банк ғимараттары оны сақтауға дайын. Ол қатты, сынғыш, ащы. Оған алмұрт, грек жаңғақтары қосады. Көбіне пастаға, ризоттаға, омлетке қосып жатады. Орташа есеппен 100 грамда 392 ккал бар. Осындай ірімшік сақтаушы банктердің бірі – Кредито Эмилиано. Оның қорында 14-17 кг аралығында 300 000-ға жуық ірімшік сақталған. Мұның жалпы соммасы 200 миллион еуроға бағаланды. Ірімшік банкінің өзге банктерден ешқандай айырмашылығы жоқ. Жалғыз айырмашылығы бар, бұл ірімшік алтын және бағалы заттар тұратын қоймада жасырылады. Пармезанның қымбат болғаны соншалықты, Кредито Эмилиано банкіндегі ірімшік үш рет ұрланған. 1950 жылдары Италияның солтүстігіндегі банктер шаруларға несиені бергенде кепілге «ірімшік» алып отырған. Егер несие уақытында қайтарылмаса банк осы ірімшіктерді сатып шығынның орнын толтырған.

3. Мәтінді оқып, кәсіби терминдерді теріп жазыңыз. Банк туралы мәтінді өздеріңіз білетін ақпараттармен жалғастырыңыз. Қарамен жазылған сөйлемдердегі ойды құптайсыз ба? Әлде Неге?

Банктік несие туралы

Банк – коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға. **Банктің қызметі** – депозиттерді қабылдау, ссудаларды беру.

Өз экономикасын нарықтық жолда қайта құра бастаған Қазақстан үшін әлемдік банк жүйесінің даму жағдайы қызықтыруда. Ол үшін шетел тәжірибесінен үйрену қажет.

Алып банктер, ең алдымен, Жапония, Германия, Канада, АҚШ және араб әлемі елдерінде пайда болды. Олардың активтері 100 млрд. доллардан астам болды.

Егемендік алғаннан бері Қазақстанның банктері көптеген банктермен толықты.

Несие беру арқылы халықтың әл-ауқатын жақсартамыз. **Өнеркәсібі дамыған елдердегі тұрғындар өздерінің жыл сайынғы табысының 10-12 пайызын тұтыну несиесін өтеуге жұмсайды. Біздің елде несиенің бұл формасы мүлде дамымаған. Біздің елде тұтыну несиесінің пайыздық мөлшерлемесі өте жоғары болғандықтан (жылына 16-18 пайызды құрайды), халықтар борышкер болып қалудан қорқады. Тауарларды несиеге сатып алған тұтынушы ай сайынғы жарнаны ғана төлеп қоймай, несиені пайдаланғаны үшін пайыз төлейді. Тұтыну несиесі көптеген елдерде маңызды рөл атқарады.**

1. Банк қандай ұйым?
2. Банк жұмысын игеруде кімдердің тәжірибесін үйрену керек?
3. Алып банктер қай елде пайда болған?
6. Несие алу үшін қандай құжаттар дайындау керек?
7. Қарыз алушының жағдайы қандай болу керек?
8. Неге борышкер болу мүмкін ?

4. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар, сөздікті пайдаланып, қазақшаға аударыңыз. Нарықтық экономикада ақша қандай рөл атқарады?


. Деньги

Происхождение денег связано с 7-8 тыс. до н.э., когда у первобытных племен появились излишки каких-то продуктов, которые можно было обменять на другие нужные продукты. Исторически в качестве средства облегчения обмена использовались – с переменным успехом – скот, сигары, раковины, камни, куски металла.

Каковы же основные этапы истории развития денег? Первый этап – появление денег с выполнением их функций случайными товарами; второй этап – закрепление за золотом роли всеобщего эквивалента; третий этап – этап перехода к бумажным или кредитным денгам; четвертый этап – электронные виды платежей.

Деньги имеют собственную классификацию. В частности, по форме существования деньги бывают наличные и безналичные.

Деньги играют важную роль в рыночной экономике. Рынок невозможен без денег, денежного обращения. Денежное обращение – это движение денег. Оно обслуживает реализацию товаров, а также движение финансового рынка.



Стиль нормалары туралы түсінік

Ресми құжаттар және іс-қағаздары стилі. Іс қағаздарының түрлері көбінесе белгілі бір жағдайда байланысты нақты бір тұлғаның атынан жазылатындықтан, ол сөздер сөйлемнің баяндауышы болып, жіктік форманың бірінші жақ, жекеше түрінің жалғауын қабылдайды. Ресми құжаттардың тілі мен іс қағаздарының тілі ресми іс қағаздары стилі болып табылады.

Ғылыми стиль туралы түсінік. Ғылыми стильге ғылымының әр саласына қатысты жазылған ғылыми еңбектері кіреді. Логикалық жүйелі ой қорытындысы – ғылыми стиль мәтіндерінің басты ерекшелігі. Ғылыми стиль түрлері: таза ғылыми стиль, ғылыми-оқулық стилі, ғылыми көпшілік стиль. Ғылыми стильдің мазмұндық белгілері: нақтылық, объективтілік, қисындылық. Ғылыми стильдің басты лексикалық ерекшелігі – терминдер.

Публицистикалық стиль. Публицистикалық стильге радио-теледидарлар, газет-журналдар тілі жатады. Публицистикалық стильде қоғамдық саяси мәселе қарастырылады. Публицистикалық стильдің ауызша түрі – шешендік сөз.

Көркем әдебиет стилі. Көркем әдебиет стилінің белгілері: көркемдік-бейнелегіш құралдар аса мол қолданылады.

6. Сұхбатқа көңіл аударыңыз, қазақшаға аударыңыз. Өзіңіз сұхбат құрыңыз. Мәтін стиль нормаларының қай түріне жатады?

Работник банка: Добрый день! Чем могу вам помочь?

Клиент: Добрый день. Я хотел бы открыть у вас вклад. Какие проценты вы предлагаете?

Работник банка : У нас разные предложения. Много зависит от длительности и суммы депозита, который вы хотите открыть в нашем банке.

Клиент: А у вас есть список этих предложений? Если да, то можно ли мне взглянуть?

Работник банка: Да, конечно. Вот он.

Клиент: Спасибо. Я выбираю этот: депозит на год.

Работник банка: Хорошо. Мне понадобится ваш паспорт.

Клиент: Вот он.

Работник банка: Пожалуйста, прочитайте договор и подпишите его.

Жағдаяттық тапсырма

Сіз есепші мамандығын таңдапсыз. Неге? Есепшіліктің Сіз үшін және ел экономикасы үшін маңыздылығы туралы айтыңыз.

7. Мәтінді оқып, ипотекалық несиенің тұтыну несиесінен айырмашылығын салыстыра отырып баяндаңыздар, экономикалық терминдердің астын сызыңыз.

Егер банк жұмысы дұрыс жолға қойылса, елдің экономикасы да жоғарылайды. Елдер ақшасын банкте сақтайды, банктен несиеге ақша алады. Ақша сауданы жеңілдетеді және экономикалық мәселелерді шешеді. Қазір банктер ең тиімді коммерциялық пайыз мөлшерін ұсына отырып, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несие береді. Банктер кепілдіксіз несие бере алмайды, сондықтан несие алушыдан кепіл затын сұрайды. Алтын валюта қоры сыртқы саудада қолданылады, төлем балансындағы тапшылықтың орнын толтыру үшін жұмсалады. Теңге сауда айналымы үшін қажет және ол біздің дербес ел екенімізді де білдіреді. Қазақстанда коммерциялық банктер көп, олардың қорында ондаған миллион теңге бар. Уақытыңды босқа өткізбей, пайдалы іске жұмса. Жұмысқа кешікпей барсаң, жолдастарыңның, жұмыстастарыңның арасында беделің жоғары болады. Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық. Жалқаудың жанына барсаң, сылтудың астында қаласың. Жаны адал, жүрегі ақ, сезімі нәзік адамдар әуелі өз құрбысына қатаң талап қойып, өзін-өзі алдамайды. Адал, сол – таза еңбекпен күнін көріп, жаны үшін адамшылық арды сатпайды. Ақылды, сабырлы ер деп соны айтамыз, еткені берекелі жұмыс болса...

8. Қазақ халқы жігерлі адамды «тәуекелшіл, жігіт, ...» деп атайды. Олай болса, төмендегі орыс мақалдарын оқып, гибрат алыңыз, қазақшаға аударыңыз. Қазақ тілінде де мұндай мақалдар болуы мүмкін екенін ескеріңіз.

- Джигита, которого хвалит народ, любят и девушки.
- Если джигги обещает, то от слова своего не отступает.
- Слабый всегда убегает, слабого каждый обижает.
- Риск– крылья джигита.
- У рискующего и корабль не тонет и не горит.
- Риск и камень разбивает, и гору побеждает.
- Без риска через реку не перейдешь.
- Смелость и горы сворачивает.

4. Егер өз ісіңізді бастайтын болсаңыз, қаржыны қайдан аласыз?

Нұсқаларды таңдаңыз:	жақсы жағы	нашар жағы
Жинаған қаржымды жұмсаймын.
Әкемнен сұраймын
Туысымнан қаржы сұраймын;
Достарымнан қаржы сұраймын;
Туыстарыммен бірігемін;
Демеуші (спонсор) іздеймін;
Әріптес іздеймін;
Инвестор іздеймін;
Машинамды сатамын.

10. Берілген мақал-мәтелдердің мағынасын ашыңыз. Ақшаның адам өмірінде алатын орны қандай? Мәтін стиль нормаларының қай түріне жатады?

Ақша кетуге тырысады, есеп ұстауға тырысады.

Алғанды білген анайы, бергенді білген сыпайы.

Саудаң әділ болмаса, нарық бұзылады.

Үйдегі есепті базардағы нарық бұзар.

Ақшалының қолы ойнар, ақшасыздың көзі ойнар.

Ақша ашпайтын құлып жоқ.

Ақшада көз жоқ.

Ақша – сіздікі, мал – біздікі.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

11. Экономиканың қозғаушы күші ақша туралы әңгімелесейік!!!

*Көп ақша табу - батырлық,
оны сақтау ақылдылық,
ал үнемдеп жарата білу - өнер.*

Б. Авербах

I. Көп нүктенің орнына керекті сөз тіркесін қойыңыз. Мәтін стиль нормаларының қай түріне жатады?

Ақша дегеніміз – адам баласының сауданы жеңілдету мен басқа да шешу үшін пайдаланылатын ерекше бір заттардың жалпы атауы. қатысушылардың арасындағы алмастыруды жеңілдетеді ақша айналымына ертедегі Қытайда ХІХ ғасырда жіберілген болатын. Ресейде штемпель басылған былғары атқарса, Қытайда ХІІІ ғасырда император Хубилай тұт ағашының қабығынан «ойып жасауды» бұйырған. Мұндай ақшаны өзінің императорлық мөрімен куәландырады. Мемлекеттің қаржылық қызметі – оның жасау, бөлу және пайдалану сияқты үш жалпы бағытта іс-әрекет ететін толып жатқан және сан қырлы функцияларында білінеді. Бұлардың әрқайсысындағы бақылаудың функциясы болып табылады.

Мемлекеттің қаржылық қызметінің сан алуандығы құрудың ерекшеліктерімен анықталады. Мемлекет әр түрлі орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорларға, сондай-ақ меншіктің басқа нысандарының ...

... субъектілерінің ақша қаражаттарына өзінің ықпалын жая отырып,, мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы – қаражаттарын жасау, бөлу және пайдалану жөніндегі функцияларын жүзеге асырады.

• **Керекті сөздер:** бюджет ресурстарын, шаруашылық жүргізуші, ақшаның рөлін, экономикалық мәселелерді, қаржы жүйесін, қағаз ақшалар, ақша саудаға, ақша қорларын, ажырағыссыз элемент.

II. Ақшаның қызметтері:

- құн өлшеуіштігі;
- бақылау құралдылығы;
- баға көлемін көрсету құралдылығы;
- айналыс құралдылығы;
- қор жинау құралдылығы;
- қазына жасау құралдылығы;
- төлем құралдылығы.

III. "Теңге тиыннан құралады" демекші, аз ақшаны ұстай білуге өз-өзімізді үйретейік. Теңгенің тиыннан құралатынын ұмытпайық.

Үнемшілдік – сарандық емес.

Ақша ақшадан құралады

Деньги к деньгам идут.

Білім алуға жұмсалған ақша – сақталған ақша

Усилия, истраченные на образование, никогда не пропадут.

Бірлік болмай, тірлік болмас

Без единения нет жизни.

Уәде – жанның азығы.

Уговор дороже денег.

Нар тәуекел – ер ісі

Риск – благородное дело.

IV. Психологтардың деректеріне сүйенсек қаржы (ақша) табудың негізінен тек төрт жолы бар көрінеді. Олар:

- жалданып жұмыс істеу;
- жеке кәсіби қауымдастықта жұмыс істеу;
- бизнеспен айналысу;
- инвестиция салу.

Ақшаны қалай үнемдеп ұстауға болатыны туралы бірнеше кеңестер:

Сатып алған заттардың бағасын кітапшаға жазып отырыңыз. Бұл өз-өзіңе есеп беруге үйретеді.

Су мен қуат көзін үнемдеңіз. Керек кезде ғана қранды пайдаланыңыз. Электр жарығының жануын да қадағалау керек.

Тамақ сатып алғанда аса ұқыпты болыңыз. Артық тамақ тоңазытқышта тұрып сапасын жоғалтады. Оны тастауға тура келеді.

Кез-кеген затты сатып аларда бағасын салыстырыңыз. Бір жерде 100 мың тұратын ноутбук 2-жерде 70мың болуы мүмкін ғой.

9. Тілдік бірліктерді жұптастырыңыз.

орталық банк

ақша шығаратын банк

ұлтаралық банк

нақты банк

банковская линия

банк отпавитель

банк данных

банк деловой

іскерлік банк
деректер жинақтамасы
жөнелтуші банк
банкiнiң есеп мөлшерлемесі
банк желісі

банк центральный
банк транснациональный
банк эмиссионный
банковская учетная ставка
банк реального кредита

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА ТЕСТ

1. Банк –

- А. Коммерциялық ұйым
- Ә. Делдалдық ұйым
- Б. Жарғылық ұйым
- В. Әлеуметтік ұйым
- Д. Мемлекеттік ұйым

2. Қазақша баламасын табыңыз. Шығыс болмай, кіріс болмайды.

- А. В торговле дружбы не бывает.
- Ә. Ищешь одну потерю, находишь другую.
- Б. Без обмана нет базара.
- В. Кто себя бережет, того беда обойдет.
- Г. Без расхода не будет и дохода.

3. Ғылыми стильдің басты лексикалық ерекшелігі – _____ .

- А. Сөздер
- Ә. Тұрақты тіркестер
- Б. Еркін тіркестер
- В. Терминдер.
- Г. Қысқарған сөздер

4. Шығын сөзінің аудармасы.

- А. Доход
- Ә. Кредит
- Б. Расход
- В. Цена
- Г. Финанс.

5. Мақалдың орысша баламасын табыңыз. Қарыз күліп келіп, жылап қайтады.

- А. Выйграл когда купил, продал – как будто проглотил.
- Ә. Долг со смехом приходит, и со слезами уходит.
- Б. Лишний доход – на голову много забот.
- В. Золото ценится лишь на базаре.
- Г. У дешевого товара нет качества .

6. Ұлттық банк ... бағынады.

- А. Үкіметке
- Ә. Әкімге
- Б. Кәсіпкерге
- В. Инженерге
- Г. Қаржыгерге.

7. Банктер қандай қызмет атқарады?

- А. Дүкен ашуды жоспарлайды.
- Ә. Өзінің өкімін ұсынады.
- Б. Делдалдық қызмет көрсетеді.
- В. Әр түрлі техника шығарумен айналысады.
- Г. Ұйымдар мен жеке адамдардан салымдар қабылдайды.

8. «Банк» сөзі қай тілден шыққан?

- А. Неміс
- Ә. Ағылшын
- Б. Италия
- В. Орыс
- Г. Түрік

9. Көркем әдебиет стилінің белгілері: _____ аса мол қолданылады.

- А. Қос сөздер
- Ә. Қысқарған сөздер
- Б. Кәсіби сөздер
- В. Терминдер
- Г. Көркемдік-бейнелегіш құралдар

10. Алғашқы банк қай жылы пайда болды?

- А. 1554 ж.
- Ә. 1407 ж.
- Б. 1900 ж.
- В. 1845 ж.
- Г. 1667 ж.

11. «Қазақстан Республикасының банктер туралы Заңы» қашан қабылданды?

- А. 1995 ж.
- Ә. 2000 ж.
- Б. 1993 ж.
- В. 1991 ж.
- Г. 1990 ж.

12. Несие немен байланысты термин?

- А. Мәдениетпен
- Ә. Математикамен
- Б. Спортқа байланысты
- В. Экономикамен
- Г. Медицинамен

13. Қай банктің төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті сайлайды?

- А. АТФ банк.
- Ә. Халық банк.
- Б. Нұр банк.
- В. Ұлттық банк.
- Г. Темір банк.

14. Мақалдың орысша баламасын табыңыз. Айтылған сөз – атылған оқ...

- А. Слово - полководец человеческой силы.
- Ә. Слово - серебро, молчание - золото.
- Б. Слово не воробей: вылетит - не поймаешь.
- В. Слово сказал - стрелу послал, письмо написал - в западню попал.:
- Г. Словом пронзишь то, что иглой не проткнёшь.

15. Заңды төлем құралын, банкноталарды шығаруға құқы бар қай банк?

- А. Ұлттық банк.
- Ә. Каспий банк.
- Б. Лариба банк.
- В. Альфа банк.
- Г. Халық банкі.

16. Сөйлемнің қазақша баламасын табыңыз. Банк проводит кредитно-денежную политику.

- А. Банк ақша-кредит саясатын жүргізбек.
- Ә. Банк ақша-кредит саясатын жүргізіпті.
- Б. Банк ақша-кредит саясатын жүргізгісі келеді.
- В. Банк ақша-кредит саясатын жүргізеді.
- Г. Банк ақша-кредит саясатын жүргізіп жатыр.

17. Үнемшілдік – _____ .

- А. Жақсылық емес.
- Ә. Сарандық емес.
- Б. Жамандық емес.
- В. Дұрыс емес.
- Г. Керек емес.

16. Сөйлемдер қай стильге жатады? 1991 жылы «Қазақстан Республикасының банктері туралы Заң» қабылданып, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі осы жылы қаңтарда құрылды. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі – Үкіметтің бас банкирі.

- А. Көркем-әдебиет стилі
- Ә. Ғылыми стиль
- Б. Публицистикалық стиль
- В. Ресми құжаттар және іс-қағаздары стилі

17. Қай стильге жатады? Что милей, сто рублей? – Двести.

- А. Көркем-әдебиет стилі
- Ә. Ғылыми стиль
- Б. Публицистикалық стиль
- В. Ресми құжаттар және іс-қағаздары стилі

18. Ақша ашпайтын _____ жоқ.

- А. Құлып
- Ә. Кітап
- Б. Үй
- В. Дүкен
- Г. Жаңалық

19. Публицистикалық стильдің ауызша түрі – _____ .

- А. Түбір сөз
- Ә. Туынды сөз
- Б. Қос сөз
- В. Қысқарған сөз
- Г. Шешендік сөз

20. Ғылыми стильдің басты лексикалық ерекшелігі –

- А. Түбір сөз
- Ә. Туынды сөз
- Б. Терминдер.
- В. Қысқарған сөз
- Г. Шешендік сөз

СОӨЖ тапсырмасы

Сабақтың мақсаты. Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөздік қорын молайту, кәсіби құзыреттілігін дамыту.

1. «Мен есепші болғанда...» деген тақырыпта эссе жазыңыз.

2. Банк және банк ісі туралы әңгімелеңіз. Әңгіме құрастыру кезінде өтілген материалдарды пайдалануға болады.

СӨЖ тапсырмасы

«Ұлттық валюта» – реферат жазыңыз.

14. ОЙДЫ ДӘЛЕЛДЕУ. ИССАПАРДА СӨЗДІҢ ҚИСЫНДЫЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаты. Білімді, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, сөйлеу мәдениеті жоғары жеке тұлға қалыптастыру.

***Тірек сөздер:** сөздің дәлдігі ойды дәлелдеу шешендік дәстүр, әдептен аспау, сөзге тоқтай білу, жоғары мәдениеттілік, рухани байлық, ресми мәлімдеу, шебер сөйлеу, иссапар куәлігі, қаражатты аудару.*

1. Мәтінмен жұмыс

Ойды дәлелдеу, сөз қисындылығы дегеніміз – қатысымдық қарым-қатынас кезінде сөзді дұрыс құрастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану. Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Ал Ж. Баласағұн «Ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деп тауып айтқан.

Әсіресе, ғылыми зерттеу жұмысында пікірді, ойды, болжамды нақты деректер арқылы дәлелдеу ой дәлдігін талап етеді. Сондай ақ, көпшілік алдында сөйлегенде, тыңдармандардың назарын аударуда сөз мағынасындағы ойдың айқындылығы зор мәнге ие.

Ой дәлдігінің сақталмауының себептері:

сөздің логикалылығының сақталмауы;
сөз және сөз тіркестерінің дұрыс айтылмауы;
қаратпа, қыстырма сөздердің көп қолданылуы;
сөйлем ішіндегі есімдіктердің орнымен қолданылмауы.

Тілдегі сауатсыздық – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі.

Сөзді қиыстырып, орнымен қолдана білу – өнер. Қазақ халқында: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деген мақал бар. Кейде байқамай, ойланбай сөйлеп, жақын адамдарымызды ренжітіп аламыз да артынан ұялып қалып жатамыз. Адамның сөйлеген сөзінен оның алған тәрбиесі мен мәдениеті анық байқалып тұрады. Сабырмен басқаның жанын ауыртпай сөйлеуге тырысу керек. Сонда өзін де сыйлы боласың, басқалармен тіл табысуың да оңай болады. Сөйлеу кезінде мақал-мәтелдерді орынсыз қолдану да тыңдаушыны жалықтырып, кері әсер етеді. Әр сөзіңе абай бол. «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деп халқымыз бекер айтпаған.

1. «Тілдегі сауатсыздық – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі» дегенді қалай түсінесіз?

2. «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» дегенді қалай түсінесіз?

3. Сіз қалай сөйлейсіз?

4. Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениетіне көңіліңіз тола ма? Достарыңыздың сөйлеу мәдениеті туралы айтыңыз. Өз ортаңызда дәлелді, шешен сөйлейтіндер бар ма?

5. Үйде ата - анаңмен қай тілде сөйлесесіз?

2. *Ойды дәл, санамалап жеткізу үшін қыстырма сөздерді қолданады. Ендеше, өз ойыңызды дәл жеткізуде санамалау әдісін қолданыңыз, сөйлем құрыңыз.*

Мысалы: Рақмет айтқым келеді:

біріншіден, әкеме – қорғаным болғаны үшін рақмет,
екіншіден, анаға – өмір сыйлағаны үшін рақмет,
үшіншіден, әжеге – ыстық алақаны үшін рақмет,
төртіншіден, отқа – жылулығы үшін рақмет,
бесіншіден, суға – тіршілік көзі болғаны үшін рақмет,
алтыншыдан, күнге – шуағы мен назары үшін рақмет.

3. *Ой мен тіл өзара байланысты. Ендеше, аңдатпаға көңіл бөліңіз.*

ОЙ ОЙЛАСАҢ, КЕҢ ОЙЛА

- Алды, артын тең ойла.
- Түйедей бойың болғанша,

Түймедей ойың болсын.

- Ойнап айтса да ойындағысын айтады.
- Ойға келген жақсы пікір жасыл жапырақ жамылған терек сияқты, табиғатты да, өзінді де көркейтіп жіберетін сияқты.

- Қандай да болмасын сөз сөйлегенде, іс істегенде, пікір алысқанда кателесу өзіне ғана қауіпті емес, тыңдап естігендерге де қауіпті, сондықтан, «өгіз де аман, арба да аман» принципінде сөйлеген дұрыс.
- Ойшыл болып тумасаң да, ойшылдардан үйрен.

4. Мәтінді оқыңыз. Әдеп ережелеріне байланысты өз ойыңызбен мәтінді жалғастырыңыз. «Сөз», «Сөйлеу», «Тіл», «Сөйлеу мәдениетіне» байланысты қанатты сөздер мен мақал-мәтелдер айтыңыз, мағынасын түсіндіріңіз.

Сауатты сөйлей білу – үлкен өнер

Сауатты сөйлей білу – үлкен өнер. Кейбіреулері «біз келе жатырық, бара жатырық деп, -ық деген жалғауды қолданады, «жаңағы» деудің орнына «жанағы» деп сөйлейді. «Н» дыбысының орнына «Н» дыбысын қолдану, тіпті жиі кездеседі. Ата-ананың, ұстаздың бала тәрбиесіндегі рөлі тек қана оның жақсы киінуімен, спортпен шұғылдануымен, музыкалық сауатын ашумен, шет тілін үйренумен шектелмеуі керек. Сонымен бірге, тіл мәдениетіне де көңіл бөлініп, бала кезден таза, анық, сауатты сөйлеуге үйрету керек.

Қазіргі кезде ұлт тілінде сауатты сөйлеуде, сөзді қадірлеуде бірден-бір жоғарғы орын алатын – театр, теледидар, радио екені мәлім...

Сөз қалай жазылса, солай айта салу немесе сөздің жеке тұрғандағы тұлғасы қандай болса, соны өзгертпей айту жиі кездеседі.. Тағы бір үлкен кемшілік «бола ма?» – «болады ма?», «келе ме?» – «келеді ме?» деп сөйлеу жиі кездеседі. Сөздерді қалай жазылса, солай айту – сауатсыздық, сондықтан қай салада болсын, тілімізді ардақтап, қадірлеп, аялай білейік. Бұл – баршамыздың азаматтық борышымыз, қасиетті парызымыз.

*М. Омарбаева – Т.Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры*

5. Сәйкестендіріңіз

Жақсы сөз– жарым ырыс.	Не спеши языком, торопись делом.
Орынсыз сөзден өрт шығады.	• Будешь следить за языком – он хранит тебя.
Ақылды сөз тыңдауға да жақсы.	Недоброе слово, что огонь жжёт
Тіліңе сақ болсаң – қорғаның.	• Умную речь хорошо и слушать.
Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.	Говорить не думая, что стрелять не елясь
Тіліңмен жүгірме, ісіңмен жүгір	Если говоришь, что думаешь, так думай, что говоришь

СӨЗДІК ҚОРЫМЫЗҒА СӨЗ ҚОСАЙЫҚ!!!

б. Берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрыңыз. жазыңыз.

Жіпсіз байлану. Бармағын тістеу. Тақырға отыру. Шашын жұлу.

Көзі шарасынан шықты.

7. Газет, журнал беттерінде кездесетін ауызекі сөйлеу стиліне тән қыстырма сөзді теріп жазыңыз.

8. Мәтінді сөздікті пайдаланып, қазақшаға аударыңыз. Иссапар туралы ақпаратты есіңізде сақтаңыз.

Служебная командировка

Служебная командировка — поездка работника по распоряжению работодателя на определённый срок для выполнения служебного поручения вне места постоянной работы.

Днём выезда в командировку считается дата отправления поезда, самолёта, автобуса или другого транспортного средства от места постоянной работы командированного, а днём приезда из командировки — дата прибытия указанного транспортного средства в место постоянной работы. При отправлении транспортного средства до 24 часов включительно днём отъезда в командировку считаются текущие сутки, а с 00 часов и позднее — последующие сутки. При направлении работника в командировку за ним сохраняется место работы (должность) и средний заработок. Работнику возмещаются расходы, связанные со служебной командировкой.

9. Мәтінді оқып, мәтіндегі сапарға шығудың пайдасы туралы айтылған сөйлемді жазыңыз. Өзіңіз сапарға шықтыңыз ба? Онда қандай жағдайлар болды? Досыңызбен жолсапар туралы сұхбаттасыңыз.

Сапарға жиі шығу адамға бақыт сыйлайды

Гарвард университетінің (АҚШ) ғалымдары Британияның «Cancer Research» зерттеу орталығымен 7 жыл бойы бірлесіп жасаған зерттеу қорытындыларын жария етті. Онда адамның бақытты болуы үшін айына 1-2 рет сапарға шығу жеткілікті деген тұжырым жасалған. Мамандар, тіпті де алысқа сапарлаудың қажеті жоқ дейді, демалыс күндері отбасымен немесе достармен көрші қалаға сапар жасаса да жеткілікті екен, деп жазады «VistaNews» порталында.

Нақтырақ айтқанда, зерттеудің негізгі түйіні мен қорытындысында адам сапарға шығып тұрса, түрлі психологиялық «ауытқуларсыз» өмірін бірқалыпты арнаға сала алады екен.

Жағдаяттық тапсырма

Сіз Астанаға іссапармен бардыңыз. Сіз «Астана» қонақүйіне орналастыңыз. Ертең конференция. Конференцияда баяндама оқисыз. Сіз конференцияда әдемі болғыңыз келеді. Жақын жерден шаштаразға барып шашыңызды қидырдыңыз. Енді қайта қонақүйге бару керек. Алайда, сіз жолды ұмытып қалдыңыз. Бұл Астанаға бірінші рет келуіңіз. Қонақүйге қайта оралу керек. Не істейсіз?

Керекті сөздер: қонақүй, адасып қалдым, айтып жіберіңізші, оң жақта, сол жақта, жақын маңда, жанында т.б.

10. «Иссапар» тақырыбына байланысты мақалдардың мағынасын түсіндіріңіз.

Көп сөйлеме, тілді бағып, аралас,

Көп сөйлеген сөзде қадір қалар аз.

Бір күндік жолға шықсаң, үш күндік азық ал.

Жақсы жол ұзақ та болса жақын,

Жаман жол жақын да болса алыс.

Жол қадірін жүрген білер.

Жол қуған қазынаға жолығады.

Жөн сұраған кісі адаспайды.

Көп сөйлеме, тілді бағып, аралас, Көп сөйлеген сөзде қадір қалар аз.

11. «Иссапардағы кездесу» деген тақырыпта сұхбат құрыңыз.

Үлгі:

– Сәлеметсіз бе, Айша?

– Сәлеметсіз бе, Ербол ағай? Қош келдіңіз, Алматыға! Төрлетіңіз.

– Иә, иссапармен келіп те қалдық. Жұмыс жағдайларыңыз қалай?

– Бәрі де жақсы. Бірлестіктің жұмысы бұрынғыдан әлдеқайда табысты болып келеді.

– Жалақыларыңыз да өскен шығар?

– Әрине, жаңадан келген бастығымыз жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына ерекше көңіл бөледі. Әр тоқсан сайын үстеме жалақы беріледі. Жақсы жұмыс істеген жұмысшылардың жалақысын көтеріп, марапаттап отырады. Қазір еңбек өнімділігі де жоғары, білестік табысы қуантарлық.

– Сіздердің өнімдеріңізге сұраныс та жоғары болар?

– Иә, өнім сапалы болған сайын сатып алушылар да көбеюде.

– Сіздің бірлестіктің бәсекелесі бар ма?

– Болғанда қандай! Бірақ қазір өнім сапасы маңызды орын алады ғой. Біздің өнім әрі арзан, әрі сапалы болғандықтан үлкен сұранысқа ие. Ал өзіңіз не мақсатпен келдіңіз?

– Осы иссапарда сіздермен серіктес болсақ деген мақсатымыз бар. Бірігіп жұмыс істеп, тәжірибе алмасу – бәрімізге де тиімді болар деп ойлаймын.

– Әрине, ойыңыз өте орынды. Ісіңізге сәттілік тілеймін!

– Рақмет!

–

12. «ИССАПАР» ойыны.

Тапсырма: Оқушылар 2 топқа бөлінеді. 1 топ әкімшілік, 2 топ іс-сапарға аттанатын қызметкерлер.

Мақсат: Топ мүшелері қойылған талап бойынша жауап берулері керек, жүйелі, нақты, көлемді жауап арқылы айтпақ ойларын дұрыс жеткізу.

Нәтиже: Топ дұрыс жауап беру мақсатында ұйымдаса жұмыс істеу, талпыныстарын туғыздырып, өткен материалды еске түсіреді.

Қызметкерлер тобы	Әкімшілік тобы
Іс-сапарға бару керек. Әкімшіліктен сапарға қандай мақсатпен баратыныңызды, қойылатын мақсат пен талап туралы хат жолдайды.	Іс-сапарға барудағы басты мақсат, қай қалаға, қанша уақытқа, неше адам барады, оның мүшелері мен төлемақы туралы мәлімет берулері керек.

ЕСІНІЗДЕ САҚТАҢЫЗ!!!

ШЕШЕНДЕР СӨЙЛЕЙДІ

Күншілдік деген бар, содан сақтан,
Кекшілдік деген бар, содан сақтан.
Астамшылық деген бар, одан алыс жүр,
Сарандық деген бар, одан қалыс жүр.
Қараулық деген бар, одан таза бол,
Бәлеқорлық деген бар, одан ада бол,
Ынсапсыздық деген бар, содан аман бол.

Бөлтірік шешен

Жәнібек хан тағы бір әңгіме үстінде: - Бұл дүниеде кімнің төрт құбыласы тең болмақ? - деп сұрайды.

- Бұл дүниеде жүйрік аты, қыран құсы бар, өзі сұлу, мінезді қатыны, бес атар мылтығы бар жігіттің төрт құбыласы тең болады, ханым, - депті **Жиренше шешен:**

ОЙ ТОЛҒАУ ӨЛЕҢ ЖАТТАЙЫҚ!!!

13. Өлеңді оқыңыз.

- Өлеңнің мағынасына мән беріп, оның мінезіне (характері) талдау жасаңыз.
- Өз ортаңызда осындай ойлы адамдар бар ма? «Басқа бәле тілден» дегенді қалай түсінесіз?
- Өлеңнің негізгі тірек сөзін табыңыз.
- Автор өлеңі нені меңзейді?
- Өтірік туралы, өтірікшілік туралы ой қозғаңыз.
- Қарамен жазылған өлең жолдарына түсініктеме беріңіз.
- Өлеңдегі сөз қисындылығы туралы не айтасыз?

Басқа бәле – тілден

Біреулермен қарап жүрмей таласам,
Біреулерге ақылыммен қарасам.

Біреулердің бетіне айтып кінәсін
Ақиқатқа өз әлімше жол ашам.

Айтарым тез, қайтарым да тез менің,
Ашу деген – өрт екен ғой, сезгенім.
Өтірікке өрт қоямын ашумен
Өтірікшінің бақырайтып көздерін.

Мейлі бастық болсын , мейлі жай адам
Жалғандықтың көзін сөзбен оя алам.
Үлкенді де сыйламаймын үлкен деп,
Сақал-шашын өтірікпен бояған.
Өтірікпен қона алмадым көрші боп,
Қинамаймын «шындығыма сенші» деп.
Тым ащылау, тым ауырлау болса да,
Ақиқатты жүрген жанмын еншілеп.

Өспейтінім содан ба деп ойлаймын,
Сонда дағы тік айтқанды қоймаймын.
**Шындық деген зәмзәм суы секілді,
Ал ЗӘМЗӘМҒА өмір бойы тоймаймын.**

«Басқа бәле – тілден» дегенді енді ұқтым.
Шындық деген – белгісі ғой ерліктің.
**Өтірікпен тірі болып жүргенше,
Құлы болып өлген жақсы шындықтың!**

Жанысбаев Туғанбай

Жағдаяттық тапсырма

Сіз Астана қаласына іссапармен келдіңіз. Сізге «Бәйтерек» қонақүйіне орналасу керек. Төмендегі қажетті сөздерді пайдаланып сұхбат құрыңыз.

Керекті сөздер: құжат, кілт, қонақүйге орналасу, бөлме, төлем, таңғы ас, теледидар, ғаламтор қызметі, төсек-орын, қызмет түрлері, жаттығу залы.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

13. Сөз қисынын келтіріп сөйлейтін қазақтың шешен-билер туралы не білесіздер? Ғаламтор желісін пайдаланып, олар туралы мәліметтер жинаңыздар.

1. Өмірі. 2. Қоғамдағы орны. 3. Нақыл сөздері.

I. ТОП

МАЙҚЫ БИ

II. ТОП

ТӨЛЕ БИ

III. ТОП

ҚАЗБЕК БИ

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА.**ТЕСТ****1. Ойды дәлелдеу, сөз қисындылығы дегеніміз –**

- А. Қатысымдық қарым-қатынас кезінде сөзді дұрыс құрастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану .
- Ә. Қатысымдық қарым-қатынас кезінде мақалдар қолдану .
- Б. Қатысымдық қарым-қатынас кезінде өлеңдер қолдану.
- В. Қатысымдық қарым-қатынас кезінде терминдер қолдану.
- Д. Қатысымдық қарым-қатынас кезінде диалектілерді қолдану.

2. Ойды дәл, санамалап жеткізу үшін _____ қолданады.

- А. Қыстырма сөздерді
- В. Қос сөздерді
- Ә. Біріккен сөздерді
- Б. Қысқарған сөздерді
- В. Сөзтіркесін
- Г. Терминдерді

3. Служебная командировка сөзінің қазақша баламасы қалай?

- А. Саяхат
- Ә. Сапар
- Б. Жолсапар
- В. Қыдыру
- Г. Іссапар

4. Тіл – _____ да биік

- А. Үйден
- Ә. Аттан
- Б. Тақтан
- В. Таудан
- Г. Жұлдыздан

5. Мақалдың орысша баламасын табыңыз. Аз сөз – алтын, көп сөз – күміс.

- А. Говори редко, но зато и метко.
- Ә. За огнем к соседям идет – тридцать слов с собой берет.
- Б. Кто щедр на слова, тот скуп на дела.
- В. Слово сказать к месту, что гвоздь вбить на место.
- Г. Многословие – серебро, молчание – золото.

6. Сөзді қиыстырып, орнымен қолдана білу –.

- А. Қателік
- Ә. Бақыт
- Б. Өнер
- В. Дұрыс емес
- Г. Күнә

7. Іссапарға шығарда қандай тілек айтады?

- А. Жасың ұзақ болсын!.

- Ә. Өркенің өссін!.
- Б. Жолың болсын!.
- В. Бақытты бол!
- Г. Құтты болсын!.

8. Қайсысы би болмаған?

- А. Қазбек би
- Ә. Әйтеке би
- Б. Төле би
- В. Балпық би
- Г. Байшора би

9. Экономикалық терминді табыңыз.

- А. Табыс
- Ә. Кіріс
- Б. Шығын
- В. Пайда
- Г. Барлығы

10. Дата прибытия сөзінің қазақша баламасы?

- А. Бару мерзімі
- Ә. Келу мерзімі
- Б. Қайту мерзімі
- В. Жүру мерзімі.
- Г. Өту мерзімі.

11. Басқа бәле – _____ .

- А. Жұмыстан
- Ә. Адамнан
- Б. Сөзден
- В. Ойдан
- Г. Тілден

12. Ойшыл болып тумасаң да, _____ .

- А. Ұшқыштардан үйрен.
- Ә. Суретшіден үйрен.
- Б. Бишілерден үйрен.
- В. Ойшылдардан үйрен.
- Г. Диканнан үйрен.

13. Көлікте _____ жолақы төлейді.

- А. Жолақы
- Ә. Төлемақы
- Б. Жалақы
- В. Сұтақы
- Г. Сыйақы

14. Жол құған _____ жолығады.

- А. Алтынға
- Ә. Адамға
- Б. Қазынаға

В. Машинаға

Г. Өзенге

15. Тіл — ойдың _____ .

А. Тірегі

Ә. Белгісі

Б. Сұрағы

В. Жауабы

Г. Айнасы

16. «Расход»сөзінің қазақша аудармасы-_____.

А. Табыс

Ә. Кіріс

Б. Сұраныс

В. Шығын

Г. Қатынас

17. .Сараңдық емес не?

А. Үнемшілдік.

Ә. Қарапайымдылық

Б. Кеңпейілділік

В. Жомарттық

Г. Ысырапшылдық.

16. Ойдың тазалығы –

А. Сөздің тазалығы

Ә. Ойдың тазалығы

Б. Судың тазалығы

В. Өлеңнің тазалығы

Г. Ардың тазалығы

17. Экономикалық терминді табыңыз.

А. Қарыз

Ә. Парыз

Б. Аңыз

В. Сағыз

Г. Жауыз

18. Іссапар мерзімі аяқталғанда, оны _____ болмайды.

А. Жазуға

Ә. Ұзартуға

Б. Орындауға

В. Реттеуге

Г. Сақтауға

19. Сөйлемді толықтырыңыз. Мен іссапар құжатымен _____ .

А. Таныстым

Ә. Оқыдым

Б. Жаздым

В. Куәландырдым

Г. Құрастырдым

20. Іссапар мерзімі заңнамада белгіленген мерзімнен _____.

- А. Көбеймейді
- Ә. Аспайды
- Б. Асады.
- В. Тоқтамайды
- Г. Жүрмейді

СОӨЖ тапсырмасы

Сабақтың мақсаты. Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөйлеу әдебін дамыту, сөздік қорын молайту, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру

Мәтіннің әр бөлігін оқып, мысал келтіріңіз.

1. Тіл мәдениеті
2. Сөйлеу стилдері туралы.

1. Тіл мәдениеті – әдеби тілдің нормасы мен оның дамуы сөйлеу тілімен қарым-қатынасы. Күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болады.

Тіл – қастерлі де қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі – адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Сондықтан біз мәдениетті ойланып, сөйлеп үйренуіміз керек.

Н. Назарбаев

Сөйлеу мәдениеті. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас құралдарының ішіндегі өмірде кең қолданылатыны және аса маңыздысы — тіл. Сондықтан адамдар арасындағы қатынас мәдениеті туралы айта отырып, сөйлеу мәдениетіне соқпай кету мүмкін емес.

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз — қоғамдық даму үрдісінде қалыптасқан әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормаларын меңгеріп, тілдің мәнерлеуші құралдарын пайдаланып, диалогтасудың түрлі жағдайларында сөз қолданудың соларға сәйкес мақсаттары мен мазмұнын іріктей ала отырып, ойды тиянақты жеткізу ережелерінің жиынтығы.

Тіл анық болмаса, ой анық емес деген сөз. Тіл — ойдың айнасы. Тілдегі сауатсыздық — адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі.

Қоғамдық іс жүргізуге ресми қаратпа сөздер коммунистік билік жылдарында ұмытыла бастаған. Адамдардың бірлескен қоғамдық қызметінде аса жиі ұшырасатын қаратпа сөздерге мыналар: ер адамға қатысты — мырза, әйел адамға қатысты — ханым, қыздарға — бикеш деп сөйлеу қабылданған. Дүниежүзілік адамзат қауымдастығында мұндай қаратпа сөздерінің нұсқалары барлығында да қолданылады.

Өндірістік мәселелерге байланысты қарым-қатынаста, бұрыннан етене таныстықтың, тіпті достықтың болуы «сенге» көшіп алуға себеп бола алмайды. Егде мұғалімнің жоғары сынып оқушысымен немесе қарт профессордың төменгі курстың студентімен «сен»мен сөйлесуге қақысы жоқ.

2. Кез келген ойды жеткізу, алдымен, екі стильге ажыратылады. Олар — ресми және бейресми стильдер.

Ресми стиль дегеніміз — қызметті атқару үрдісінде қарым-қатынаста қолданылатын сөз саптау ережелері

Бейресми стиль. Бейресми стиль деп адамдардың қоғамдық, өндірістік еңбектен тыс, тұрмыс, демалыс жағдайларында сөз қолдану реттіліктерінің жиынтығын айтамыз.

Ресми стильде сөйлеу мен бейресми стильде сөйлеудің айырмасы — алдыңғысы қоғамдық бақылауда болатын болса, кейнгісі ресми органдардың бақылауынан тыс, адамдардың өз еркімен сөз қолданысы жасалуынан көрінеді.

СӨЖ тапсырмасы

1. Қазақтың би-шешендері туралы тұсаукесер жасаңыз.
2. «Біз қалай сөйлейміз?» шығарма жазу

15. БАЯНДАМА, ЕСЕП БЕРУ ҮЛГІЛЕРІ. СӨЗДІҢ ТАЗАЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаты. Мәтіндерді оқып, әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлесім құрастыру арқылы сауатты сөйлеуге және жазуға үйрету, сөздік қорын молайту, кәсіби қатысымдық құзыреттілігін дамыту.

Тірек сөздер: *тіл тазалығы, бөгде сөз, тілді шұбарлау, диалектизм, неологизм, варваризм, жаргонизм, профессионализм, баяндама, мәлімет, дереккөз, интеллектуалдық еңбек, ғылыми пікір, лауазым, баяндау хат.*

1. Мәтінді оқып, сөйлемдерге сұрақ қойыңыз.

БАЯНДАМА – ЕСЕП БЕРУ

Баяндама – белгілі бір тақырып төңірегіндегі барынша кең ашылған, көпшілік алдында баяндалатын, ресми түрдегі көп жағдайда ауызша баяндалатын хабарлама немесе есеп беру.

Есеп – бірденің болуын анықтау, оның заттай және ақшалай тұлғада өлшенуі, сандық және сапалық жағынан тіркелуі. ; Есеп шаруашылық қызмет пен қоғамдық өмірдің түрлі аялары туралы тұрақты ақпаратты қамтамасыз етеді. Баяндамалардың (есеп берудің) төмендегідей түрлері бар: бухгалтерлік есеп, аудиторлық есеп, ғылыми есеп, ағалау есебі, әскери есеп, бюджеттік есептер, іс сапар есебі, демографиялық есеп.

Есеп беру **-бухгалтерлік есеп** — кәсіпорынның ресурстарын және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін есептеу жүйесі. 1997 жылдан бастап Қазақстанда Бухгалтерлік есеп халықаралық стандарт жүйесіне көшірілді. Бухгалтерлік есеп көптеген жылдар бойы басқа ғылымдар сияқты дамып, қоғамның экономикалық-әлеуметтік жағдайларына сай өзгерістерге ұшырап келе жатыр. Белгілі ғалым Б. Де Солозано осы ғылым туралы “Бухгалтерлік есеп барлық ғылымдар мен өнердің ең алдында тұрады, басқалары онсыз өмір сүре алмаса, бухгалтерлік есеп үшін олардың ешқайсысы қажет емес” – деген болса, оның әріптесі Р. А. Фаулки “Есеп – бұл барлық

бизнестің тілі, яғни философиясы” – деп атаған. Бухгалтерлік есеп ұйымның қаржылық ақпараттарын өлшейтін, есептейтін және оны пайдаланушыларға жеткізіп отырады. Бухгалтерлік есеп басқару жүйесінде ең маңызды орындардың бірін иеленеді. Бұған дәлел ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының 1992 жылы өткізген конференциясында “Есептей алмаған, басқара алмайды” – деген сөздің бекер айтылмағандығын атап өтуге болады. Жалпы, бухгалтерлік есеп ұйымға оның қаржылық жағдайын жоспарлау, бағалау, бақылау және талдау секілді функцияларды орындауы үшін қажет. Тек қана бухгалтерлік есеп арқылы ұйымның табыстары мен шығындарын және шаруашылық қызметінің соңғы қаржылық нәтижесін анықтауға болады. Ел экономикасының нарықтық жолға көшуіне байланысты жаңа кәсіпкерлік қызметтердің пайда бола бастауына сәйкес бухгалтерлік есептің маңызы мен ролі арта түсуде. Сондықтан да кез келген елде бухгалтер мамандарын барынша білімді етіп даярлау сол елдегі ұйымдардың экономикалық жағынан тұрақты дамуына кепілдік береді.

2. Мәтінді қазақшаға аударыңыз.

Доклад или **отчёт** — один из видов монологической речи, публичное, развёрнутое, официальное сообщение по определённому вопросу, основанное на привлечении документальных данных.

Что такое доклад и для чего он нужен Доклад – это научно-исследовательская работа, где студент излагает суть проблемы, приводит разные мнения, примеры и высказывает свою точку зрения. Его можно оформлять не только в печатной форме, но и в письменной. Доклад нужен в первую очередь для того, чтобы студент учился работать с документами, литературой, высказывать свое мнение, выступать перед широкой аудиторией и правильно составлять план изложения.

3. ТАПҚЫР БОЛСАҢ...1. Тапқыр әже

Бір күні шал мен кемпірдің үйіне ұры түспек болыпты. Мұны біліп қойған әжей дауысын қаттырақ шығарып:

– Сапырып- сапырып Сарманға бер,
Құйып-құйып Құрманға бер,
Есіктегі екеуге бер, төрдегі төртеуге бер.

Өзің іш те, маған да бер, – деген екен.

Сыртта естіп тұрған ұрылар: «Қой кетейік, үй толы кісі екен. Өзіміз бәлеге қалармыз», – деп кетіп қалыпты.

Сөйтіп әженің тапқырлығымен үйге ұры түсе алмапты.

Сұрақ: Үйде неше адам болды? Ұры нешеу?

2. Түлкі мен қасқыр

Түлкі мен қасқыр екеуі тегін балыққа тап болады. Қасқыр айтады: «Мен есепке нашармын, балықты сен бөл» дейді түлкіге. Сонда түлкі: «Саған біреу, маған екеу, саған үшеу, маған төртеу, саған т.с.с.» деп, ең соңында жиырма балықты өзіне салды.

Сұрақ: Кім көп алды және қанша артық алды?

Жағдаяттық тапсырма

Сіз мекеме басшысысыз. Күн тәртібі бойынша «Таза сөйлеу – мәдениеттіліктің белгісі» деген тақырыпта баяндама жасауыңыз керек. Сіз басқарып отырған ұжымда өзге ұлт өкілдері бар. Сіз қай тілде баяндама жасар едіңіз

4. Баяндау хат үлгісіне қарап, өзіңіз де баяндау хат жазып көріңіз.

Алтын дән» ЖШС – нің директоры
А. Н. Асановаға кадр бөлімінің
меңгерушісі Г. П. Жүнісовадан

Баяндау хат

Менің сізге баяндау себебім, белгісіз бір себеппен жұмысшы Т. Оразов 2-9 тамыз күндері жұмысқа шықпай қалды.

Кадр бөлімінің
меңгерушісі:

Ж. О. Болатова
Күні: 00.00.0000

5. Сөздерді жұптастырыңыз.

Баяндама бойынша айтыс сөз	Тезисы доклада
Баяндама жасау	Прения по докладу
Баяндаманың тезистері	Аудиторский доклад
Баяндама мәтіні	Докладчик
Аудиторлық баяндама	Текст доклада
Баяндама	Сделать доклад
Баяндама жасаушы	Доклад
Ғылыми баяндама	Научный доклад

7. **Сөз тазалығы**

Сөз тазалығы дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтаумен бірге, ана тілінің мүмкіндігін пайдалана білу. Сөзді қолданғанда, әдеби тілге қатысты бірден-бір ұғынықты ана тілінің тазалығын танытатын сөзді таңдай білу керек, яғни тілді шұбарлауға бармаған жөн. Ал, тілдің тазалығын бұзатын, оған нұсқан келтіретін факторлар: ана тіліндегі баламасы бола тұра, басқа тілдерлен енген сөздерді қалай болса солай жұмсау (*варваризмдер*), жергілікті мәні бар сөздерді (*деалектизмдер*) талғамсыз қолдану, мамандыққа байланысты шағын ортада кездесетін сөздер (*профессионализмдер*), сондай-ақ құрбы-құрдастардың, әзіл-қалжыңы аралас адамдардың арасында сөзге кірістірілетін тілдік құралдар (*жаргонизмдер*) сияқты жайлар жатады. Мысалы: нормально, звонда, ладно, приколу, прикин, дабай, прямо, іскәмейкі, шопыр, ужасно, дальше, отлично т.б

- ❖ Сөз тазалығы дегеніміз не?
- ❖ Тілдің шұбарлануы дегенді қалай түсінесің?
- ❖ Тілдің тазалығын бұзатын нелер?
- ❖ Мәтіннің мазмұнын айтыңыз, өзіңіз әрі қарай жалғастырыңыз
- ❖ Тілді шұбарлайтын қандай сөздерді білесіз? Мысал келтіріңіз.

8. Белгілі лингвист, қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсыновтың тіл тазалығы туралы пікірін оқыңыз.

Қазіргі тілдік бірліктердің қолданылу әдісі туралы өз жолдастарыңызбен пікірлесіңіз.

Орыс жазушыларының сөз қолданысымен келісесіз бе?


СӨЗДІК ҚОРЫМЫЗҒА СӨЗ ҚОСАЙЫҚ!!!

6. Берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрыңыз.



«Смотреть сквозь пальцы» —
не обращать внимания на что-либо.





ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ

. **Тіл тазалығы дейтініміз** – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу.

Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынадай сөздерден қашқан:

Ескірген сөздерге жоламаған.

Жаңадан шыққан сөздерден қашқан.

Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан.

Жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған.

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. ...Ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болады.

А. Байтұрсынов.

Таза сөйлеу дегеніміз – сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде» сөздерді араластырмау.

М. Балақаев.

9. **ТОПТЫҚ ЖҰМЫС**

I. ТОП. Төмендегі сөйлемдерді түзеп, әдеби тілмен қайта құрып жазыңыз.

Конечно, айтамыз, өзің кінәлісің ғой. Ой, ужас, жаңбырдың астында қалыпсың ғой! Но ничего, қазір бәрі жақсы болады. Не беспокойся! Ыстық шай ішеміз, сосын как штык жылынасың.

– Ертерек поезға билет алып қой, вдруг, билет болмай қалса не істейсің? Ничего, аламыз ғой. Өздеріңнің халдарың қалай, атака қалай, әжека қалай?

- Соскучилась, когда-нибудь барып қайтамын. Мұнда все хорошо! Ауа райы шикарно. Мен ойлаймын, может, өздерің келіп кетерсіңдер?
- Барар едік, некогда. Жұмыс. Тем более үйге қарайтын адам керек.
- –Соседтерің бар емес пе? Последняя время мені ұмытайын дедіндер.
- Жоқ, сені сағындық. Одан да өзің бізге кел. Давай, жақсы, пока.

II.ТОП.

1. Мақалдарды қазақшаға аударыңыздар.

Лучше молчун имеющий ум, чем красноречивый болтун.

Язык акына кинжала острее и волоска нежнее.

Человека болтливость погубит , а лису красивая шуба.

Все легко на словах, только трудно в делах.

Если вовремя молчать, можно большой беды избежать.

Там, где не надо стрелять, руки усмирять,

там, где не надо говорить ро свой закрывай.

2. Сұхбаттағы қателерді табыңыз.

1. . Салем!

-Салем!

-Қалайсыңиини?

-Күштіі өзің?

-Жақсығо.

-Киноға барасыңба?

-Жоқ, баралмайм.

-Неге?

-Мамам жібермейд.

-Ммм, онда келесте барамын деп уәде бер?

-Уәде.

-Ал жақсы.

-Айнұр біз клубқа кетіп баратырқ.

-Күтіңдер менде барам ғой.

-Болшиш тез.

-Күте тұрыңдарш.

-Жарайд.

III.ТОП. *Төмендегі сөздердің әдеби баламасын тауып, мағынасына толық талдау жасаңыз. Сөздің әдеби тілдегі қолданысын ескеріп, сөйлем құрыңыз.*

Тормозы ұстап қалу	
Крышасы кеткен	
Езбеші	
Құлаққа лапша ілу	
Косьякқа кіру	
Общяга	

10.**СӨЗ СӨЙЛЕУ ӨНЕРІН ҮЙРЕНІҢІЗ**

Қандай адам болмасын, оның ой-өрісінің, білімінің, мәдениетінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалды. Адамның сөйлеу мәдениеті жоғары болса, ол адам мәдениетті әрі ақылды. Сөз сөйлеу мәдениеті орфоэпиялық нормаға негізделеді. Дұрыс сөйлей білген адам өз ойын, айтқанын тыңдаушыға толық түсіндіре біледі. Ел алдында шебер, шешен сөйлеу көп еңбектену, оқып, үйренуді талап етеді.

Жоғары буын басшылары, менеджерлер, заңгерлер, әкімшілік қызметкерлеріне көпшілік алдында сөз сөйлей білу аса қажет.

Көпшілік алдында сөйлеу үшін тәжірибе керек.

Атақты шешендердің айтуынша, сөз бәріне түсінікті, қарапайым, қызықты болуы шарт. Сөйлеуші сөйлегенде тыңдаушыларын қаншалықты қызықтыра алса, соншалықты табысқа жетеді. Сөйлеуші шешен бүкіл аудиторияның назарын өзіне аудару керек, әсіресе тыңдағысы келмегендердің көңілін жаулап алу керек. Сөйлеуші шешен кіріспені қызықты мысалдармен, мақал-мәтелдер, нақыл сөздермен немесе тыңдаушыларды ойландыратын дәйек сөздермен бастағаны жөн. Тыңдаушылардың көңілін аударатын тәсілдердің бірі – оларға сұрақ қою арқылы да назарын аудару. Кейде аудиторияны қызықтыратын тақырыпқа қатысты оқиғаларды әңгімелеу де ұтымды болып шығады.

Негізгі бөлімге енген материалдар жүйелі орналасу қажет. Сөйлеушінің соңғы сөзі әсерлі болуы керек. Аудиторияны бақылаудан шығармай, нәтижеге қолыңыз жеткенін байқаған бойда сөзіңізді аяқтаған дұрыс. Сөздің аяғы басталуы секілді есте қаларлық болуы керек: ерекше сөз орамы, ұран, жарқ ететін мысал, эмоция әсер ететін цитата т.б.

Әрбір адамға табыс биігіне жету, мансап сатысымен жоғарлау үшін әсерлі де сенімді сөйлеудің тигізер септігі мол. Әдемі сөзге ие, бұлтарпас дәлел келтіре алатын, оқиғаны дәл суреттеп жеткізе білетін, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін сөзбен түйе алатын адам қай кезде де бәсекелестікке қабілетті болады.

А.Аймағанбетова

11. Мәтіннің сөз қисындылығы талаптарына сай немесе қайшы жазылғанын дәлелдеңіз.

Тәкәппарлық

Вениамин Франклин деген даңқты білім иесі, Америка жұртының кісісі, он сегіздегі жас күнінде, Медера деген қаланың бір қарт адамына қонақ болып, шығар уақытта қарт ішкі бір есіктен шығарып салуға алып келіпті. Франклин бұл кісіге келе жатып, алдында не барын аңғармай, есікке жақындағанда қарт дауыстапты: - Еңкей, еңкей, - деп.

Сүйдегенше болмай, есік аласа екен, маңдайшасына Франклин маңдайымен тарс ете түсіпті. Сонда қарт күліп айтты дейді:

- Бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар; ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдында, басыңды тым жоғары ұстамай, төмен иіңкіреп жүрсең, мұнан да артық неше соққылардан құтыларсың.

Бұл сөзді Франклин сексен жасқа келгенше ұмытпай, әрдайым айтушы еді:
- Сол қарттың ақылы маған көп пайда болды және көзіммен көрдім, басын жоғары көтерген тәкаппарлардың нешеуінің әлек болғанын, - дейді.

- Бұл әңгімеден қандай ғибрат алдыңыз?
- Франклин неге «еңкей» деді?
- Қарт қандай ақыл айтты?
- Ол дұрыс па?
- Тәкаппарлық туралы сіз қандай пікірдесіз?
- Сіз жүрген ортада тәкаппар адам бар ма?
- Жағымды және жағымсыз мінез-құлық туралы мысал келтіре әңгімелеңіз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА ТЕСТ

1. _____ – бірдеңенің болуын анықтау, оның заттай және ақшалай тұлғада өлшенуі, сандық және сапалық жағынан тіркелуі.

- А. Қолхат
- Ә. Өтініш
- Б. Есеп
- В. Баяндама
- Г. Өмірбаян

2. Сделать доклад сөзінің қазақша баламасы :

- А. Баяндама жазу
- Ә. Баяндама жасау
- Б. Баяндама оқу
- В. Баяндама әкелу
- Г. Баяндама тапсыру

3. Адам тыңдау, сөйлеу, жазу мәдениетін меңгерсе, _____ .

- А. Ойын жүйелі жеткізе алады.
- Ә. Тыңдаушыны өзіне қарата алады.
- Б. Бәсекелестікке қабілетті болады.
- В. Сөзі әсерлі болады.
- Г. Барлық жауап дұрыс.

4. Баяндаманың құрылымдық бөліктерін табыңыз.

- А. Кіріспе
- Ә. Негізгі бөлім
- Б. Қорытынды бөлім
- В. Барлық жауап дұрыс.

5. Баяндамалардың (есеп берудің) түрлері:

- А. Ғылыми есептер

- Ә. Әскери есептер
- Б. Тексеріс бойынша есептер
- В. Бухгалтерлік есеп
- Г. Барлық жауап дұрыс.

6. Диалектіні табыңыз.

- А. Баяндама
- Ә. Үлкен
- Б. Әйдік
- В. Кітап
- Г. Диірмен

7. Таза сөйлеу –

- А. Мәдениеттілік
- Ә. Тілді шұбарламай сөйлеу
- Б. Білімділік
- В. Әдептілік
- Г. Барлығы дұрыс

8. Көпшілік алдында сөйлеу үшін _____ керек .

- А. Білім
- Ә. Мәдениет
- Б. Қанатты сөз
- В. Тәжірибе
- Г. Барлығы дұрыс

9. Кімдер көпшілік алдында сөйлей білуі керек?

- А. Жоғары буын басшылары
- Ә. Менеджерлер
- Б. Заңгерлер
- В. Әкімшілік қызметкерлері
- Г. Барлық жауап дұрыс

10. Баяндама сөзінің орысша аудармасы қалай?

- А. Отчет
- Ә. Тезис
- Б. Сценарий
- В. Программа
- Г. Доклад

11. Сөйлеуші шешен кіріспені _____ бастағаны жөн.

- А. Қызықты мысалдармен
- Ә. Мақал – мәтелдермен
- Б. Нақыл сөздермен
- В. Дәйек сөздермен
- Г. Барлық жауап дұрыс .

12.. Баяндаманың кіріспе бөлімінде _____ беріледі.

- А. Баяндама тақырыбы
- Ә. Басқа мәселелермен байланысы
- Б. Тақырыптың қарастырылуы

В. Негізгі дереккөздер
Г. Барлық жауап дұрыс .

13. Жаргон тіркесті табыңыз.

А. Крышасы кеткен
Ә. Өзі кеткен
Б. Ағасы кеткен.
В. Бояуы кеткен
Г. Ұяты кеткен

14. Жаргон тіркесті табыңыз.

А. Баланы ұстап қалу
Ә. Ағашты ұстап қалу
Б. Тормозы ұстап қалу
В. Малды ұстап қалу
Г. Билікті ұстап қалу

15. “Есеп – бұл барлық бизнестің тілі, яғни философиясы” – деп атаған кім?

А. Ломоносов
Ә. Аристотель
Б. Әл -Фараби
В. Р. А. Фаулки
Г. Ұлықбек

16. Тіл тазалығын былғаушының бірі.– _____.

А. Мақал-мәтелдер
Ә. Жаргонизмдер
Б. Әндер
В. Жырлар
Г. Өлеңдер

17. «Таза сөйлеу дегеніміз – сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде» сөздерді араластырмау» деген қай ғалым?

А. А. Байтұрсынов
Ә. Ғ. Мүсірепов
Б. М. Балақаев
В. Ә.Әлімжанов
Г. С. Мұқанов.

18. Мақалдың орысша баламасын табыңыз. Жақсы сөз жан семіртеді.

А. Чистые слова – истина всегда.
Ә. Сундук, котрый на замок закроют, если не зубы, то язык откроет.
Б. От хоршего слова успокоится душа.
В. Языком занозу не достанешь
Г. Язык – без запора, рот – без забора.

19. Орысша баламасын табыңыз. Тіл қылыштан да өткір.

А. Языком корыто выдалбливает,
а руками и шепку расколот ь не может.
Ә. Языком попусту болтать – беду себе наживать.
Б. Язык и меча острее.
В. Язык акына кинжала острее и волоса нежнее.

Г. Язык мой – враг мой.

20. Есеп туралы мақалды табыңыз.

А. Өсекке кіріспе, есепке кіріс.

Ә. Есептей алмаған, басқара алмайды

Б. Есеп білмеген – есек

В. Ақша кетуге тырысады,

Есеп ұстауға тырысады.

Г. Барлық жауап дұрыс .

СОӨЖ тапсырмасы

Сабақтың мақсаты. Өтілген материалдарды қайталау, жаттығу жұмыстары арқылы сөздік қорын молайту, кәсіби құзыреттілігін дамыту.

1. Сөздің тазалығы туралы белгілі ғалымдар мен ойшылдар пікірін жинақтаңыз, өз ойыңызды білдіріңіз.

2. Тіл тазалығы туралы өз жолдастарыңыздың арасында әңгіме жүргізіп көріңіз.

СӨЖ тапсырмасы

1. Сөйлеу мәдениеті туралы не айтасыз?

2. Тіл тазалығы ұлтшылдықты білдіре ме, әлде ұлтжандылық па? Мұндай қасиет адамды рухани өсіреді дегенге келісесіз бе?

3. Тіл тазалығы туралы баяндама дайындаңыз.

ҚОСЫМША ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

ЕСЕПШІЛЕРДІ БІЛҢІЗ

1. Александр Михайлович Галаган (1879 – 1938). Еше одним из ярких представителей русской (советской) бухгалтерской мысли был ученик А. П. Рудановского, один из крупнейших специалистов по теории и практике счѣтных наук -Александр Михайлович Галаган.

2. Ирвинг Фишер (1867-1947

Американский экономист Ирвинг Фишер оставил ряд значительных работ по теории статистики, общего экономического равновесия, предельной полезности, но самый важный вклад был внесѣн им в теорию денег. Он вывел «уравнение Фишера» и «уравнение обмена».

3. В Древнем Риме учет начал вестись после **VI века до н.э.** учѣт после реформ **Сервия Туллия.** Сервий Туллий (578—535 г. до н. э.)

4. Рудановский Александр Павлович_(1863-1934)- известный бухгалтер, научный автор теорий бухгалтерского учета. Р Рудановский А.П. является создателем принципиально нового учения о предмете и методе бухгалтерского учета.

Свою методологию Рудановский А.П. определил как средство исследования объектов, подлежащих бухгалтерскому учету.

ЕСЕПШІ ЕСКЕЛДІ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

1. Есенкелдінің 14-15 жасар кезі екен. Нағашысы Қайып бидің қасына еріп жүргенде сол Сарыүйсін жұртын бір төре билепті. Бірде төренің қасиетті бозінгені жоғалып кетеді. Күндіз күлкісінен, түнде ұйқысынан айрылады. Ақырында ол жұртқа жар салып:

- Кімде-кім менің бозінгенімді іздеп тауып әкелсе, ат басындай алтын беремін, егер өлді деген хабар әкелсе, оның құлағына ерітіп қорғасын құямын, - дейді.

Жұрт бозінгенді әрі іздейді, бері іздейді. Ақыры жануардың үстінен шығады. Бошалап кеткен інген бір шұқырлау жерге жатып аунаған екен де, сол жерде үйелеп тұра алмай өліп қалыпты.

Түйенің өлгенін төреге қалай да хабарлау керек? Ел осының есебін таба алмай, құлағымызға қорғасын құяды-ау деп қысылады. Сөйтіп тұрғанда Есенкелді бала бозінгеннің өлгенін мен хабарлаймын, - дейді.

Жұрт дабырласып, "Сорлы баланың ажалына көрінген шығар" деп камығады. Жиеніне сенген Қайып би баланың бетінен қақпайды. Есенкелді бала төренің алдына келіп, бозінген жайынан хабар айтатынын білдереді. Төре: "құлағым сенде!" дейді. Сонда бала:

– Бозінген бошалап кеткен екен,
Ойпаң жерге шөккен екен.

Көлбей түсіп жатқан екен,
Жатқан жерде қатқан екен, -
дейді.

- Онда өлді десеңші, - дейді төре. Сонда бала:

- Қайдам, ондай сөзді бірінші рет өз аузыңыздан естіп тұрмын, - депті.

Төре өз сөзінен өзі ұсталып, бала жазадан құтылып кегіпті.

2. Есенкелді биді қартайғанда ауылдастары "есепші ата" дарекен. Олай атайтын себебі: би ауа райын күн бұрын болжап айта беретін бопты. Айтқаны дәл шығып, жаңбыр жауады деген күні жаңбыр, қар, жауады деген күні қар жауады екен. Сондай болжамдарының бірқатары мынандай:

Үркер үйден көрінсе,

Үш ай тоқсан қысың бар.

Үркер іңірде жамбасқа келсе,

Жаз шықпағанда несі бар?

Жеті қарақшыны аңғарсаң,

Жеті қараңғы түнде адаспайсын.

Сәуір болмай жауын болмас,

Жауын болмай сауын болмас.

Тышқан көп жылы –

Тоқшылық болар.

Қоян көп жылы -

Жоқшылық болар...

"Жолаушы неше түрлі болады?" дегенге Есенкелді бй мынаны айтады екен:

- Аттылы жолаушы - алғыр жолаушы: барам деген жеріне барады, алам деген жерінен алады.

- Түйелі жолаушы - киелі жолаушы: желіп жүріп жер көреді, келіп жүріп ел көреді. Бұған қоса - жағаласқанды жағасынан алдырмайды; жүгінді жолда қалдырмайды.

- Өгізді жолаушы - өлі жолаушы: не атқа жете алмайды, не есектен озып кете алмайды.

- Есекті жолаушы - есепті жолаушы.

- Жаяу жолаушы - көңілі қаяу жолаушы... - дер екен.

3. Есенкелді би алыпсатар саудагерлерді үнемі өткір тілімен, тақпақ сөзімен шенеп отырған. Бір жолы базарды аралап келе жатса, алдынан өзіне таныс саудагер шығыпты да: "Биеке, арзан сатамын, алып калыңыз" деп бір күрең атты көлденең тарта беріпті. Қараса, әлгі күрең Қайып би ауылының бестісі болып шығады. Сонда Есенкелді оған көптің көзінше:

- Саудагерде иман жоқ,

Арын сатады.

Өтірікшіде иман жоқ,

Жанын сатады деп мақалдапты да, жүріп кетіп

БАЙ МА ӘЛДЕ КЕДЕЙ МЕ?

Бірде ауқатты отбасының иесі өзінің кішкентай ұлын адамдардың қаншалықты кедей тұратынын көрсету үшін ауылға апармақ болып ниеттенді. Олар ауылдағы сіңірі шыққан бір тақыр кедейдің үйінде бір күн, бір түн болады. Үйіне қайтып оралған кезде, әкесі баласынан:

- Саяхат саған ұнады ма? – деп сұрайды ғой.
- Әке, бұл бір керемет саяхат балды!
- Сен адамдардың қаншалықты кедей тұратынын көзіңмен көрдің ғой?
- Иә.
- Осыдан не түйдің?
- Сонда ұлы:
- Біздің үйде бір ит бар, ал оларда төртеу екен. Біздің бақшаның ортасында бассейн бар, ал оларда шеті көрінетін арық бар. Біз бақшамызды шаммен жарықтандырамыз, ал оларға көктен жұлдыздар жымыңдайды. Біздің үйдің артқы ауласында патио, ал оларда кең көкжиек бар, - депті.
- Баласының жауабынан кейін әкесінің үні өшті.

- Бұл адамдардың қаншалықты бай екенін көрсеткеніңе рақмет, әке. Өмірде бәрі өзінді қоршаған әлемге қандай көзқараспен қарауыңа байланысты екен. Достарың мен отбасыңның ортасында сүйіспеншілікке бөленіп, денсаулығың болып, көңіл күйің көтеріңкі, өмірге деген көзқарасыңыз оң болса, барлығына да қол жеткізуге болады, бірақ жан дүниенің рухани байлықтан ада болса, онда сізде ештеңе де болмағаны! – дегенді де ұлы қосып қойды.

ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ! !!

Есте нені сақтап, нені сақтамау керек

Бір адам данышпаннан:

– Есте нені сақтап, нені сақтамау керек? – деп сұрапты.

Данышпан:

– Егер біреу саған жақсылық еткен болса, есінде сақта, ал егер өзің біреуге жақсылық еткен болсаң, оны ұмыт, – деген екен.

Жамандықтың үлкені – пайдакүнемдік. Пайда қуған адам шышыл да, принципшіл де, ержүрек те, өз парызына адал да бола алмайды.

*В.А.Сухомлинский
А.Жүйнеки*

Сараң дүниенің малын жиса да тоймайды.

Сараңдық күш алса, қуаныш азаяды.

Ж. Баласағұни

Пайдакүнемдік адамды ең аяулы сезімдерден – Отанға деген сүйіспеншіліктен, отбасына, ізгілік пен тазалыққа деген сүйіспеншіліктен ада қылады.

Г.Саллюсти

Егер де, есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір рет, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір мәрте өзіңнен есеп ал.

Абай, 15- қара сөз

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтан етпеу – сатқындық.

Бауыржан Момышұлы

Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен сыйлаудан басталады.

Г.Гегель

Байлық – қанағат пен еңбекте.

Ы.Алтынсарин

Заңмен басқарсаң, жазамен жасқасаң халық тітіреп тұрады, бірақ ұятын ұмытады. Кісілік жөнімен басқарсаң, халық елбіреп тұрады, һәм арын сақтайды.

Кон-фу-цзы

Басқаруға кедергі келтіретін қағида:

- принципсіз саясат (ұстаным);
- еңбексіз табылған байлық,
- мінез-құлықсыз білім,
- санасыз сайраңдау.

Махатма Ганди

Басқару ұстанымдары: ептілік, шыдамдылық, төзімділік.

Дала ойшылдары

Басқарудың негізгісі – адамгершілікке сүйеніп басқару.

Аристотель

Басқаруда ар мен ұятты жақсылық пен жамандықты ажырата білу керек. Мемлекет пен жеке адамның игілігі, бақыты, дамып жетілуі, басқарудағы мінез-құлқын дұрыс ұстауға байланысты. Басшы адам:

- дана болуы керек,
- белгіленген заңдар мен ережелерді жадында сақтауы керек,
- зерек және тапқыр болуы керек,
- заңдарды орындауда адамдарды сөзбен бағыттауы керек

Әл-Фараби

Ақылды бек басшысы - елдің шырағы, қылыш жұмсау – білімсіздің қылығы.

Жүсіп Баласағұн (ҚБ, 220-бәйіт)

Ақылды басшың болса, адаспайсың.

Мақал

СӘЙКЕСТЕНДІРҢІЗ

1. Если шестеро врозь,
лежащее во рту теряют;
если четверо заодно,
улетевшее в небо достают.

Екеу болсаң, бір-біріңмен
ақылдас,

2. Один дружит , ценя тебя,
другой – ценя твои деньги.

Жалғыз болсаң, өз-өзіңмен
ақылдас

3. Родни много, а мать – одна.

Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

4. Семь раз отмерь;

Один раз отрежь.

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса , төбедегі
келеді.

5. Если вас двое, посоветуйтесь
друг с другом;

Если ты один, посоветуйся
еще раз сам с собой.

Біреу малыңа жолдас,
Біреу жаныңа жолдас.

6. Первое из искусств – слово.

7. Доброе слово – половина

Туысқан көп,
ал анаң – біреу.

Жақсы сөз – жарым ырыс.

Өнердің төресі – сөз.

счастья

МӘНЕРЛЕП ОҚЫП ҮЙРЕНІҢІЗ!!!!!!

БӘСЕКЕ

Өмірдің өзі бәсекеден тұрады. Дұрыс өмір сүру үшін күрес те – бәсеке. Қоғамның дамуы үшін де бәсеке керек. Кеңес дәуірі кезеңінде тек мемлекеттік меншік болған. Ал бір ғана меншік болған жерде бәсеке болмайды

Өндірісте, кәсіпорында т.б. жерлерде өзара бәсекелестік болса, оның өнім шығаруында ынталылық пайда болады да, оның сапасы да жоғарылайды. Кейде бәсекелес компаниялар немесе белгілі бір топтар бірлесіп, өз өнімдерін әрі сапалы, әрі сұранысқа қарай мол шығаруы мүмкін. Сөйтіп, өз бәсекелестерінің алдына шығады. Яғни бәсекелестік кезеңінде әрі жарыса, әрі бірлесе жұмыс істеуге болады. Бүгінде бірлесе жұмыс істеу қоғамның және сол қоғамның әлеуметтік дамуына зор ықпал етеді. Кәсіпорындарды және азаматтарды еңбек өнімділігін арттыруға, өндіріс шығынын азайтуға, қорлану мөлшерін ұлғайтуға, ғылыми-техникалық ілгерілеу қарқынын, экономикадағы ұйымдық және құрылымдық өзгерістерді жеделдетуге құлшындыратын сыртқы өндіргіш күш ретінде әрекет етеді. Өркениетті қоғамда бәсекенің тек әділетті түрі ғана жүзеге асырылуы қажет.

Бәсеке - белгілі бір қызмет аясында экономикалық мүдделердің қақтығысы кезінде жеке және заңи тұлғалардың бақ таласуы, жарысуы, яғни тауар өндірушілер арасында өз мүдделерін қанағаттандыру, тауарларды өндіру мен өткізудің тиімді жағдайына жету, неғұрлым жоғары пайда алу үшін болатын экономикалық мүдделердің бақталастығы.

Қазіргі нарықтық заманда түрлі қызмет көрсету сапасының әлемдік тәжірибеде бәсекелестікке төтеп беруі оның басқару орындарының білгірлігімен байланысты. Дұрыс ұйымдастырылып, біліктілікпен жұмыс істеу нәтижелі болмақ. Мұндай жағдайда нарықта қызмет көрсету сапасы әлемдік бәсекелестікте маңызды орынды иелене алады.

Біздің елімізде нарықтық заманда қызмет көрсету сапасы әлемдік тәжірибеде бәсекелестік тұрғысынан тиісті орнын алу жолында даму үстінде. Қазір дүние жүзі халықтарының түрлі кездесулерге келіп, тәуелсіз еліміздің стандартқа сай сапалы қызметіне риза болуы алдағы уақытта әлемдік тәжірибеде бәсекелестік тұрғысынан өз орнын алатынын айғақтайды.

ТӘУЕКЕЛ ТҮБІ – ЖЕЛ ҚАЙЫҚ...

Қазақ халқы ежелден-ақ «тәуекелге бару екінің бірінің қолынан келмейді, ол тек мықтының қолынан ғана келеді, тәуекелшілдік – ерекше қасиет» деген.

Тіпті «Уайым түбі – тұңғиық,

Батасың да кетесің,

Тәуекел түбі – жел қайық,

Өтесің де кетесің» деп, жастарды өжеттікке баулиды, мықты да күшті болуға үгіттейді. Тәуекелшілдік бүгінгі нарық заманында бизнес әлемінде өте қажет әрекет болып саналады. Тәуекел бизнес әлемінде басқарушы – менеджерлердің кәсіпорындағы мүмкіндіктерін анықтайтын жол болып

есептеледі. Тәуекелге бару кезінде кәсіпорын өз шаруашылығында табысқа немесе шығынға батуы да мүмкін.

Тәуекелдің негізгі себебі – адам факторы.

Әрбір тәуекелге бару кезінде іскер адам өзінің бизнес саласында тәуекелде пайдаға түсу мүмкіндіктерін есепке алуы керек. Біздің елімізде өз тәуекелшілігінің арқасында үлкен табыстарға жетіп, өз бизнесін дамытып келе жатқан іскер адамдар баршылық. Ал тәуекелшілдік – тек білімді, еңбекқор, жан-жақты ізденімпаз адамға тән қасиет

Ч.И.Амирэджиби.

ОҚЫҢЫЗ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҚАЛДАРДЫҢ МАЗМҰНЫН БІЛІП АЛЫҢЫЗ.

1. Долг со смехом приходит,
и со слезами уходит.
2. Выйграл когда купил, продал – как будто проглотил.
3. Легкая нажива к хорошему не приведет.
4. Лишний доход – на голову много забот.
5. У дешевого товара нет качества.
6. Богач свою выгоду не упускает.
7. Без расхода не будет и дохода.
8. Чем рядом с ханом быть,
Лучше возле речки жить.
9. Без обмана нет базара
10. Делец всегда двойную выгоду имеет.
11. Легкая добыча пользу не приносит.
12. Золото ценится лишь на базаре.
13. Делаешь хорошее дело – бог благословляет.
Делаешь плохое дело – бог тебя одобряет.

МЕТКИ

1.

Главбух опаздывает с обеденного перерыва, а тут как закон подлости — шеф на мобильный звонит:

— Моргунова, что-то я не понял, а ты где?

— Я: на месте Геннадий Адольфович, ... в туалет выходила!

Шеф смотрит в окно и кричит ей:

— Моргунова, я не понял, а что это ты из туалета в двух пакетах в офис тащишь.

2. Посетитель, Охранник, Бухгалтер. Разговор по телефону:

Охр: К вам батюшка:

Бух: Дайте ему трубку:

Бух: Да, Святой Отец, что Вы хотели?

Пос: Я не батюшка, я ваш аудитор Сергей Петрович БатЮшко!!!

Бухгалтерия плакала.

3. Метки: бухгалтер

- Ребята соседский гараж вскрыли, а Петька мой, всю вину на себя взять хочет!!
- Слушай, а давай я твоего Петьку к себе на фирму главным бухгалтером возьму.

3. Метки: бухгалтер надгробный камень надпись

У нас бухгалтеры-экстремалы, главбух и зам - два мужика молодых, никакими проверками их не испугать. К новому году они решили послать презент в налоговую, что ли... Отправили курьера с коробкой и написали ему на стикере на коробке, чтоб не спутал - "толстой тетке у окна".
А тот забыл отклеить эту бумажку)

ОҚЫҢЫЗ , ҚЫЗЫҚ!

Әлемдегі ең қызық салық түрлері Біз өмір сүріп отырған әлем түрлі қызық пен мәселелерден тұрады. Ол сонысымен қызық әрі қауіпті. Дегенмен «әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» демекші, әлемде тіпті салық түрлеріне де байланысты қызықтар бар.

Байлық үшін салық. Франция Франция елінің Ата заңына сәйкес кімде-кім 1 млн. еуродан артық қаржы тапса ол мемлекетке міндетті түрде салық төлейтін болады. Естеріңізге салайық, осы салықтан қашу үшін белгілі актер Жерар Депарьде Ресей елінің азаматтығын алған болатын.

Әлемдегі ең жаман салық. Пәкістан Аталған салық адамзат тарихындағы ең жауыз әрі жаман салық болып тіркелген. Оған себеп билік жыл сайын салық ретінде адамның басын талап етіп отырған.

Еврей болғаныңыз үшін салық төлейсіз. Ежелгі Рим жерінде келбетіңіз еврей халқына келетін болса міндетті түрде салық төлейсіз.

Ауаға да салық бар. Византия Ақылға қонымсыз болса да бұл шындық. Себебі Византия билігі халыққа бұл салықты түсіндіру жұмыстарын былай жүргізген: «ауа әркімге тәуелді. Әркімнің жеке ауасы бар. Сондықтан ауаны лаптамау үшін салық төлеу керек» деп шешкен.

Күлкілі болса да бұл салық бар. Торғайлар үшін салынған салық. Германия 16 ғасырда немістің Вюртемберг қаласында үлкен дау туды. Халық арасында торғайлардың кесірінен ұйықтай алмай жүрген жұрт оларды қыру туралы көтеріліске шығады. Ал билік мұны пайдаланып, әрбір өлтірген торғай үшін сол қаланың халқына салық төлеткен.

Терезе үшін салық. Голландия, Ұлыбритания Аталған елдерде орта ғасыр шенінде осындай салық салынған. Үйіңіздің терезесі үлкен әрі көп болған сайын сізге салық мөлшері көп түсіп отырған. Сондықтан екі елдің халқы 1850 жылдарға дейін үйлерін терезесіз салып келген.

Сағат үшін салынған салық. Ұлыбритания Ұлыбритания елінде 1797 жылы осындай салық түрі пайда болды. Аталған салық бір жылдан кейін алынып тасталған.

Көлеңкеге де салық бар. Италия Адамды мазақ қылатын бұл салық түрі Италияда 1993 жылдары салынған. Яғни дүкен алдындағы немесе түрлі сөрелердегі тұрған заттардан жерге көлеңке түссе, көлеңкенің түсу бағытына қарай салық төлейтін болғансыз.

Күн үшін салық төлеу. Испания Испанияның демалуға арналған жағалауларында осындай салық түрі бар. Бұл әсіресе Ресейден демалуға келетін шет ел азаматтарына бағытталып жасалған салық түрі. Олар әрбір күні күнге қыздырылғаны үшін салық төлейтін болған.

АҚША ЖИНАУДЫҢ 8 ТӘСІЛІ

1. Қай жерде ақша туралы әңгіме қозғалса да Сіз ақшаны жамандамаңыз. Бұл Сіздің өмірлік салт-дәстүр, дағдыңызға айналсын. «Ақшам жоқ, ақша жетпейді» деп ешқашанда айтпаңыз. Олай десеңіз, Сізден ақша қашады. Керісінше, Сіз «Мені ақша жақсы көреді», «Күннен – күнге менің қаражатым көбейіп, табысым артып келеді» деген сөзді жиі-жиі айтыңыз, олай деуге қымсынбаңыз, қорықпаңыз.

2. Ақша жинаңыз. Тек ақшаны тойға, жақсылыққа, оқуға, жаңа дүние сатып алуға, саяхатқа шығуға, жақсы демалуға жинайтын болыңыз. Ақшаны «қара күнге» деп жинамаңыз.

3. Ақша жинауда, оны ұсатып жұмсауда бай адамдардың психологиясын зерттеңіз, соларға еліктеңіз. Өзіңізді бай адамның орнындамын деп есептеңіз. Қоғамдық көлікпен жүрсеңіз «Мен мұны қарапайым адамдардың тыныс-тіршілігін білу үшін уақытша мініп жүрмін» деген ойда болыңыз. Өзіңіздің бұл ісіңізді баюға психологиялық тұрғыда дайындалу деп түсініп, күнделікті өмірде ұсақ-түйектерге көп көңіл бөлмеңіз.

4. Ақшаны адал жолмен қалай тапсаңыз, оған да солай адал болыңыз. Ұлық Пайғамбарымыздың (*Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын*) хадистерінде айтылғанындай, біреуге артық ақша бермеуді, біреуден артық ақша алмауды қадағалаңыз. Сатушы жаңылысып, Сізге артық ақша қайтарса, немесе бір затыңызды сатып алушы құнынан артық ақша ұсынса, оны қайтарып беріңіз. Қиянат жасағанды ақша ұнатпайды.

5. Ешқашан тың ойлардан, жаңа қадамдардан, жаңалықтардан, жақсы істерден бас тартпаңыз. Олар Сізді жаңа табыстарға жетелейді.

6. Ақша – үлкен қуат көзі болғандықтан, әрі ұқыптылықты жақсы көретіндіктен ең бірінші жақсы әмиян таңдап алыңыз. Сосын оған әр тиынды

дұрыстап тұрып салыңыз, әмияныңызды сыртынан сипап, оған жылы сөздер айтыңыз, ақшаның еркелеткенді жақсы көретінін естен шығармаңыз.

7. Маңдайға біткен дәулет үшін өтем төлеу жақсы. Байлықты сақтап қалу үшін қайырымдылық шараларына мол шығын шығарып, жаманшылықтың алдын алады, мешіт, медресе, аурухананы өз қаржысымен салдырып, халыққа сыйға тарту – бұрыннан жалғасып келе жатқан сауапты іс. Тек оны атын шығару үшін жасамау қажет.

8. Ақша өзінді жақсы көруі үшін алдымен Сіз ақшаны жақсы көріңіз. Алайда ақшаны ар-ұяттан, ұлттық мақсат-мүддеден жоғары қоймаңыз. Жетпей, таусылып, қарызға батып қалған кезде ғана ақшаны ойламай, оны әрдайым байлық ретінде жақсы көріп, оның молаятынына кәміл сеніңіз. Ақша жолы болмайтын, өзіне-өзінің сенімі жоқ адамдардан қашады. «Маған сондай жалақы, сондай ақша жетеді», — деп, ақшаға шектеу қойып, өзіңіздің табыс көзіңізді жауып тастамаңыз. Табысыңыз өз қажеттілігіңізден артылып жатса, қайырымдылық жасаңыз. Ақша қайырымдылықты жақсы көреді. *(А.Үсейінова)*

АҚША САҚТАУДА ЫРЫМҒА СЕНГЕННІҢ ӘБЕСТІГІ ЖОҚ

Ақшаға қатысты қай ұлттың ырым-тыйымдарын алып қарасаңыз да, барлығының мақсаты бір ғана – ақшаны азайту емес, көбейту, ақшадан тарықпай өмір сүру. Ақшаның сиқырлы күші немесе энергетикалық қасиеті бар екені соңғы кездері жиі айтылып жүр. Қолыңыздамиллион теңге тұрып, одан еш пайда көре алмауыңыз мүмкін, керісінше, 10 мың теңге бүкіл байлықтың негізі болатын кездер де кездесіп жатады.

- Үйдегі айнаны есікке қаратып ілмеу керек;
- Қалтасы тесік, түймесі түскен киімнің қалтасына ақша сақтамаған жөн. Себебі ақша үзілген түймені, тесілген қалтаны жақтырмайды;
- Өз пайдасына шешілген істен үнемі тиын-тебен сақтап қоюды әдетке айналдырған жөн;
- Ас үйде, есіктің аузында тұрып ақша санауды әдетке айналдырмаған дұрыс;
- Ақша тазалықты ұнатады. Сондықтан ақша сақтайтын әмияныңыз таза, жыртық-тесіктен ада болғаны дұрыс. Егер әмияныңызда ақша бей-берекет орналасып, тиын-тебендер шашыла беретін болса, онда сізге ақша құтамайды деп түсініңіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдірахманова Қ.Ж.. Қазақ тілі. Оқулық. «Жазушы» 2010 ж.
2. Бектаев Қ. Үлкен қазақша-орысша сөздік. Алтын қазына. 2011ж.
3. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. Алматы, 2003. 136 б.
4. Смайылова А.Т. Қазақтың мақал-мәтелдері. А: «Кочевникм», 2015ж
5. Тулегенова А., М.А.Тулегенова Бизнес этикасы: Оқу құралы.- Қарағанды; ҚарМУ , 2006. -137бет.
6. Рысбаева Г.К.Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш. А. Атамұра, 2008.159б
7. Қазақ тілі. Оқу құралы.ІІ бөлім.А, «Экономика» 2010, 173б
8. Әбдірахманова Қ.Ж, Жекеева К.О, Канафина Ф.Қ. Қазақ тілі. Оқу құралы. Алматы, 2011 ж.
9. Қазақ тілі. Экономикалық жоғары оқу орындарына арналған БҮМ. Алматы: Экономика, 2011ж.
10. Оразақынова Н., Әміреев Н. «Қазақ тілі. Сөз мәдениеті». Алматы, «Мектеп». 2010 ж. <http://kk.Wikipedia.org> <http://akikatkaz.kz> Қазақ Энциклопедиясы Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс. Алматы: «Мектеп» ААҚ; 2011ж.
11. Т. Жанысбаев. «Жан жылуы», Алматы, «Нұрлы әлем», 2016. 44-45 б.
12. Аймағанбетова А. «Көпшілік алдында сөз сөйлеу мәдениетін жетілдіру» 07.07.10.2016.
12. Жанысбаев Т.. «Ғибрат», Алматы, «Мерей», 2014. 111б.
13. Мексон М.Х .,Альберт М., Хедоури Ф Основы менеджмента. Москва, «Дело», 2017ж.
14. <http://library.atu.kz/default.asp>